




Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Казахский национальный педагогический
университет имени Абая

Серия «Физико-математические науки» • «Физика-математика ғылымдары» сериясы

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК



Алматы

№ 4 (44)

2013

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

“Физика-математика ғылымдары”
сериясы № 4 (44)

Бас редактор
ҚРҰҒА академигі **Ғ.У. Уәлиев**

Редакция алқасы:

Бас ред. орынбасарлары:

п.ғ.д. Е.Ы. Бидайбеков,

ф.-м.ғ.к. М.Ж. Бекпатшаев

жауапты хатшы

п.ғ.к. Г.А. Абдулкаримова

мүшелері:

Dr.-ing. Holm Altenbach (Germany),

Dr. S.A.Hasan (Pakistan),

Dr. Yasuhide Fukumoto (Japan),

PhD.d Shuo-Hung Chang, (Taiwan),

п.ғ.д. А.Е. Абылкасымова,

ф.-м.ғ.д. М.Ә. Бектемесов,

ф.-м.ғ.д. М.А.С.Бердышев,

п.ғ.д. В.В. Гриншкун, (Ресей),

ф.-м.ғ.к. Ф.Р. Гусманова,

т.ғ.д. А.Д.Джураев (Узбекистан),

ф.-м.ғ.д. С.И. Кабанихин (Ресей),

ф.-м.ғ.д. Б.Ә. Қожамқұлов,

ф.-м.ғ.д. В.Н. Косов,

ф.-м.ғ.д. Қ.К. Коксалов,

т.ғ.д. М.К. Құлбек,

п.ғ.д. М.П. Лапчик, (Ресей),

ф.-м.ғ.д. Қ.М. Мұқашев,

ф.-м.ғ.д. С.Т. Мұхамбетжанов,

т.ғ.д. Г.Я. Пановко (Ресей),

п.ғ.д. Б.Д. Сыдықов,

ф.-м.ғ.д. Н.Ж. Такибаев,

ф.-м.ғ.д. К.Б.Тлебаев,

т.ғ.д. А.К. Тулешов,

д.ф.-м.н. З.Г. Уалиев,

ф.-м.ғ.д. Л.М. Чечин,

ф.-м.ғ.к. Е.Б. Шалбаев,

т.ғ.к. Ш.И. Хамраев

©Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2013

Қазақстан Республикасының Ақпарат

министрлігінде тіркелген

№ 4824 – Ж – 15.03.2004

(Журнал бір жылда 4 рет шығады)

2000 жылдан бастап шығады

Редакторлары: **Ф.Р. Гусманова,**

Г.А. Абдулкаримова

Компьютерлік беттеу: **Ф.Р. Гусманова**

Басуға 25.12.2013 ж. қол қойылды

Таралымы 300 дана

Көлемі 7,17 е.б.т.

Пішімі 60x84 1/8.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы,13

Абай атындағы ҚазҰПУ

“ЖШС Нұр-Принт” типографиясында
баспадан өткен

Алматы қаласы, Хамиди көшесі, 4а

**Мазмұны
Содержание**

А.Е. Абылкасымова, Г.С. Дарханбаева Саралап оқыту жағдайында оқушылардың математикалық білімін арттыру мәселелері	3
Н.Т. Ажиханов, Б.Н. Қуатбеков, С.С. Мауленов, Н.М. Жунисов Штрек типтес көпдіңді горизонталь ұңғыға сұйықтықтың сүзгіленуі кезіндегі дебитін есептеу	7
М.И. Акылбаев, Б.М. Акылбаев Исследования и анализ асимптотического закона распределения простых чисел в натуральном ряду	12
О.С. Ахметова, Р.Б. Жолдасова Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлығын қалыптастырудың әдіснамалық негіздері	15
Н.С. Баймулдина, Ә.С. Мәутбекова Оқу телеконференцияларын ұйымдастыру және жүргізу технологиялары информатикаға оқыту элементі ретінде	20
Э.А. Бакирова, Н.Р. Муналбаева Дифференциалдық тендеулер үшін үш нүктелі шеттік есепті шешудің әдістемесі	24
М.Т. Бекжігітова Анықталған интеграл және оның қолданылуы	29
К.М. Беркімбаев, Ә.Х. Сарыбаева, Б. Құрбанбеков, А.С. Баймаханова, А. Бекаева ЖОО-да «Электр және магнетизм» бөлімін оқытуды компьютерлік модельдерді қолдану әдістемесі	34
А. Биргебаев О проблеме гуманитаризации математического образования	41
А. Біргебаев Математиканың даму тарихын оқытудың болашақ мұғалімдер дайындаудағы орны	44
К. Бисембаев, Е.К. Жаменкеев Анализ движения поршня поршневого кривошипного насоса с приводом бесплотинных гидротурбин	49
Б.Ғ. Бостанов, М.С. Өскенбай, С.А. Нугманова Мектеп информатикасы курсындағы «Компьютердің архитектурасы» тақырыбын оқыту ерекшеліктері	55
С.Г. Григорьев, В.В. Гриншкун, И.М. Реморенко Подходы к интеграции средств информатизации образования: «Умная аудитория»	59
А.Қ. Ершина, А. Шақарбекқызы, А.Б. Таушаева, А. Ағымова Елімізде жел энергиясын пайдалану - электр энергиясын өндіру жолдарының бірі	68
С.Н. Жаңбыршиев, Ш.Р. Ерматов, С.Е. Алдешов, Ә.Қ. Бүркіт, Т.Қ. Беркутова Электрондық оқулықпен жұмыс – дарынды балалардың білім сапасын арттырудың негізі	74
С.Н. Жаңбыршиев, Ш.Р. Ерматов, С.Е. Алдешов, Ә.Қ. Бүркіт, Т.Қ. Беркутова Дарынды балаларды даярлайтын мектептерде оқытудың компьютерлік технологиясын қолданудың ғылыми-теориялық ерекшеліктер	81
С.А. Исаев Применение сплайн-функции в аппроксимации геометрии оболочек вращения	87
С.А. Исаев Метод Годунова в численном расчете упругих оболочек вращения с произвольным меридианом	91
Н.Б. Исакова, Д.К. Икрамбекова Об алгоритмах нахождения решения периодической краевой задачи для линейных дифференциальных уравнений с запаздывающим алгоритмом	95

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
ВЕСТНИК
серия “Физико-математические науки” № 4 (44)

Главный редактор
Академик НАН РК Г.У. Уалиев

Редакционная коллегия:
зам.главного редактора:
д.п.н. Е.Ы. Бидайбеков,
к.ф.-м.н. М.Ж. Бекпатшаев
ответ.секретарь
к.п.н. Г.А. Абдулкаримова
члены:

Dr.-ing. Holm Altenbach (Germany),
Dr. S.A.Hasan (Pakistan),
Dr. Yasuhide Fukumoto (Japan),
Phd.d Shuo-Hung Chang, (Taiwan),
д.п.н.А.Е. Абылкасымова,
д.ф.-м.н. М.А. Бектемесов,
д.ф.-м.н. А.С.Бердышев,
д.п.н. В.В. Гриншкун (Россия),
к.ф.-м.н.Ф.Р. Гусманова,
д.т.н. А.Д.Джураев (Узбекистан),
д.ф.-м.н. С.И. Кабанихин (Россия),
д.ф.-м.н.Б.А. Кожамкулов,
д.ф.-м.н. В.Н. Косов,
д. ф.-м.н.К.К. Коксалов,
д.т.н. М.К. Кулбеков,
д.п.н. М.П. Лапчик (Россия),
д.ф.-м.н. Қ.М. Мукашев,
д.ф.-м.н. С.Т. Мухамбетжанов,
д.т.н. Г.Я. Пановко (Россия),
д.п.н. Б.Д. Сыдыков,
д.ф.-м.н. Н.Ж. Такибаев,
д.ф.-м.н. К.Б. Глебаев,
д.т.н А.К. Тулешов,
д.ф.-м.н. З.Г. Уалиев,
д.ф.-м.н. Л.М. Чечин,
к.ф.-м.н. Е.Б. Шалбаев,
к.т.н. Ш.И. Хамраев

©Казахский национальный педагогический университет
им. Абая, 2013

Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан,
№ 4824 - Ж - 15.03.2004
(периодичность – 4 номера в год)
Выходит с 2000 года

Редакторы: Ф.Р. Гусманова,
Г.А. Абдулкаримова

Компьютерная верстка: Ф.Р. Гусманова

Подписано в печать 25.12.2013 г.
Формат 60x84 1/8.
Об 7,17 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз.

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13,
КазНПУ им.Абая
Отпечатано в типографии
“ТОО Нур-Принт 75”
г. Алматы, ул.Хамиди 4а

Б.А. Қадырбаева Математикалық білім берудегі инновациялық технологиялар курсының оқытудың ерекшеліктері	100
М.К. Kulbekov, T.Z. Kystaubayev, Sh.I. Khamrayev, D.M. Kulbekov About some thermodynamic effect in the diffusion solid-phase processes	103
Л.Б. Рахимжанова, П.Қ. Тазабекова Электронды оқыту жағдайында компьютерлік модельдеуді оқыту	109
А.Е. Сағымбаева, Ф.А. Лесбекова Информатикадан білімді бақылауда портфолионы қолданудың ұтымды тұстары	113
Г.А. Самигулина, А.С. Шаяхметова Қазіргі білім беруде қашықтықтан оқытудың алатын орны	117
М.А. Скиба, А.Р. Турганбаева Принципы создания системы оценки качества образования	121
Л.М. Tukenova Non-improved rate of convergence estimate in the method of fictitious domains for the ocean model	127
Л.У. Таймуратова Отрицательные эффективные массы для разных направлений	131
А.Б. Таушаева, А.Қ. Ершина, А. Шақарбекқызы Қазақстанда электр энергияның дамуы	136
А.Н. Темирбеков Численное решение уравнений Навье-Стокса в двухсвязной области с использованием условия однозначности давления	141
Г.Т. Токқұлова, Г.Б. Жунусова, Г.Ж. Ниязова, Ү.Р. Рахмет, К.М. Беркімбаев Жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық құзырлығын қалыптастыру бағыттары	147
К.З. Халықова Болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру	153
К.А. Хасеинов Нормальная разрешимость, нетеровость и фредгольмовость граничных задач	158
К.М. Шиналиев, Б.Т. Төрбек Бөлшек ретті есептеулер теориясын жоо-да арнайы курс ретінде оқытудың өзектілігі ...	162
Б.Б. Шолпанбаев, Б.Д. Сыдыков, А.Л. Карчевский Переформулировка постановки обратной задачи электроразведки с целью уменьшения времени её счёта оптимизационным методом	166

САРАЛАП ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, * -магистрант)

Бұл мақалада еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқаны, осыған орай әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мұғалімдердің тәжірибесінде енгізілуі қарастырылған. Қазіргі кезде мұғалімдердің жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – дифференциалды оқыту технологиясы (саралап оқыту). Саралап оқыту арқылы тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Статья посвящена вопросам обучения математике в условиях дифференциации. Главной задачей школы в этих условиях становится обеспечение интеллектуального развития подрастающего поколения, максимальное удовлетворение духовных потребностей развивающейся личности, а также подготовка подростков в той области, где предполагается их последующая профессиональная деятельность. Наиболее благоприятным условием для этого является осуществление профильной дифференциации обучения в старшем звене средней школы.

This article focuses on teaching mathematics in the conditions of differentiated instruction. The main task of the school under these conditions is to ensure intellectual development of the younger generation, the maximum satisfaction of spiritual needs of developing personality, as well as training of adolescents in the region where they are to be at next professional activity. The most favorable condition for this is the implementation profile differentiation learning in senior high school.

Түйін сөздер: математика, математиканы оқыту әдістемесі.

Ключевые слова: математика, методика преподавания математики.

Keywords: mathematics, methods of teaching mathematics.

Еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу барысында білім беруді реформалау жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Осыған орай әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мұғалімдердің тәжірибесінде енгізілуде.

Математика саласында бұл реформа математика пәні бойынша оқушылардың білімін арттыру жолының бірі болып табылады. Қазіргі кезде мұғалімдердің жиі қолданып жүрген технологияларының бірі – дифференциалды оқыту технологиясы (саралап оқыту). Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген. Саралап оқытуды дейгейлік және профильдік саралаудың бірлесу тұжырымдамасы дұрыс болатын сияқты. Саралаудың тыс алғанда толық болмайды. Саралап оқыту арқылы тек білім берумен шектелмей, танымдық әрекетін арттырады және ойлау қабілетін, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Дифференциалды оқыту (лат. differentia- ерекшелік, айырмашылық) оқу жоспары мен программасының жалпы білім беретін орта мектептің жоғарғы кластарына лайықтап бөлінуі. Дифференциалды оқыту нашар оқитындарды біртіндеп орташалар қатарына көтерілудің, ал қабілеті күшті оқушыларға күрделірек тапсырмалар беру арқылы, олардың ой белсенділігін мен еркін жігерлілігін арттырып отырудың тиімді жолы. Ал, жеке дара оқыту дегеніміз-тек оқушыларды бір- айрықшалайтын жеке

ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл-ең алдымен, оқушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершіл субъектісі ретінде қарау.

Бүгінгі таңда озат педагог – ғалымдар, тәжірибелі мұғалімдер ойлап тапқан сабақты түрлендіре өткізудің жаңа тәсілдері жеткілікті. Осындай технологиялардың бірі – профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы.

Оқушылардың оқыту ісіндегі дифференциалдық әдіс мұғалімнің сабақ кезіндегі жұмысының жалпы жүйесіне табиғи түрде енеді де, білім берудің басқа да әдістері және түрлері мен ойдағыдай үйлесіп – үндесіп кетеді, сөйтіп оқушылардың дербес жұмысын ұйымдастыруда мұғалімдерге, ал үйге берілген тапсырмаларды орындауда және өз бетімен әзірлену ісінде шәкірттерді зор көмек көрсетеді. Дифференциалды және жеке дара оқыту арқылы таланттылар өздерінің қабілеті мен икемдігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен айырылады, оқушылардың оқуға деген ынтасы артады, білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді, яғни оқушылардың математикалық білімі жоғарлайды.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы дегеніміз не? Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы дегеніміз - оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Деңгейлеп оқыту оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударылады.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Деңгейлеп –саралап оқыту технологиясында жұмыс міндеті 3 деңгейлік қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады.

1- деңгей: оқушылық деңгей- репродуктивтік деңгей

✓ жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, аксиома, теорема т.б.

✓ алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар;

✓ тарсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек.

2- деңгей: алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына негізделеді

✓ өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды қажет етеді;

✓ логикалық есептер, тапсырмалар, зертханалық жұмыс.

3-деңгей: тапсырмалары – эвристикалық танымдық іздену түрінде орындалатын тапсырмалар

✓ анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс тәсілдермен есептер шығару, ребустар, сөзжұмбақтар құрастыру, диаграмма салу, өлшем жасау, проблемалық жағдайларды шешу, дағды қалыптастыруға арналған сұрақтар.

4-деңгей: шығармашылық деңгей

✓ олимпиадалық тапсырмалар;

✓ өз бетімен, тақырыпқа резюме, теорема, дәлелдеудің жаңаша дүниежүзілік ғылым деңгейіндегі нұсқауларын орындау.

Деңгейлік саралап оқыту тапсырмаларының тиімділігі:

✓ оқушы деңгейлік тапсырмаларды өздері таңдайды. Егер қиын деңгейлік тапсырманы орындай алмаса, онда ол тапсырмадан жеңілірек алады;

✓ әрбір оқушы тапсырмамен қамтамасыз етіледі;

- ✓ оқушыларда бір-бірінен көшіру әдеті жоғалады, адамгершілік қасиетке, жоғары саналылыққа баулиды;
- ✓ оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, ақыл-ойын, ойлау қабілетін дамытады;
- ✓ оқушы шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыруға және ынтасын дамытудағы рөлі үлкен;
- ✓ жеке тапсырмалардың әр түрлі болуы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оны әдебиеттерден ізденіп оқуға және өз бетімен білім алуға дағдыландырады;
- ✓ тапсырмалардың деңгейлік болып берілуі оқушылардың қызығушылықты өз бетімен орындауға дағдыландырады;
- ✓ деңгейлік тапсырмалардың орындалуына қарап бағалау жеңіл болады;
- ✓ деңгейлік жеке тапсырмалар жеке тұлғаның өзіндік қалыптастырып, дамытып, оны ақпараттық қоғамдық өмірге дайындауда үлкен рөл атқарады.

Оқушылардың білімдерін нығайту жолдары. Оқушылардың білімдерін нығайту жолдары мектеп тапсырмаларына да, оқыту үрдісінің заңдылықатрына да байланысты болып келеді. Білім оқушылардың жадысында көпке дейін, нық сақталған жағдайда ғана білімдері мен дағдыларына, қабылдаған білімдеріне негізделуге болады.

Білім мен дағдылардың беріктілігі білімді одан әрі жалғастыру үшін және оқушылардың бойында ғылыми дүниетанымның қалыптасуы, қабілеттерінің дауы, тәжірибелік қызметке дайындалу үшін өте қажет.

Дүниетаным – адамдардың қоршаған ортадағы шындыққа және өздеріне, әлемге және сол әлемдегі өздерінің орнына қатысты көзқарастарының жиналған жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастармен қол жеткізген негізгі өмірлік ұстанымдары, түсініктері, идеалдары, бағыттарының, әрекеттері мен саналарының тәртіптері. Дүниетаным – қоршаған орта туралы көзқарастар мен болжамдардың барлығы емес, тек қана олардың қиырлы топтамасы. Дүниетаным қандай да бір негізгі философиялық сұрақтың шешімімен топталады. Оның субъектісі ретінде топтар мен тұлғалар танылған. Сонымен қатар, дүниетаным жеке және қоғамдық сананың ұйытқысы болып табылады. Дүниетанымды өндіру – тұлғаның ғана емес, қоғамдық, айқын әлеуметтік топтардың жетілу көрсеткіштері. Өзінің мәні бойынша дүниетаным адамзаттың пайда болғанынан бастап орын алған қоғамды-саясаттық феномен.

«Ең алдымен бұл бірнеше рет тексеріліп, дәлелденген ақиқатқа сүйенген, негізгі ізденіс тәртіптеріне қайшы келмейтін қоршаған әлемге деген қатынас. Дүниетаным дегеніміз философиялық оймен, өнермен, діни дүниетаныммен қатар адамзаттың ішкі жан дүниесінің көрсеткіші мен құрылымы. Дүниетанымның екі түрі бар: ғылыми және көкейкөзді. Дүниетанымның екі түрі де, философиялық және діни жүйе де ақиқаттың синонимдары емес» (В.И. Вернадский).

Дүниетаным негізінде әдіс жатыр. Ол қабылданған білімнің қаруы емес, бірақ қабылдаған білімді тексеретін құрал.

«Ғылыми дүниетаным құрамында барлығына міндетті болып табылатын ақиқат бар (эмпирикалық ақиқатпен бірге келетін – субъективті көзқарас пен уақытқа тәуелді болмайтын жерде)» (В.И.Вернадский).

Дидактикада білімнің беріктілігінің келесі шарттары қалыптасқан:

- ✓ білімді саналы түрде меңгеру мақсатымен белсенді қабылдау;
- ✓ білім алудың ғылыми түрі;
- ✓ білім алуда оқу материалын есте сақтау үшін шарттар құру;

Оқыту барысындағы есте сақтау механизмінің негізін қарастырайық.

Есте сақтау дегеніміз нәтижесінде ертерек алынған біліммен байланыстыру жолы арқылы жаңа білімді бекітетін жадының үрдісі.

Есте сақтау әрқашан таңдамалы болатын: индивидтің сезу органдарына өз ықпалын тигізетіннің барлығы есте сақталмайды. Ол неге байланысты екен?

Есте сақтау субъект пен объект қызметінің заңды жемісі болып табылады. Яғни, адам немен қызмет атқарса сол ғана есте сақталады. Осылайша оқу материалын есте сақтау сәттілігі тұлға қызметінің әдістерімен, мақсаттарымен, себептерімен анықталады.

Оқудағы материалды есте сақтаудың негізгі шарттарын атап өтейін:

➤ оқу материалы қызмет мазмұнының негізгі мақсатына енетін жағдайда ғана жақсы меңгеріледі. Мысалы, егер оқушы қызметінің мақсаты болып тригонометриялық фигураның құрылымын анықтау болса, онда оны есте сақтау сол фигуралардың құрылымы мұғалімге байланысты болғаннан гөрі жақсы болады.

➤ Оқу материалы сол материалмен жұмыс жасау барысында ой қабілетінің белсенді жұмысында жақсы меңгеріледі. Сондықтан жеңіл материалдан гөрі қиын материал жақсы есте қалады. Себебі, қиын мәтіннің элементтері анағұрлым мазмұнды болып келеді.

Осылайша математика пәні бойынша үлгермеуді алдын алу нақты материалды меңгеру ерекшеліктеріне байланысты. Математика бойынша оқу бағдарламасының нақты сұрақтарының әдістемелік жолмен дұрыс ұйымдастырылып меңгерілуі, әр оқушыны жұмысқа белсенді қатысуға тарту, оқушыларға көбірек көңіл бөлу олардың математика бойынша оқу бағдарламасын тереңірек меңгеруге өз септігін тигізеді. Бірақ қандай жағдайда болсын оқушыларға қатысты математика сабағында жағымда атмосфера құру қажет. Сонымен қатар, ұйымдастырылған жұмыстар математиканы меңгеруге деген жақсы қатынасты, өзіндіктілікті дамытуға ықпалын тигізу керек.

1. Әбілқасымова А.Е., Кенеш Ә.С., Кубесов А.К., Рахымбек Д. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. -Алматы, Білім, 1998-208 б.
2. Әбілқасымова А.Е. Методика преподавания математики. Учебн.пособие. –Алматы: Қазақ университеті, 1993. -86 с.
3. Кобдикова Ж.У., Деңгейлеп саралап оқыту, 2000 ж., 15 б.
4. Ахметов С., Білім берудің тиімді жолдары, 1989 ж., 254 б.
5. Занков Л., Эльконин Д., Давыдов В., Репкин В., Левин В. Дамыта отырып оқыту әдістемесі, 1989 ж., 65-98 б.
6. Якиманская Н.С. Дамыта оқыту тұжырымдамасы, 1997 ж., 36-45 б.
7. Кененбаева М.А. Бастауыш және негізгі мектепте математиканы дамыта оқытудағы сабақтастық мәселелері. Автореферат. - Астана, 2005 ж., 32 б.
8. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша бастауыш сыныптарда математика оқыту әдістемесі. - Алматы, 2005., 49 б.
9. Жақыпбекова Г.Т. Математика сабағында математикалық сауаттылықты қалыптастыру. Автореферат: Алматы. 2001.

ШТРЕК ТИПТЕС КӨПДІНДІ ГОРИЗОНТАЛЬ ҰҢҒЫҒА СҰЙЫҚТЫҚТЫҢ СҮЗГІЛЕНУІ КЕЗІНДЕГІ ДЕБИТІН ЕСЕПТЕУ

(Түркістан қ., Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ)

Жұмыста көлденең көпқабатты ортадағы сұйықтықтың штрек типтес көпдінді горизонталь ұңғыға ағысының дебитін есептеу қарастырылған. Штрек типтес горизонталь ұңғыға қабаттың өткізгіштік коэффициенттерінің әсері анықталды. Сондай-ақ штрек типтес көпдінді горизонталь ұңғы дебитіне сүзгілеу коэффициенттерінің әсері зерттелді. Горизонталь ұңғы трансверсалды изотропты ортадағы сандық шешімді жүзеге асыру үшін шекті элементтер әдісі (ШЭӘ) қолданылған.

В работе проводится анализ исследования влияния коэффициентов фильтрации к дебиту штрекообразной многоствольной горизонтальной скважины (ГС) на основе конечно-элементного моделирования. Проанализировано влияние коэффициентов проницаемости пласта к ГС типа штрека. Исследовано влияние коэффициентов фильтрации к дебиту штрекообразной многоствольной горизонтальной скважины и продуктивностью наклонного трансверсально-изотропного пласта.

The analysis of research effect of coefficients filtering to debit stack shaped multiparrelled horizontal well's (HS) based on the finite element modelling is shown. The effect of permeability coefficients for horizontal well's drift shaped has been analyzed. The effect of coefficients filtering to debit drift shaped multiparrelled HS and productivity inclined transversely isotropic formation has been investigated.

Түйін сөздер: шекті элементтер әдісі, горизонталь ұңғы, сұйықтық, сүзгілеу, дебит.

Ключевые слова: метод конечных элементов, горизонтальная скважина, жидкость, фильтрация, дебит.


Keywords: finite element method, horizontal well, liquid, filtration, debit.

Мұнай өңдеу саласында вертикалды ұңғыға қарағанда горизонталь ұңғыны қолдану экономикалық жағынан тиімді болуда. Шетелдік мұнай өңдеуші орындар горизонталь ұңғының көпдінді түрін қолданып келеді. Аталған мәселенің изотропты ортада моделдері Борисов Ю.П. [1], Economides M.J, [2] Joshi S.D. [3] т.б. еңбектерінде келтірілген. Қазіргі кезде анизотропты орта үшін горизонталь ұңғының өнімділігін аналитикалық әдістермен шешу мүмкін болмай тұр. Сондықтан сандық әдістер қолданылуы қажет.

Тау жыныстары геомеханикасы негізінде көпдінді горизонталь ұңғылар орналасу бағытына қарай штрек типтес (қатпар бойымен жүргізілген горизонталь ұңғы діңі), квершлаг типтес (штрек бағытына перпендикуляр орналасқан горизонталь ұңғы діңі), диагоналдық ұңғы (бойлық өсі штрек бағытымен кез-келген бұрыш жасайтын ұңғы) түрлеріне бөлінеді [4].

Есептің қойылуы.

Қабатқа көп дінді горизонтальды ұңғылар жүргізіліп, сұйықтық бір уақытта алына бастайды, сонымен қатар бір бағытта горизонталь ұңғылардың кез-келген арақашықтықта N діндері орналасқан (1-сурет). Көлбеу жиі қатпарлы трансропты ортада қатпарлар горизонталь жазықтыққа ϕ бұрышпен көлбеу жатсын. Діңнің жиектерінде және шекараның сыртында, яғни қоректену облысының жиегінде қысымы белгілі болсын. Горизонталь ұңғы трансверсалды изотропты ортада әр түрлі бағытта жүргізіледі. Штрек типтес ұңғы қатпар бойымен жүргізіледі



а) сүзгілеу коэффициенттері б) кеңістік в) көлденең қимасы

1- сурет. Есептеу облысының сызбасы.

Сонда $Ox_1x_2x_3$ координаталар жүйесінде $k_{ij}, (i, j = \overline{1,2})$ сүзілу коэффициенттері төмендегіше анықталады:

$$\begin{aligned}
 k_{11} &= k_{x_1} \cdot \cos^2 \varphi + k_{x_2} \cdot \sin^2 \varphi, \\
 k_{22} &= k_{x_1} \cdot \sin^2 \varphi + k_{x_2} \cdot \cos^2 \varphi, \\
 k_{12} &= \left(k_{x_2} - k_{x_1} \right) \sin \varphi \cos \varphi.
 \end{aligned} \tag{1}$$

мұндағы k_{x_1}, k_{x_2} - өткізгіштік коэффициенттері.

Штрек типтес ұңғыларда негізгі сүзілу процесі екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеумен сипатталады:

$$\beta \frac{\partial p}{\partial t} = \frac{\partial}{\partial x_1} \left(\frac{k_{11}}{\mu} \frac{\partial p}{\partial x_1} \right) + 2 \frac{\partial}{\partial x_1} \left(\frac{k_{12}}{\mu} \frac{\partial p}{\partial x_2} \right) + \frac{\partial}{\partial x_2} \left(\frac{k_{22}}{\mu} \frac{\partial p}{\partial x_2} \right) \tag{2}$$

мұндағы μ - жабысқақтық коэффициенті, $\beta = \beta^* H$, β^* - сүзгіленетін сұйықтықтың және ортаның коэффициенті, H - қабат қалыңдығы.

Қысымды есептейтін бастапқы шарт

$$p(x_1, x_2, 0) = p_0 \tag{3}$$

шекаралық шарт

$$P \Big|_{\Gamma_1} = P_1, \quad P \Big|_{\Gamma_2} = P_2, \quad P \Big|_{S_k} = P_k^*, \quad (k = \overline{1, N}) \tag{4}$$

$$\frac{\partial p}{\partial n} \Big|_{\Gamma_3} = 0, \quad \frac{\partial p}{\partial n} \Big|_{\Gamma_4} = 0 \tag{5}$$

мұндағы P_1, P_2, P_k^* - алдын-ала берілетін қысымның шекаралық мәні.

Есепті шешу алгоритмі. Қойылған (1)-(5) есебін сандық шешу үшін шекті элементтер әдісі (ШЭӘ) қолданылып өрнектерді Л.Сегирлинд [4] және т.б. еңбектерде көрсетілгендей қолданылады. Есептеу облысы шекті элементтерге бөлінген соң әрбір элемент үшін серпімді матрицасы шығарылып, құрылған теңдеу жүйесі итерациялық

Зейдель әдісімен шешілді. Ұсынылған алгоритмнің дұрыстығы [1,6] еңбекте көрсетілген.


Сандық есептеулер. Табиғи жағдайда қабаттың жоғары жағында газдың қысымы, төменгі жағында судың қысымы әсер етеді, олардың сәйкесінше шекаралық шарттары (4)-(5) келтірілген болатын. Егер қарастырылып отырған ортаның қабатын $h = h_1 + h_2$, мұндағы h_1 - горизонталь ұңғы мен жоғары қабаттың ара-қашықтығы, ал h_2 - ұңғының төменгі қабатпен ара-қашықтығы деп белгіленсе, онда изотропты ортадағы бірлік ұзындықтағы горизонталь ұңғының дебитін төмендегіше анықтауға болады [1].

$$q = \frac{2\pi \frac{k}{\mu} \left[\frac{h_1}{h} P_1 + \frac{h_2}{h} P_2 - P_c \right]}{\frac{\pi h_1 h_2}{\sigma h} + \ln \frac{\sigma}{\pi r_c}}$$

мұндағы σ - қабаттың ұзындығы, k , μ - өткізгіштік және жабысқақтық коэффициенттері, P_c - ұңғыдағы қысым.

Ал көп діңді горизонталь ұңғы дебиті үшін сандық мәні [7] ұсынған есептеу схемасына сәйкес жүргізіледі. Төменгі кестеде сандық шешімдердің салыстырмалы мәндері келтірілді.


Алдын-ала берілген параметрлері бойынша есептеу облысын шекті элементтерге жоғары деңгейлі бағдарламалау ортасында автоматты түрде бөлудің ішкі бағдарламасы құрылған. Оның көмегімен есептеу облысы ұңғының діндерінің өлшеміне сәйкес үшбұрышты элементтерге бөлінген (2-сурет).



2- сурет. Есептеу облысын үшбұрышты элементтерге бөлу

Берілген кешенде шекті элементтердің қасиеттері ескеріледі, соның негізінде сызықты алгебралық теңдеулер жүйесі құрылады. Бұл теңдеулер жүйесінің реті бөлінген есептеу облысында Түйінді нүктелердің санына байланысты анықталады. Есептеу облысын шекті элементтерге бөлу жолдары Түйінді нүктелер санын арттыру арқылы автоматты түрде жүзеге асады.

Алынған нәтижелерді ескере отырып, көпдіңді горизонталь ұңғының әсерінен болатын қысымның түрі (3-суретте) сипатталған.




3- Сурет. Қысымның транстропты ортадағы өзгеруі

Көпдiндi горизонталь ұңғының қысымын, дебитiн анықтауда сүзiлену изотропия жазықтығының көлбеу φ бұрышының әсерлерiн ШЭӘ-мен есептеу алгоритмдерi жүйелi түрде қолданыс тапқан. Қысымға қатысты ГҰ (т/тәу) дебитi өзгеруi 1-кестеде көрсетiлген.

1 Кесте. Қысымға қатысты ГҰ дебитiнiң өзгеруi

k_{11}/k_{22}	φ $\rho_1 - \rho_2$	0	30°	45°	60°	90°
0,5	1	7,871	6,779	5,918	5,241	4,727
	1,5	12,135	10,485	9,108	7,946	6,975
	2	16,399	14,192	12,298	10,650	9,223
	5	41,982	36,432	31,437	26,879	22,711
	10	84,622	73,499	63,335	53,926	45,192
1	1	7,891	7,891	7,891	7,891	7,891
	1,5	12,144	12,144	12,144	12,144	12,144
	2	16,397	16,397	16,397	16,397	16,397
	5	41,916	41,916	41,916	41,916	41,916
	10	84,447	84,447	84,447	84,447	84,447
5	1	16,901	12,723	13,578	19,959	44,728
	1,5	22,612	21,735	25,686	35,571	67,027
	2	28,322	30,748	37,794	51,183	89,237
	5	62,585	84,823	110,443	144,855	223,124
	10	119,690	174,949	231,523	300,975	446,119



4- Сурет. $\frac{k_{11}}{k_{22}} = 0.5$ кездегі дебиттің өзгеруі.

1 кестеден өткізгіштік коэффициенті $\frac{k_{11}}{k_{22}} = 0.5$ және $\frac{k_{11}}{k_{22}} = 5$ жағдайында қысым артқан кезде ГҰ дебиті де артатынын көреміз. Ал, $\frac{k_{11}}{k_{22}} = 1$ жағдайда изотропты ортаны береді.

Сондай-ақ қабат қалыңдығы $H=20$ м, бұрыш 0^0 -та дебит ең төменгі, ал қабат қалыңдығы $H=100$ м, бұрыш 90^0 -та дебит жоғары мәнге ие болатынын көреміз.

Сонымен, алынған нәтиже арқылы көлденең көпқабатты ортадағы сұйықтықтың штрек типтес көпдіңді горизонталь ұңғыға ағысының дебиті есептелінді. Ол қабаттағы ұңғы өнімділігіне әсері зерттелді.

1. Борисов Ю.П., Пилатовский В.П., Табаков В.П. Разработка нефтяных месторождений горизонтальными и многозабойными скважинами. -М.: Недра, 1964. - 154 с.
2. Economides M.J. Hill A.D., Ehlig-Economides C.A. Petroleum Production Systems. – Engle Wood Cliffs. PTR Prentice Hall, 1994. - 611 p.
3. Joshi S.D. Horizontal well technology: Penn Well. Tulsa.ok.1991.
4. Сегерлинд Л. Применение метода конечных элементов. -М.: Недра, 1987. - 221 с.
5. Ажиханов Н.Т. Моделирование фильтрации нефти к разноориентированной горизонтальной скважине в мелкослоистом наклонном пласте, Матем. моделирование, 23:2 (2011), 107–117 с.
6. Фадеев А.Б. Метод конечных элементов в гидромеханике. –М.: Недра, 1987. – 221 с.

ИССЛЕДОВАНИЯ И АНАЛИЗ АСИМПТОТИЧЕСКОГО ЗАКОНА РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ПРОСТЫХ ЧИСЕЛ В НАТУРАЛЬНОМ РЯДУ

(г. Шымкент, Казахский инженерно – педагогический университет Дружбы Народов,
г. Алматы, КазНПУ им. Абая,* - магистрант)

Бұл мақалада бұрынғы техникалық әдебиеттерде мәлім $Es(x)$ және $Li(x)$ нәтижелері салыстырмалы түрде кесте бойынша көрсетілген. Біз жай сандар санын анықтайтын формуланы жақсартуға негіз бар деп есептейміз. Бұл жерде қалдық мүшенің қателік шамасы бүгінгі күнгі талаптарға сай қанағаттанарлықсыз.

В статье приведены сравнительные таблицы результатов $Es(x)$ с результатами $Li(x)$, ранее уже известные в технической литературе. Мы предполагаем, что есть основания для улучшения формулы количества простых чисел, где величина погрешности, остаточного члена, является не удовлетворительной, согласно требованиям сегодняшнего дня.

In article comparative tables results $Es(x)$ with results $Li(x)$, earlier already known in the technical literature are resulted. We assume that there are bases, improvements of the formula of quantity of simple numbers where the size of an error, a residual member, is not satisfactory, according to requirements of today.

Түйін сөздер: жай сан, Дзета-функция, асимптотикалық заң, натурал қатар, интегралды логарифм, қателік, күтілетін нәтиже, минимал шама, графикалық кескіндеу.

Ключевые слова: простое число, Дзета-функция, асимптотический закон, натуральный ряд, интегральный логарифм, погрешность, ожидаемый результат, минимальная величина, графическое изображение.

Keywords: simple number, dzeta-function, acimptetic law, a natural number, an integrated logarithm, an error, expected result, the minimum size, a graphic representation.

Мировая научная общественность считает, что решение проблемы простых чисел и гипотезы Римана о нулях дзета-функции, тесно связанной с простыми числами, являются наиболее приоритетными задачами современной науки [1]. Так, Давид Гильберт, выступавший на 2-ом Международном Парижском математическом конгрессе в 1900 году и подводя итоги развития науки, и рассматривая планы на будущее, включил под N8 - проблему простых чисел в список 23 проблем, которые подлежат решению науки в новом столетии и смогут продвинуть науку далеко вперед.

Многие из этих 23 проблем из вышеназванных были решены. Но ни проблема простых чисел, ни гипотеза Римана о нулях дзета-функции за прошедшие 100 лет не были решены. В 2000 году Американский Институт им. Клея включил гипотезу Римана в список 7 задач тысячелетия [2].

Гипотеза Римана тесно связана с проблемой распределения простых чисел в натуральном ряду. До сих пор не установлена простая закономерность распределения простых чисел, нет эффективного гарантированного метода определения (критерия) простоты числа, нет удовлетворительной формулы количества простых чисел, и вообще, сумма знаний о свойствах, признаках, характере поведения простых чисел, является очень скудной, и поэтому нет полной картины этого явления. Это связано в первую очередь с их исключительной сложностью [3].

На сегодняшний день, доказан асимптотический закон распределения простых чисел в общем виде и есть формула количества простых чисел до определенного числа x :

$$\pi(x) = Li(x) + R(x);$$

где: $\pi(x)$ - действительное количество простых чисел;

$$Li(x) = \int_2^x \frac{1}{\ln t} dt; - \text{«интегральный логарифм»};$$

$R(x)$ -добавочный член, или «погрешность» вычисления, который очень велик и является неудовлетворительной величиной.

У нас есть некоторые результаты в вычислении количества простых чисел $Es(x)$, до определенного числа x по разработанной методике инженера-механика Уштенова Е.Р. (авторское свидетельство N636 от 22.05.2012г.). Сравнительную таблицу результатов $Es(x)$ с результатами $Li(x)$, ранее известных в технической литературе, разработана нами и предлагается вашему вниманию (Табл.1).

Таблица 1

X	$\pi(x)$	$Li(x)$	$R(x)$	$Es(x)$	$r(x)$	$n(R(x))$	$n(r(x))$
1 000	168	178	+10	169	+1	0,333333	0,00000001
1 0000	1 229	1 246	+17	1 226	-3	0,307612	0,119280
50 000	5 133	5 167	+34	5 135	+2	0,325918	0,064062
100 000	9 592	9 630	+38	9 595	+3	0,311595	0,095424
500 000	41 538	41 606	+68	41 557	+19	0,321550	0,224383
1 000 000	78 498	78 628	+130	78 553	+55	0,352323	0,290060
2 000 000	148 933	149 055	+122	148 940	+7	0,331114	0,134120
5 000 000	348 513	348 638	+125	348 432	-81	0,313019	0,284892
10 000 000	664 579	664 918	+339	664 588	+9	0,361457	0,136320

где: x - интервал от 0 до определяемого числа x ;

$\pi(x)$ - действительное количество простых чисел;

$$Li(x) = \int_2^x \frac{1}{\ln t} dt - \text{«интегральный» логарифм по которому вычисляется}$$

количество простых чисел;

$R(x)$ – погрешность расчета количества простых чисел в формуле $\pi(x) = Li(x) + R(x)$,

$Es(x)$ - количество простых чисел, определяемое по методике Уштенова Е.Р.;

$r(x)$ – погрешность расчета количества простых чисел по методике Уштенова Е.Р.

$\pi(x) = Es(x) + r(x)$,

$n(R(x))$ – степень погрешности $R(x) = x$

$n(r(x))$ – степень погрешности $r(x) = x$

Прошу обратить ваше внимание, что даже сам процесс вычисления количества простых чисел, по методике Уштенова Е.Р. $Es(x)$ предпочтительнее, чем вычисление $Li(x)$. Формула $Es(x)$ предполагает всего 20-30 операций, по вычислению количества простых чисел и не зависит от количества цифр до вычисляемого числа x , в то время как вычисление $Li(x)$ предполагает многооперационный вычислительный процесс и количество операций растет вместе с числом x .

Ожидаемый результат - точная и финитная картина распределения простых чисел в натуральном ряду, уменьшение остаточного члена $R(x)$, известного на сегодняшний день как:

(А.Л.Карацуба, 1984г.) до $R(x) \leq x^{\frac{27}{82}}$ гарантированной минимальной величины.

Ниже приведены рисунки 1 и 2, на которых отображены графические изображения количества простых чисел $\pi(x)$, $Li(x)$, $x/\ln x$. Красной линией (серединная

линия) на Рис 2. показано графическое изображение количества простых чисел, полученное по методике $Es(x)$.




Рисунок 1- Количества простых чисел $\pi(x)$, $Li(x)$, $x/\ln x$




Рисунок 2 - Количества простых чисел, полученное по методике $Es(x)$

Мы предполагаем, что есть основания улучшения формулы количества простых чисел, где величина остаточного члена $R(x)$ ($n=0.329268\dots$ Карацуба А.Л.) является не удовлетворительной требованиям сегодняшнего дня. Так как, не доказана величина $R(x)$, отвечающая требованиям гарантированно минимальной величины, а на эту реальность, показывают вычисления $n(r(x))$ по методике $Es(x)$ (см. табл.1), есть предпосылки для улучшения оценки $R(x)$ и главного члена $Li(x)$. Эта работа является на сегодняшний день актуальной, так как полное решение проблемы простых чисел повлечет за собой решение гипотезы Римана [4]. Ведь один из способов решения

гипотезы Римана – через простые числа. На основании вышеизложенного, считаем, востребованной работу по исследованию и улучшению основного закона простых чисел – асимптотического закона распределения простых чисел в натуральном ряду и связанного с ним формулы количества простых чисел $\pi(x) = Li(x) + R(x)$.

1. Хуа Ло-ген. Метод тригонометрических сумм и его применения в теории чисел. Перевод с немецкого А.М. Полосуева. Под. Ред. Н.Г. Чудакова, М., изд-во «Мир», 1964. стр. 52-57
2. Крэндалл Р., Померанс К. Простые числа: Криптографические и вычислительные аспекты. Пер. С англ. 2011. стр. 31-36
3. Серпинский В. Что мы знаем и чего не знаем о простых числах Гос Издат Физико-математической литературы Москва-Ленинград 1963, стр 48, 77.
4. Виноградов И.М. Основы теории чисел М. Ижевск; РХД, 2003г. 176с, стр. 13.

ӘОЖ 378.013.018.43(574)

О.С. Ахметова, Р.Б. Жолдасова*

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БОЙЫНША ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ, *- магистрант)*

Мақалада қашықтықтан оқытудың тиімді жақтары қарастырылған. Атап айтқанда жоғарғы оқу орындарында, колледж, мектептерде оқу бағдарламасы бойынша қашықтықтан білім алудың мәні анықталған. Сонымен қатар электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірейінше кез келген саланың алға басуы мүмкін еместігі нақтыланған.

В статье рассмотрена эффективность дистанционного обучения. Уточнена цель дистанционного обучения по образовательным программам вузов, колледжей и средних школ. А так же уточнена невозможность развития любой сферы без внедрения электронных учебников, видеофильмов и других электронных печатных изданиях через спутниковый канал дистанционного обучения.

Efficiency of the controlled from distance educating is considered in this article. The aim of the controlled from distance educating is specified on the educational programs of Institutions of higher learning, colleges and high schools. And impossibility of development of any sphere is similarly specified without introduction of electronic textbooks, video films et al electronic printed edition through the satellite channel of the controlled from distance educating.

Соңғы жылдарда Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып, оқу мен білім технологиясы қаржы қорының байыбына жетіп түсінудің, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналып отыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім

алуларына жағдай туғызу болмақ. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату қурысы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады [1].

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қазіргі кезде компьютерлік дамудың кең қолданысқа алынуына байланысты, қашықтықтан білім алу үшін Интернетті пайдаланып қашықтықтан оқыту жүйелерінде оқытушылар мен тыңдаушылардың бір арнада жұмыс атқаруы бастапқы мақсат. Осы мәселеге байланысты қашықтықтан оқыту жүйесінде атқаратын іс-шараларды білуіміз шарт.

Қашықтықтан оқыту – информациялық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ара-қашықтықтағы немесе жартылай ара-қашықтықтағы оқытушы мен оқушының арасындағы қарым-қатынас деп түсінуге болады. Қашықтықтан оқытудың жаңа технологиялық бірлестігі дәстүрлік оқумен салыстырғанда, артықшылығы өте көп. Солардың ішінде:

- Әрбір студент өзіне толық комплектілі оқулықтарын алады. Оның құрамына әдістемелік оқу комплекстері кіреді.
- Қашықтықтан оқыту сынақтары мен емтихандары компьютерлік тест-тендіру арқылы тапсырылады.
- Қашықтықтан оқуда студент Алматы қаласына келмей-ақ, өз жұмыс орнында отырып оқуына болады. Сыртқы бөлімдегі студенттерге жылына екі рет қалаға келу міндетті.
- Қашықтықтан оқыту өзінің сапалық жағынан, студентке тура жеткізу мақсатында, жақсы әдістемелік электронды оқулықтар қамтамасыз ету және ақпараттық технологияларды кең пайдаланудың арқасында күндізгі бөліммен бәсекелесе алады.
- Интернет-ресурстарын, электрондық поштаны, Интернет-сабақ пен дайындық сабақтарына арналған программалық қамтамасыздығын, электрондық мультимедия оқулықтарын және де көптеген басқа да жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – студентті ақпараттық ортаға алып келеді.

Қашықтан оқыту жеке дара оқыту негізінде жүреді: білім алушы оқытудың түрін өзі таңдайды, жеке сабақтарды қайталап оқуы мүмкін, кейбір бөлімдерді тастап кету

мүмкін және т.б. Оқытудың бұл жүйесі студенттің өз бетінше жұмыс жасауын және өздігінен білім алу біліктерін дамытады.

Қашықтан оқыту- бұл белгілі бір қашықтықта оқыту, яғни оқытушы мен оқушы бір-бірінен кеңістікпен алшақтатылған және оқу үрдісінің барлығы немесе оның басым бөлігін қазіргі ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады.

Қашықтан білім беру технологиясы білім алудың перспективті тәсілі болып табылады. Қашықтан білім берудің тиімді жүйесін жасау халықтың басым бөлігі үшін сапалы білімге қол жетімділікті арттырады, мүмкіншілігі шектеулі адамдар үшін білім алу проблемасын шешуге және күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алу мүмкіншілігі жоқ аймақтар халқын анағұрлым толық қамтуға көмектеседі.

Қашықтықтан оқыту оқытудың формасы ретінде де, қашықтықтағы техникалық білім берудің аймақтық орталықтар, технологиялар құралдарының көмегімен сырттай-қашықтықтағы факультеттер, қашықтықтан оқытудың желілік технологиялары негізінде білім беру бағдарламаларын енгізу тәсілдері ретінде де қарастырылғанын көрсетті.

Елімізде қашықтықтан оқытудың эксперименттік ұйымдастырылуы жоғары оқу орындарының ақпараттық-білім беру орталарын жасау әдіснамасын анықтауға мүмкіндік берді.

Қашықтықтан оқыту бойынша жоғары оқу орындарының қызметтерін оқып-үйрену нәтижесі Қазақстанда қашықтықтан оқытуды дамыту үшін:

- қашықтықтан оқыту саласында мамандарды даярлаудың бірыңғай әдістемесін;
- жоғары оқу орнының алдыңғы қатарлы оқытушыларынан жасақталған педагогикалық құраманы қамтамасыз ету;
- контингентті есепке алудың бірыңғай жүйесін және білім беру үдерісін басқару;
- оқу үдерісінің бірыңғай техникалық және әдістемелік қорын;
- электрондық түрде (медиаотека) ақпараттардың көздерін қамтитын виртуалды кітапхананың бірыңғай каталогын;
- оқытушылардың біліктіліктерін арттырудың және аттестациялаудың жалпы жүйесін;
- электрондық пошта және бейнеконференция құралдарының жалпы университеттік жүйесін қамти отырып, оқу үдерісін жүргізудің әдістемелік құралдарының барлық пакеттеріне қатынаудың тең мүмкіндігін;
- жоғары оқу орнының қызметіне қызығушылық танытқан мекемелер мен ұйымдардың (салалық, аймақтық және т.б. ұстанымдар бойынша) мамандарының біліктілігін арттыру және оларды кәсіби қайта даярлаудың жалпы жүйесін жасау қажет екендігін көрсетті.

Қазіргі педагогика адамзаттың мұқтаждықтарына жауап беретін білім беру мақсаттарына сәйкес қоғамды қайта құру мен прогрессивті дамудың әлеуметтік роліне көңіл бөледі. Сондықтан орта білімді ақпараттандыру үрдісі және сонымен байланысты оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы білім берудің жаңа мазмұнына едәуір әсерін тигізді. Орта білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттарының бірі және неғұрлым оңтайлы тәсілі ретінде қашықтан оқытуды ұйымдастыруды кеңінен енгізу ұсынылып отыр. Күндізгі оқумен салыстырғанда қашықтан оқыту болашақ 12 жылдық мектеп үшін елеулі білімділік мәні бар бірқатар қосымша мүмкіндіктерге ие. Оқытудың бұл формасы оқуға түрткіні дамыту үшін оңтайлы алғы шарт жасай отырып, тұлғалық, дербестік, жауапкершілік сапаларын қалыптастырады, субъектінің шығармашылық қуатын ашады.

Қашықтықтан оқытудың тиімді әдістері

- Икемділік - уақыт, орын, ыңғайлы қарқын

- Қосарлылық - негізгі оқумен ұштастыру
- Оңтайлылық - ыңғайлы кесте
- Қамтушылық - білім алушы санының өлшем еместігі
- Оқытушы - оқытушының жаңа рөлі
- Білім алушы - білім алушының жаңа рөлі
- Ақпараттық технологиялар

Қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдары – оқыту әдістері мен тәсілдері, материалдар, оқытушымен тікелей қатынас жасаудың шектеулігін ескеретін оқу танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру түрлері.

Қашықтықтан оқыту – оқыту субъектілерінің орналасуы кеңістік және уақыт бойынша индифференттелген, оқу құралдары, оқытушы мен студенттердің интерактивті (сұхбаттасу), асинхрондық немесе синхрондық өзара іс-әрекетінің мақсатты үдерісі.

Қашықтықтан оқытудың педагогикалық технологиялары – бұл электрондық дидактикалық құралдарды және телекоммуникацияны қолдану арқылы тікелей және тікелей емес қатынас жасаудың педагогикалық технологиялары болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиялары – оқу материалдарын жасау, беру және сақтау технологиялары, қашықтықтан оқытудың оқу үдерісін ұйымдастыру және сүйемелдеу; студентке оқу ақпаратын беру және оқытушы мен студенттер арасындағы қатынасты қашықтықтан ұйымдастыру әдістері.

Сонымен, қашықтықтан оқытудың қалыптасуы мен дамуын тарихи, теориялық-әдіснамалық талдау негізінде қашықтықтан оқытудың келесі даму тенденциялары анықталды:

- қашықтықтан оқытуда оқу орны өзіне бәсекелес оқу орындары мен қарым қатынасқа өтуі, қашықтықтан оқытудың консорциумдары құрылып, қашықтықтан оқыту бірлестіктерінің құрылуы, оқу орындарының жергілікті, автономды, жеке ұйымдастырылған ақпараттық білім беру орталарының бірегей ақпараттық білім беру ортасына бірігуі, ұлттық, халықаралық деңгейде ақпараттық білім беру орталарының пайда болуы *қашықтықтан оқытудың ірілендіру бағытында* даму тенденциясын анықтайды;

- білім берудегі бәсекелестік: әртүрлі елдердің білім беру орындарына пайдалылығы, керектігі және тиімділігін оқу орындары мен оқытушылардың үнемі дәлелдеуі қажет, ал, қашықтықтан оқыту білім беруді жаһандандырудың субъектісі ретінде интернационалдық коммуникативтік кеңістіктің дамуына ықпал ете отырып, өзіне жаңа жағдай туғызып, өз дамуына ықпал етуі *қашықтықтан оқытудың интернационалдық бағытта* даму тенденциясын береді;

- ашық білім беру кеңістігінің дамуы қазіргі *қашықтықтан оқытудың инновациялық дамуын* береді, сонымен қатар, өзінің дамуына ішкі және сыртқы кедергілердің күшеюі *қашықтықтан оқыту бойынша негізгі ұғымдардың трансформациясына* әкеледі;

- қашықтықтан оқытуда оқытушының ролі оқу ақпаратын тасымалдаушыдан, білім алушы топтың, жеке тәлімгердің жаттықтырушысы, жетекшісі қызметіне өтуі, білім алушының жеке өзіндік жұмыс үлесінің өсуі, сондай-ақ, оқытуда қызметтік дайындаудан жеке тұлғаның дамуына бет бұруы анықталды, ал бұл білім алушылардың оқуға деген өзіндік іс-әрекеті қашықтықтан оқытудың АКТ құралдарын қолдануда дамып, белсенділіктері арта түсетіндіктен *қашықтықтан оқытудың жеке тұлғаға бағытталып* дамуының тенденциясын көрсетеді;

- білім беруді ақпараттандыру құралдарының қашықтықтан оқытуда қолданылуы, оның ішінде оқыту әдістері мен оқытуды ұйымдастыруда қолдану жаңа педагогикалық технологиялардың пайда болуы, сондай-ақ, қысқа мерзімде динамикалық өзгеріп

отыратын желілік оқуды жобалап, ұйымдастыруда эмпирикалық әдістердің әлсіз болуы себепті, информатика-математикалық әдістерін қолдану қажеттігі *қашықтықтан оқытудың инновациялық бағытта даму тенденциясын* береді;

- білім беруді ақпараттандыру жағдайында АКТ- оқыту әдістері мен оқытуды ұйымдастырудың тиімді құралы болатыны, АКТ құралдарын қолдану ақпараттандыру жағдайына бейімделуге қажет білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыру АКТ-ның оқыту үдерісіне интеграциясы жағдайында ғана жүзеге асатындықтан, *АКТ мен педагогикалық технологиялардың интеграциялануы бағытында* қашықтықтан оқытудың даму тенденциясы анықталды;

- алдыңғы тенденцияның салдары болып, *вербальдық, визуалдық және модульдік ойлаудың интеграциялануы бағытында* қашықтықтан оқытудың даму тенденциясы анықталды [2].

Ақпараттық технологиялардың дамуын және оқу үдерісін ұйымдастыруда оларды қолдану тәсілдерін есепке алу, бизнестің дамуы үшін экономикалық және заң шығаратын шарттардың өзгеруі және олардың оқыту практикасында көрінуі, тұтынушының, яғни студенттің жаңа сұраныстарының тууы себепті, сәйкес оқу курсы модулін, әдістемелік материалдарды дайындау осы іс-әрекеттермен байланысты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мен оқытушыларды дайындауға байланысты болады.

Қазақстандағы білімді модернизациялау кезеңіндегі өзекті мәселелердің бірі - ол жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғамда өзінің позициясын еркін және жауапты түрде анықтауға қабілетті, интеллектуалдық сипаттағы дәстүрлі емес тапсырмаларды шешу мақсатында инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Білімді модернизациялаудың міндеттерін студенттердің креативтілігі, белсенділігі және дербестігімен байланысты жеке тұлғалық қасиеттерінсіз шешу мүмкін емес. Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту жүйесі жеке тұлғаға бағытталған акцентпен құрылуы керек.

Қазіргі таңда адамдар білімінің жоғары деңгейін талап ететін әлемдегі интеграциялық үдерістерге байланысты, Қазақстанның жоғары оқу орындарының Болондық үдеріске кіруіне байланысты, жаңа білім беру ақпараттық жүйелерін қолдану деңгейі мен оқыту нәтижелерінің сәйкессіздігіне және жалпы әлемдік өркениеттің тәжірибесіне байланысты кадрлардың кәсіби дайындығына қойылатын қоғам талаптары толығымен қанағаттандырылмаған.

1. Исаев С.А, Ахметова О.С. Новая образовательная парадигма в системе образования Казахстана // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIR, vol.3,2011, Paris, France. –P.75-80
2. Грамота Т.В. Проблема подготовки преподавателей вуза к дистанционному обучению студентов в рамках повышения качества образования // Наука и культура России, г. Самара 26-27 мая 2011г.

ОҚУ ТЕЛЕКОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ИНФОРМАТИКАҒА ОҚЫТУ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада оқу телеконференциялары қамтитын бірқатар дидактикалық функциялар мен мүмкіндіктер, телеконференциялардың электрондық почта арқылы хат алмасуға қарағандағы өзгешелігі, ең үлкен тиімді жетістікке жету үшін телеконференцияларды оқу үдерісінде қолдану барысындағы талаптар, телеконференцияларды ұйымдастыру әдістері және жүргізудің негізгі кезеңдері қарастырылған.

В статье рассмотрены ряд дидактических функций и возможности учебной телеконференции, требования предъявляемые к их использованию в учебном процессе, методы организации и основные этапы проведения телеконференции.

Several didactic functions and possibilities which cover training teleconference, difference between teleconference and electronic mail, requirements of using teleconference in learning process in order to get effective achievements, methods of organization of teleconference and main periods of its conducting are considered in the given article.

Түйін сөздер: телекоммуникация, оқу телеконференциясы, электрондық почта, скайп.

Ключевые слова: телекоммуникация, учебные телеконференции, электронная почта, скайп.

Keywords: telecommunications, training teleconferences, e-mail, skype.

Білім беруді ақпараттандыру жүйесінде ақпараттық технологияларды, әсіресе, телекоммуникациялық технологияларды пайдалану ерекше орын алады. Қазіргі таңда телекоммуникациялық технологиялар адамның барлық өміріне, әсіресе, білім беру жүйесіне енуіне байланысты бұл технологияларға деген қызығушылық қарқынды өсуде. Телекоммуникациялық технологиялар - Қазақстан Республикасының бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі болып табылады. Осы себептен бұл міндетті орындаудың негізгі шарты жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде телекоммуникациялық технологиялардың мәнін білу және оны игеру арқылы студенттердің оқу материалына деген қызығушылығын арттыруға, олардың ақпараттық мәдениетін, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға бағыттайды [1].

Білім беру үрдісіндегі ең кеңінен қолданылатын оқу іс-әрекетінің белсенді формасын білдіретін тиімді телекоммуникациялық технологиялардың бірі-телеконференция. Телеконференциялар – бұл екі немесе одан да көп қатысушылардың өзара қарым-қатынасын ұйымдастыру үшін байланыстың элетронды каналдарын пайдалану процесі болып табылады.

Оқу телеконференциялары бірқатар дидактикалық функциялар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Оқу құралы ретінде оқу телеконференцияларының негізгі дидактикалық функцияларын атап өтейік. Кез келген телеконференцияға қатысушы төмендегідей әрекеттерді орындай алады:

- қарастырылып отырған тақырып бойынша өзінің ойын жазып, хабарлама жіберу;
- телеконференцияның қатысушыларына сұрақтар қою;

- басқа да қатысушылардың және модератордың сұрақтарына жауап беру;
- телеконференцияға қатысушылардың хабарламаларын оқу. Оқу телеконференциясының кез келген қатысушысы барлық қабаттасып келген және сол сәтте қойылған хабарламаларды немесе белгілі бір тақырыптағы хабарламаларды оқи алады.
 - дискуссияға қатысу. Хабарлама нақты және алдағы уақытта талқыланатындай болуы керек;
 - өзінің танымдық мүмкіндіктерін жетілдіру, жаңа білім алу;
 - телеконференция мекен – жайына өз хабарламаларын кез келген уақытта жіберу;
 - бір мезгілде бірнеше тақырыптық бағыттардағы неғұрлым қызығырақ талқылауларға қатысу;
 - өзі туралы, өз идеясы туралы айту. Интернет желісінің сайттарында орналасқан немесе басқа телекоммуникациялық желінің оқу телеконференцияларына қызығушылық танытқан қолданушылар да қатыса алады [2].

Телеконференциялар әр бір қатысушыға болып жатқан үрдіске өз көзқарасын еркін білдіруге, қойылған мәселені бірлесіп шешуге, бір бірлеріне әр түрлі сұрақтар қоюға, өз ойларымен бөлісуге мүмкіндік береді. Кез келген телеконференцияның негізгі элементіне нақты бір сұрақты талқылау жатады, ал айырмашылығы пікірталаста бір-бірінен жойылған қатысушылар арасында байланысты орнатуда телекоммуникациялық технологияны қолдану болып табылады. Телеконференция оқу тақырыптары бойынша үйренушілер арасында жалпы пікірталасты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Телеконференция оқытушының басқаруымен өткізіледі. Оқытушы пікірталастың тақырыбын белгілейді, телеконференция барысында өткізілетін мазмұндарды бақылайды. Телеконференцияға қатынасушылар түскен хабарламаларды қарап, конференцияға өзінің хабарламаларын (хаттарын) жібере отырып, пікірталасқа қатынасады. FTP-серверлерінің қызметі өте үлкен көлемдегі файлдарды (ақпараттарды) жіберуге мүмкіндік береді. Мұндай жіберулерді ұйымдастыру мен оны бақылауда FTP-серверлерінің қызметін атқаратын функциялар орналасады. Ал WWW-сервері оқу материалдарын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл материалдар гипермәтін түрінде ұйымдастырылатын болады. Гипермәтін материалдарды жүйелеп құруға, атап айтқанда, оқу материалдарының бөлімдерін гипербайланыс арқылы бір-бірімен байланыстыруға, материалдарды бір-бірімен толықтырып отыруға мүмкіндік туғызады. WWW-құжаттарында тек мәгіндік ақпаратты ғана емес, сонымен бірге, графиктік, дыбыстық және видеоақпараттарды да орналастыруға болады. Телеконференцияларды ұйымдастыруда Skype және ooVoo программаларын қолдануға болады. Skype программасы аудио және видео байланыстарды екі қолданушы үшін, аудио бірнеше қолданушылар үшін ұйымдастыруға арналған. ooVoo программасы екі және одан да көп абоненттер арасында байланысқа арналған. Мұндай байланыстың артықшылығы қатынасушының құпиялылығында. Кемшілігі сигналдарды жіберудегі жылдамдылық режимі [3].

Телеконференция студенттердің ұжымдық жұмысын ұйымдастыруға, мидың ойлауына байланысты іскер ойындар әдісін жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Осының бәрі телекоммуникациялық технологиялардың арқасында мүмкін болып отыр. Бұл технологияны білім беруде қолданылуының үлкен күші бар. Көптеген желілер алғашқы ретте, ғылыми, конструкторлық және оқу орындарын байланыстыратын жүйе ретінде жасалған болатын. Сондықтан ұжымдық пікірталас жүргізуге арналған желі мүмкіндігі телеконференция деп аталып, ол белгілі бір салада ғана қолдануға негізделген еді. Бірақ, кейіннен желілер практикада кең пайдаланылып, оның алғашқы

ғылыми семинар, конференцияға арналған мүмкіндігі біршама шетте қала бастады. Телеконференция ұйымдастыру кәдімгі кітапхана немесе архив жұмысына ұқсас жүргізіледі. Мұнда да көп сатылы тақырыптық каталогтар мен олардағы мәліметтерді сақтау ісі ұйымдастырылады. Телеконференцияларда әртүрлі орындардан алынған хабарлар хаттар түрінде сақталады, олардың біразы электрондық почта арқылы жинастырылады. Ал, мұндай хаттар мақалалар деп аталады [4].

Нақты тақырыпқа бағытталған конференция мәліметтері каталогтар сатылары арқылы көрсетіліп тұрады. Әрбір конференцияның өзіне сәйкес “Қоймалар” бөлімінде жиналған мақалалар каталогы болады.

Телеконференциялардың электрондық почта арқылы хат алмасуға қарағанда екі өзгешелігі бар, олар:

- біріншісі, белгілі бір мерзім әр конференция үшін әртүрлі ішінде қабылданған мақалалар жинақталып сақталып отырады да, олар өте ескіріп кетсе жойылады;
- екіншісі, кейбір телеконференциялар басқарылып отырады, яғни мұндай конференцияға әрбір абонент мақаласын тікелей жібере алмайды.

Телеконференция белгілі бір схема бойынша жүргізіледі: ол белгілі бір тақырыпқа байланысты қысқаша мәтіннен басталады, ал қатысушының әрқайсысының сол тақырыпқа байланысты өз пікірлері мен ойларын айтуға мүмкіндіктері бар. Барлық пікір-ойлар келіп түскен уақыты бойынша тізбектеле орналасып, телеконференцияның барлық қатысушылары оған қатынай алады. Әрбір қатысушы пікірталастың дамуына байланысты өзіне ыңғайлы уақытта жұмыс істейді. Конференция мәтінін құратын, әрбір қатысушының ойына талдау жүргізетін әрбір телеконференцияның жүргізушісі (модератор) болады. Компьютерлік конференцияның жақсы өтілуі жүргізушінің профессионалды деңгейіне байланысты. Жүргізуші қызметін оқытушы немесе үйренуші атқара алады. Сонымен қатар, жүргізуші конференцияның басталуын, конференцияның алғашқы кезеңінде қатысушыларға көмек көрсетілуін, олардың үйренуін, пікір-талас тақырыбының дамуына демеу беру сияқты және конференцияның аяқталуын жүзеге асырады.

Оқу телеконференцияларын жүргізудің негізгі кезеңдері
Дайындық кезеңі.

1. Тақырыпты таңдау, мақсат міндетін анықтау;
2. Оқу телеконференциясының мазмұны;
3. Оқу телеконференциясына қатысушыларды таңдау;
4. Оқу телеконференцияларының өту уақытын белгілеу;
5. Телеконференцияны дамытуды жоспарлау.

Оқу телеконференциясын телекоммуникациялық желі базасында жүргізу барысында ерекше оқу – танымдық орта құрылады. Оның негізгі сипаттамалары төмендегідей:

а) *интерактивтілік*, барлық қатысушылардың бір – бірімен және ақпараттық ресурстармен белсенді әрекеттестігі ретінде анықталады;

б) *ақпараттылық*, ақпараттық ортаның толықтығы, арнайы технологиялық тәсіл арқылы ұйымдастырушылық және берілген ақпараттық ортадағы қолданудың ыңғайлылығы;

в) *ашықтық*, айтылмыш оқу - танымдық ортаның ақпараттық хабарламаларға және конференцияның басқа да қатысушыларымен қарым – қатынас барысындағы ашықтығы;

г) *оперативтілік*, ақпаратпен алмасудағы жоғары жылдамдылықпен қамтамасыз ету, оқу үдерісін бақылау мүмкіндігі, тыңдаушылармен кері байланысты орнату, конференцияның жүрісі туралы ақпаратты үнемі жаңарту, қажет жағдайда оны жылдам түзету және қолданушылар үшін кез келген уақытта кіруге рұқсат беру.

Сонымен қатар, оқу телеконференциялары оқытудағы кейбір мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін жаңа қызықты оқу құралы болып табылады. Ең үлкен тиімді жетістікке жету үшін телеконференцияларды оқу үдерісінде қолдану барысында бірқатар талаптарды сақтау керек. Олар:

- конференцияның аяқталуы барысында міндетті түрде теориялық және практикалық танымдық мағыналы нәтиже алу;
- қатысушылардың (жеке, жұптық, топтық) дербес белсенділігі;
- телеконференцияның маңызды бөлігінің жіктелуі (кезеңді нәтижелерді нұсқаумен);
- коммуникативті қарым – қатынас пен шығармашылық ойлаудың салыстыру, талдау, зерттеу, моделдеу әдістерінің қолданушылармен пайдаланылуы.

Телеконференциялар екі түрлі әдіспен ұйымдастырылуы мүмкін. Бірінші әдісі электрондық поштаға негізделген және offline режимінде жұмыс істейді. Екінші әдіс Web серверге негізделген және online режимінде жұмыс істейді. Web серверде хабарландырудың электронды тақтасы деп аталатын арнайы орын болады. Бұл тақтаға қатысушылардың ойын тындайтын және мәселені талқылауға өздері де қатысатын қосылушылардың кез-келген саны бір мезгілде қосыла алады [5, 6].

Қорыта айтқанда, телеконференциялар әрқашан да белсенді оқыту формасын білдіреді, оқуға деген студенттердің мотивациясын күшейтеді, болып жатқан оқиғаларға өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға, қойылған мәселені топпен шешуге, бір – бірлеріне сұрақ қоюға және ойларымен бөлісуге мүмкіндік береді.

1. Ешаманова Д., Білім беру жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды пайдалану // Информатика негіздері, 2011, №1.-2-4 б.
2. Майкина Г. Оқытудың ақпараттық технологиялары // Информатика негіздері, 2011, №2.- 8-9 б.
3. Жданов С.А. Применение информационных технологий в учебном процессе педагогического института и педагогических исследованиях. Автореферат .канд. пед. наук. -М., 2007. -36 с.
4. Баймулдина Н.С., Дуйсебаева А.Б. Методические основы электронного обучения теоретической информатике.// Материалы международной научно-практической конференции «NAUKOWA MYŚL INFORMACYJNEJ POWIEKI – 2013», 07-15 marca 2013 roku Volume 12 Pedagogiczne nauki, Przemyl Nauka i studia 2013 p. 22-25.
5. Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі, 2006, №6. – 11-19 б.
6. Баймулдина Н.С., Маутбекова А.Использование учебных телеконференций в обучении будущих учителей информатики//Материалы международной научно-практической конференции «NAUKOWA MYŚL INFORMACYJNEJ POWIEKI – 2013», 07-15 marca 2013 roku Volume Pedagogiczne nauki, Przemyl Nauka i studia 2013 p.11-15

Э.А. Бакирова, Н.Р. Муналбаева

**ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ҮШІН
ҮШ НҮКТЕЛІ ШЕТТІК ЕСЕПТІ ШЕШУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ***(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Бұл мақалада үш нүктелі шеттік есепті шешудің әдістемесі қарастырылған. Есеп қарастырып отырған аралықты белгілі бір қадаммен бөліп және қосымша параметрлерді енгізу көмегімен пара-пар жәй дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін параметрі бар көп нүктелі шеттік есебіне келтіріледі. Дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін үш нүктелі шеттік есептің бірімәнді шешімі болуының фундаменталдық матрицаның қажетті және жеткілікті шарттарын алуға параметрлеу әдісі мүмкіндік береді. Тақырыптың өзектілігі бір жағынан ғылым мен техниканың әр түрлі мәселелерін шешуде дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер теориясының практикалық қосымшаларының маңыздылығымен, ал екінші жағынан дифференциалдық теңдеулер үшін үш нүктелі шеттік есептерді шешудің жаңа тиімді әдістерін құру қажеттілігімен байланысты анықталады.

В статье рассмотрены способы решения трехточечных краевых задач. Дифференциальные уравнения для многоточечных краевых задач с параметрами решаются с использованием деления интервала с определенными шагами и вводом дополнительных параметров. С помощью метода параметризации определены означенные решения необходимых и нужных условий фундаментальной матрицы дифференциальных уравнений для трехточечных краевых задач. Актуальность темы определяется, с одной стороны решением многих проблем науки и техники с практическим применением трех точечных краевых задач, а с другой стороны необходимостью составления дифференциальных уравнений для нахождения новых методов решения краевых задач.

In this article ways of the solution of three-point regional tasks considered. The differential equations for multipoint regional tasks with parameters solved with using of division of an interval with certain steps and putting of additional parameters. Meaning solutions of necessary conditions of a fundamentanly matrix for the differential equations are defined by a method of parametrization for three-point regional tasks. Relevance of the subject defined, on the one hand the solution of many problems in science and equipment with practical application of three dot regional tasks, and on the other hand needing of drawing up the differential equations for finding of new methods of the solution about regional tasks.

Түйін сөздер: шеттік есептер, дифференциалдық теңдеулер, үш нүктелі шеттік есептер, параметрлеу әдісі, үзіліссіздік шарты, сызықты теңдеулер жүйесі

Ключевые слова: краевые задачи, дифференциальные уравнение, трехточечные краевые задачи, метод параметров, условие непрерывности, линейные системы уравнения.

Keywords: regional tasks, differential equation, three-point regional tasks, method of parameters, continuity condition, linear systems of the equation.

Қазіргі уақытта шеттік есептердің мейлінше толық игерілген саласы дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есептер теориясы болып табылады. Шеттік есептер теориясының дамуы, операторлық теңдеулерді зерттеу және шешімдерін табу әдістерімен тығыз байланысты. Операторлық теңдеулерді зерттеудің топологиялық және итерациялық әдістері шеттік есептердің шешімділік шарттарын алу мен олардың шешімін табу алгоритмдерін құруды қамтамасыз етті. Аналитикалық, функционалды-аналитикалық, сандық және сандық-аналитикалық әдістер жасалынды.

Көптеген табиғи құбылыстар мен техникалық үдерістерді зерттеу үшін шеттік дифференциалдық теңдеулерге алып келеді. Сонымен бірге, биологиялық,

механикалық және химиялық құбылыстарды математикалық модельдеу кезінде үш нүктелі шеттік дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер пайда болады. Мысал ретінде келесі есептерді қарастыруға болады: жинақталған массалармен жүктелген серіппенің тербелістері туралы есеп, шектің тербелісі туралы есеп, серпінді жіпке ілінген жүктің бойлық қозғалысы туралы есеп, ұшына масса ілінген жіптің айналмалы тербелістері туралы есеп, жер сулары мен топырақ ылғалының деңгейін ұзақ мерзімді болжау және реттеу туралы есеп және т.б.

Қазіргі таңда, үш нүктелі шеттік дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін шеттік есептерді зерттеу дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер теориясының маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр, оған себеп – табиғат пен қоршаған ортада болып жатқан көптеген құбылыстардың математикалық моделін құру кезінде аталған есептерді шешуді қажет етеді. Осыған байланысты, дифференциалдық теңдеулер үшін үш нүктелі шеттік есебі параметрлеу әдісімен зерттеледі.

Нақты үдерістерді модельдеуге байланысты көптеген сұрақтар дифференциалдық теңдеулер үшін үш нүктелі шеттік есептерді зерттеу қажеттілігіне алып келеді. Тақырыптың өзектілігі бір жағынан ғылым мен техниканың әр түрлі мәселелерін шешуде дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер теориясының практикалық қосымшаларының маңыздылығымен, ал екінші жағынан дифференциалдық теңдеулер үшін үш нүктелі шеттік есептерді шешудің жаңа тиімді әдістерін құру қажеттілігімен байланысты анықталады. Дифференциалдық теңдеу үшін үш нүктелі шеттік есепті шешудің әдістемесі келесідей жүзеге асады.

$[0, T]$ кесіндісінде дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін үш нүктелі шеттік есеп қарастырылады

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x + \sum_{i=0}^2 K_i(t)x(\theta_i) + f(t), \quad t \in (0, T), \quad 0 = \theta_0 < \theta_1 < \theta_2 < T, \quad x \in R^n, \quad (1)$$

$$C_0x(0) + C_1x(\theta_1) + C_2x(T) = d, \quad d \in R^n, \quad (2)$$

мұндағы $(n \times n)$ - өлшемді $A(t)$, $K_i(t)$ матрицалары, $i = \overline{0, 2}$ және n - өлшемді $f(t)$ вектор-функциясы $[0, T]$ кесіндісінде үзіліссіз, C_0, C_1, C_2 - $(n \times n)$ - өлшемді тұрақты

матрицалар, $\|x\| = \max_{i=1, n} |x_i|$, $\|A(t)\| = \max_{i=1, n} \sum_{j=1}^n |a_{ij}(t)| \leq \alpha$, $\|K_i(t)\| \leq \beta_i$, $\alpha, \beta_i - const.$

Нормасы $\|x\|_1 = \max_{t \in [0, T]} \|x(t)\|$ болатын үзіліссіз функциялар $x: [0, T] \rightarrow R^n$ кеңістігін

$C([0, T], R^n)$ деп белгілейміз.

(1), (2) есебінің шешімі деп дифференциалдық теңдеулер жүйесін қанағаттандыратын және $t = 0$, $t = \theta_1$, $t = T$ нүктелеріндегі мәндері үшін (2) теңдігі орындалатын $[0, T]$ аралығында үзіліссіз дифференциалданатын $x(t)$ вектор-функциясын айтамыз.

Дифференциалдық теңдеулер мен оларға қойылған шеттік есептер [1,2] еңбектерінде қарастырылған. Бұрын [3] жұмысында жай дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін екі нүктелі шеттік есепті зерттеуге және оның шешімдерін табуға параметрлеу әдісі ұсынылған. Бұл әдіс қарастырылған есептің бастапқы терминінде бірімәнді шешілімділігінің критерийін алуға және шешімдерін табудың алгоритмін құруға мүмкіндік берді. [4] жұмысында осы әдіс жүктелген дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін екі нүктелі шеттік есепке дамытылып және шешілімділік мәселелері зерттелді.

[5] жұмысында (1), (2) есебі $C_1 = 0$ және соңғы шеткі $t = T$ нүктесі жүктеу нүктесіне кіретін жағдайы үшін параметрлеу әдісі көмегімен зерттелген болатын.

Ұсынылып отырған жұмыста (1), (2) есебін шешуге арналған параметрлеу әдісінің бір нұсқасы жасалынды және оның шешімін табудың алгоритмі ұсынылды.

(1), (2) есебіне параметрлеу әдісін қолданайық. $h_r = \theta_r - \theta_{r-1}$, $r = \overline{1,3}$ делік. Берілген θ_i , $i = \overline{0,2}$ жүктеу нүктелері бойынша $[0, T]$ кесіндісін бөліктерге бөлейік: $[0, T) = \bigcup_{r=1}^3 [t_{r-1}, t_r)$, мұндағы $t_0 = \theta_0 = 0$, $t_1 = \theta_1$, $t_2 = \theta_2$, $t_3 = \theta_3 = T$ және (1), (2) есебінің шешімі болатын $x(t)$ функциясының $[t_{r-1}, t_r)$, $r = \overline{1,3}$ аралығында сығылуын $x_r(t)$ арқылы белгілейік, яғни $x_r(t) = x(t)$, $[t_{r-1}, t_r)$, $r = \overline{1,3}$. Онда (1), (2) есебі келесі пара-пар шеттік есебіне келтіріледі

$$\frac{dx_r}{dt} = A(t)x_r + \sum_{i=0}^2 K_i(t)x_{i+1}(\theta_i) + f(t), \quad t \in (t_{r-1}, t_r), \quad r = \overline{1,3} \quad (3)$$

$$C_0 x_1(0) + C_1 x_2(\theta_1) + C_2 \lim_{t \rightarrow T-0} x_3(t) = d, \quad (4)$$

$$\lim_{t \rightarrow \theta_1-0} x_1(t) = x_2(\theta_1), \quad (5)$$

$$\lim_{t \rightarrow \theta_2-0} x_2(t) = x_3(\theta_2), \quad (6)$$

мұндағы (5), (6) теңдіктері ішкі нүктелердегі шешімнің үзіліссіздік шарты болып табылады.

Егер $x(t)$ функциясы (1),(2) есебінің шешімі болса, онда $x[t] = (x_1(t), x_2(t), x_3(t))$ осы функцияның сығылуларының жүйесі - (3)-(6) есебінің шешімі болады. Керісінше, егер $\tilde{x}[t] = (\tilde{x}_1(t), \tilde{x}_2(t), \tilde{x}_3(t))$ функциялар жүйесі - (3)-(6) есебінің шешімі болса, онда $\tilde{x}(t) = \tilde{x}_r(t)$, $t \in (t_{r-1}, t_r)$, $r = \overline{1,3}$, $\tilde{x}(T) = \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{x}_3(t)$ теңдіктерімен анықталатын $\tilde{x}(t)$ функциясы бастапқы (1), (2) есебінің шешімі болады.

$\lambda_r = x_r(t_{r-1})$, $r = \overline{1,3}$ белгілеуін енгізіп және де әрбір $[t_{r-1}, t_r)$ аралықтарында $u_r(t) = x_r(t) - \lambda_r$, $r = \overline{1,3}$ алмастыруларын жасасақ, онда (3)-(6) есебі келесі параметрі бар шеттік есебіне келтіріледі

$$\frac{du_r}{dt} = A(t)u_r + A(t)\lambda_r + \sum_{i=0}^2 K_i(t)\lambda_{i+1} + f(t), \quad t \in (t_{r-1}, t_r), \quad (7)$$

$$u_r(t_{r-1}) = 0, \quad r = \overline{1,3}, \quad (8)$$

$$C_0 \lambda_1 + C_1 \lambda_2 + C_2 \lambda_3 + C_2 \lim_{t \rightarrow T-0} u_3(t) = d, \quad (9)$$

$$\lambda_1 + \lim_{t \rightarrow \theta_1-0} u_1(t) = \lambda_2, \quad (10)$$

$$\lambda_2 + \lim_{t \rightarrow \theta_2-0} u_2(t) = \lambda_3. \quad (11)$$

(1), (2) және (7)-(11) есептері пара-пар болады. Егер $x(t)$ функциясы (1),(2) есебінің шешімі болса, онда келесі $(\lambda, u[t])$ жұбы, мұндағы $\lambda = (\lambda_1, \lambda_2, \lambda_3)$, $\lambda = (x(\theta_0), x(\theta_1), x(\theta_2))$,

$$u[t] = (u_1(t), u_2(t), u_3(t)),$$

$u[t] = (x(t) - x(\theta_0), x(t) - x(\theta_1), x(t) - x(\theta_2))$ - (7) - (11) есебінің шешімі болады.

Керісінше, егер $(\tilde{\lambda}, \tilde{u}[t])$ жұбы, мұндағы $\tilde{\lambda} = (\tilde{\lambda}_1, \tilde{\lambda}_2, \tilde{\lambda}_3)$, $\tilde{u}[t] = (\tilde{u}_1(t), \tilde{u}_2(t), \tilde{u}_3(t))$, (7)-

(11) есебінің шешімі болса, онда $\tilde{x}(t) = \tilde{\lambda}_r + \tilde{u}_r(t)$, $t \in [t_{r-1}, t_r)$, $r = \overline{1,3}$,

$\tilde{x}(T) = \tilde{\lambda}_3 + \lim_{t \rightarrow T-0} \tilde{u}_3(t)$ теңдіктерімен анықталатын $\tilde{x}(t)$ функциясы бастапқы (1), (2)

есебінің шешімі болады.

Параметрлерді енгізу, $u[t] = (u_1(t), u_2(t), u_3(t))$ белгісіз функциялар жүйесінің компоненттері үшін $u_r(t_{r-1}) = 0$, $r = \overline{1,3}$ бастапқы шарттарын алуға мүмкіндік береді.

(7), (8) Коши есептері келесі Вольтерраның екінші текті интегралдық теңдеулеріне эквивалентті болады:

$$u_r(t) = \int_{t_{r-1}}^t A(\tau)u_r(\tau)d\tau + \int_{t_{r-1}}^t A(\tau)\lambda_r d\tau + \int_{t_{r-1}}^t \sum_{i=0}^2 K_i(\tau)\lambda_{i+1}d\tau + \int_{t_{r-1}}^t f(\tau)d\tau, \quad t \in [t_{r-1}, t_r]. \quad (12)$$

Енді интегралдардың астындағы $u_r(\tau)$, функцияларының орнына (12) теңдеулерінің сәйкес оң жақтарын қойып, бұл үдерісті ν ($\nu = 1, 2, \dots$) рет қайталасақ, онда $u_r(t)$ функцияларының келесі кейіптемелерін аламыз

$$u_r(t) = D_{\nu r}(t)\lambda_r + \sum_{i=0}^2 H_{\nu r}^i(t)\lambda_{i+1} + G_{\nu r}(u, t) + F_{\nu r}(t), \quad t \in [t_{r-1}, t_r], \quad r = \overline{1,3}, \quad (13)$$

мұндағы

$$D_{\nu r}(t) = \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1)d\tau_1 + \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \int_{t_{r-1}}^{\tau_1} A(\tau_2)d\tau_2 d\tau_1 + \dots + \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \dots \int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}} A(\tau_{\nu})d\tau_{\nu} \dots d\tau_1,$$

$$H_{\nu r}^i(t) = \int_{t_{r-1}}^t K_i(\tau_1)d\tau_1 + \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \int_{t_{r-1}}^{\tau_1} K_i(\tau_2)d\tau_2 d\tau_1 + \dots +$$

$$+ \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \int_{t_{r-1}}^{\tau_1} A(\tau_2) \dots \int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-2}} A(\tau_{\nu-1}) \int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}} K_i(\tau_{\nu})d\tau_{\nu} \dots d\tau_2 d\tau_1,$$

$$G_{\nu r}(u, t) = \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \dots \int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-2}} A(\tau_{\nu-1}) \int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}} A(\tau_{\nu})u_r(\tau_{\nu})d\tau_{\nu} \dots d\tau_1,$$

$$F_{\nu r}(t) = \int_{t_{r-1}}^t f(\tau_1)d\tau_1 + \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \int_{t_{r-1}}^{\tau_1} f(\tau_2)d\tau_2 d\tau_1 + \dots + \int_{t_{r-1}}^t A(\tau_1) \dots \int_{t_{r-1}}^{\tau_{\nu-1}} f(\tau_{\nu})d\tau_{\nu} \dots d\tau_1.$$

(13) теңдеуінен $\lim_{t \rightarrow t_r-0} u_r(t)$, $r = \overline{1,3}$, мәндерін тауып алып, оларды (9), (10), (11)

шарттарына қойсақ және (9) шартының екі жағын h_3 оң санына көбейтсек, онда енгізілген $\lambda = (\lambda_1, \lambda_2, \lambda_3)$ параметрлер үшін келесі теңдеулер жүйесін аламыз.

$$h_3 C_0 \lambda_1 + h_3 C_1 \lambda_2 + h_3 C_2 \lambda_3 + h_3 C_2 D_{\nu 3}(T)\lambda_3 + h_3 C_2 \sum_{i=0}^2 H_{\nu 3}^i(T)\lambda_{i+1} = h_3 d - h_3 C_2 G_{\nu 3}(u, T) - h_3 C_2 F_{\nu 3}(T) \quad (14)$$

$$[I + D_{\nu 1}(\theta_1)]\lambda_1 + \sum_{i=0}^2 H_{\nu 1}^i(\theta_1)\lambda_{i+1} - \lambda_2 = -F_{\nu 1}(\theta_1) - G_{\nu 1}(u, \theta_1), \quad (15)$$

$$[I + D_{\nu 2}(\theta_2)]\lambda_2 + \sum_{i=0}^2 H_{\nu 2}^i(\theta_2)\lambda_{i+1} - \lambda_3 = -F_{\nu 2}(\theta_2) - G_{\nu 2}(u, \theta_2), \quad (16)$$

(14), (15), (16) сызықты теңдеулер жүйесінің сол жағына сәйкес келетін $(3n \times 3n)$ -өлшемді матрицаны $Q_{\nu}(\theta)$ деп белгілейміз. Онда (14), (15), (16) сызықты теңдеулер жүйесі келесі түрде жазылады

$$Q_{\nu}(\theta)\lambda = -F_{\nu}(\theta) - G_{\nu}(u, \theta), \quad \lambda \in R^{3n}, \quad (17)$$

мұнда,

$$F_{\nu}(\theta) = (-h_3 d + h_3 C_2 F_{\nu 3}(\theta_3), F_{\nu 1}(\theta_1), F_{\nu 2}(\theta_2)),$$

$$G_{\nu}(u, \theta) = (h_3 C_2 G_{\nu 3}(u, \theta_3), G_{\nu 1}(u, \theta_1), G_{\nu 2}(u, \theta_2)).$$

Сонымен, белгісіз $\lambda = (\lambda_1, \lambda_2, \lambda_3)$ параметрлерін табу үшін (17) сызықты алгебралық теңдеулер жүйесін алдық, ал белгісіз $u[t] = (u_1(t), u_2(t), u_3(t))$ функцияларын (7), (8) Коши есебінен табамыз. Енді (6) - (9) есебінің шешімі төмендегі алгоритм арқылы анықталатын $(\lambda^{(k)}, u^{(k)}[t])$, $k = 0, 1, 2, \dots$ жұптар тізбегінің шегі ретінде ізделінеді:

0-ші қадам: а) $Q_v(\theta)$ матрицасының кері матрицасы бар деп есептеп, λ параметрінің $\lambda^{(0)} = (\lambda_1^{(0)}, \lambda_2^{(0)}, \lambda_3^{(0)})$ бастапқы жуықтауын $Q_v(\theta)\lambda = -F_v(\theta)$ теңдеуінен табамыз, яғни $\lambda^{(0)} = -[Q_v(\theta)]^{-1} \cdot F_v(\theta)$.

б) $\lambda^{(0)} \in R^{3n}$ векторының компоненттерін қолданып және $\lambda_r = \lambda_r^{(0)}$, $r = \overline{1,3}$ болғанда (7), (8) Коши есебін шешіп, $u^{(0)}[t] = (u_1^{(0)}(t), u_2^{(0)}(t), u_3^{(0)}(t))$ функцияларын табамыз.

1-ші қадам: а) Табылған $u^{(0)}[t] = (u_1^{(0)}(t), u_2^{(0)}(t), u_3^{(0)}(t))$ функцияларын (17) сызықты алгебралық теңдеулер жүйесінің оң жағына қойып, $Q_v(\theta)\lambda = -F_v(\theta) - G_v(u^{(0)}, \theta)$ теңдеуінен $\lambda^{(1)} = (\lambda_1^{(1)}, \lambda_2^{(1)}, \lambda_3^{(1)})$ параметрін табамыз. [6]

б) $\lambda^{(1)} \in R^{3n}$ векторының компоненттерін қолданып және $\lambda_r = \lambda_r^{(1)}$, $r = \overline{1,3}$ болғанда (7), (8) Коши есебін шешіп, $u^{(1)}[t] = (u_1^{(1)}(t), u_2^{(1)}(t), u_3^{(1)}(t))$ функцияларын табамыз.

Осы үдерісті қайталап отырып, алгоритмнің k – шы қадамында $(\lambda^{(k)}, u^{(k)}[t])$, $k = 0, 1, 2, \dots$ жұптар тізбегін аламыз. Алгоритмнің б) пунктінде λ_r , $r = \overline{1,3}$ параметрінің бекітілген мәндерінде Коши есебінің шешімі $t \in [t_{r-1}, t_r)$, $r = \overline{1,3}$ аралықтарында бөлек-бөлек анықталады. [7]

Алгоритмнің жинақтылығының жеткілікті шарттарын, сонымен қатар (1), (2) есебінің бір мәнді шешілімділігінің жеткілікті шартын келесі теорема береді

Теорема. Егер кез келген $v \in N$ үшін $Q_v(\theta): R^{3n} \rightarrow R^{3n}$ матрицасының кері матрицасы бар болса және

$$\| [Q_v(\theta)]^{-1} \| \leq \gamma_v(\theta),$$

$$q_{v_v}(\theta) = \gamma_v(\theta) \max(1, h_3 \|C_2\|) \max_{s=1,3} \left\{ e^{\alpha h_s} - \sum_{j=1}^v \frac{(\alpha \alpha_s)^j}{j!} + \sum_{i=0}^2 \beta_i h_s \left(e^{\alpha h_s} - \sum_{j=0}^{v-1} \frac{(\alpha \alpha_s)^j}{j!} \right) \right\} < 1$$

теңсіздіктері орындалса, онда кез келген $(f(t), d)$ жұбы үшін (1), (2) есебінің жалғыз шешімі бар болады.

Теореманың дәлелдеуі [5] жұмысындағы осыған ұқсас теореманың дәлелдеу схемасы бойынша жүргізіледі.

Есеп қарастырып отырған аралықты белгілі бір қадаммен бөліп және қосымша параметрлерді енгізу көмегімен пара-пар жәй дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін параметрі бар көп нүктелі шеттік есебіне келтіріледі. Дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін үш нүктелі шеттік есептің бірімәнді шешілімді болуының фундаменталдық матрица терминінде қажетті және жеткілікті шарттары алынады. Яғни фундаменталдық матрицаны пайдаланбай-ақ, дифференциалдық теңдеулер үшін үш нүктелі шеттік есебінің бірімәнді шешілімділігінің қажетті және жеткілікті шартын алуға параметрлеу әдісі мүмкіншілік береді.

Жұмыста алынған нәтижелердің теориялық мәні бар және олар дифференциалдық теңдеулер шеттік есептердің шешімдерінің есептеу алгоритмдерін құруда қолданылады.

1. Нахушев А.М. Краевые задачи для нагруженных интегро-дифференциальных уравнений гиперболического типа и некоторые их приложения к прогнозу почвенной влаги // Дифференциальные уравнения. 1979. Т.15. №1. С. 96-105.

2. Абдуллаев В.М., Айда-заде К.Р. О численном решении нагруженных дифференциальных уравнений // Журнал вычислительной математики и математической физики. 2004. Т. 44. № 9. С. 1585-1595.
3. Джумабаев Д.С. Признаки однозначной разрешимости линейной краевой задачи для обыкновенного дифференциального уравнения // Журнал вычислительной математики и математической физики. 1989. Т. 29. № 1. С. 50-66.
4. Бакирова Э.А. О признаке однозначной разрешимости двухточечной краевой задачи для системы нагруженных дифференциальных уравнений // Известия НАН РК. Серия физико-математическая. 2005. № 1. С. 95-102.
5. Бакирова Э.А., Кисикова Г.С. Дифференциалдық тендеулер үшін шеттік есептің шешімін табу алгоритмдері //Ізденіс. № 1. 2010.
6. Усманов К.И. Критерий однозначной разрешимости краевой задачи для систем интегро-дифференциальных уравнений с нагружениями. Матем. журнал. Алматы. 2009. Т.5. №4. С.34-43.
7. Бакирова Э.А., Муналбаева Н.Р. Жүктелген дифференциалдық тендеулер үшін Үшнүктелі шеттік есептің бірімәнді шешілімділігі туралы// VI Халықаралық ғылыми конференция . Ақтөбе қ.- 2013. 18-22 бб.

ӨОЖ 378.1:53:51(574)

М.Т. Бекжігітова

АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Мақалада интегралдардың шығу тарихына шолу жасалған. Анықталған интегралға оның физикалық мағынасы тұрғысынан анықтама берілген. Интегралдардың механикада қолданылуы қарастырылған. Қолданбалылық мәні бар есептерге мысалдар келтірілген. Қолданбалылық сипаттағы есептерді шешудегі пәнаралық білімнің рөлі ашылған.

В статье сделан исторический обзор возникновения интегралов. Дано определение определенного интеграла с точки зрения физического содержания. Рассмотрено применение интегралов в механике. Приведены примеры задач прикладного значения. Раскрыта роль межпредметного знания в решении задач прикладного характера.

The article provides a historical survey of appearance of integrals. There is a definition of the definite integral with relation to its physical meaning. Application of integrals to Mechanics is considered. Some examples of applied problems are given. The function of interdisciplinary knowledge in solving applied problems is discovered.

Түйін сөздер: интеграл, анықталған интеграл, қисық сызықты трапеция, пирамида, алғашқы функция.

Ключевые слова: интеграл, определенный интеграл, криволинейная трапеция, пирамида, первообразная функции.

Keywords: integral, definite integral, curvilinear trapezoid, pyramid, primitive of a function.


Интегралдық есептеулердің тарихына көз жүгіртсек, оның адамзат қоғамындағы түрлі практикалық қажеттіліктері қанағаттандыруға байланысты шыққанын түсінуге болады, яғни интегралдық есептеулер практикалық мұқтаждықтан пайда болған екен. Атап айтсақ, интегралдық есептеулер кез келген жазық фигуралардың ауданын, сондай-ақ кез келген дене бетінің ауданын және көлемін есептеу

қажеттілігінен, сондай-ақ механиканың математикалық аппараты ретінде пайда болды [1–3].

« \int » символын Лейбниц енгізген (1675ж.). Бұл таңба латынның S әрпінің өзгерген түрі. Интеграл сөзін Я. Бернулли (1690ж.) алғаш қолданған (мағынасы-integro бұрынғы қалпына түсіру).

$\int_a^b f(x)dx$ анықталған интегралының белгілеуін енгізген К. Фурье (1768-1830).

Интегралдық есептеулер жөнінен көптеген идеяларды Архимед болжап білген. Он жетінші ғасыр математиктері қисық сызықты трапецияны (1-сурет) ұзындығы $f(x)$ -ке тең вертикаль кесінділерден тұрады деп түсініп, кесінділердің ауданы ақырсыз аз шама $f(x) dx$ ауданына тең деп бағалаған. Сонда ізделінді аудан сол аудандардың қосындысына тең болады деп есептеген: $S = \sum_{a < x < b} f(x)dx$.



Сурет 1. Қисық сызықты трапеция

Анықталған интегралдың қолданбалылық мәнін ашу үшін әртүрлі әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, анықталған интегралдың физикада, құрылыста, т.б. қолданылуына берілген есептерді қарастырайық [4–6].

Алдымен анықталған интегралдың механикада қолданылуын қарастырайық.

Түзу бойымен қозғалыстағы дененің уақыттың барлық мезетіндегі қозғалыс жылдамдығы берілсін (мысалы автомобильдің спидометрінің көрсетуі). Уақыттың кез келген сәтіндегі дененің координатасын білу керек. Яғни, $t \in [t_1, t_2]$ уақыт аралығының әрбір сәтіндегі $x'(t)$ белгілі, енді $x(t)$ -н табу талап етіледі.

$x'(t) = v(t)$ екені белгілі. Мұндағы $x(t)$ функциясы $v(t)$ функциясының анықталмаған интегралы немесе алғашқы образы деп аталады.

Егер $x(t)$ функциясының орнына $x(t) + C$, $C = const$ функциясын жазсақ, $x'(t) = v(t)$ теңдігі өзгермейді. Мұның мағынасы мынада: қозғалысты кез келген нүктеден бастауға болады.

Анықталған интегралды қарастырайық. Айталық $v(t)$ қозғалыс жылдамдығы $t \in [t_1, t_2]$ уақыт кесіндісінде қарастырылсын. Дененің $t = a$ нүктесінен $t = b$ нүктесіне дейінгі орын ауыстыруы $v(t)$ функциясының $[a, b]$ кесіндісіндегі интегралы (немесе анықталған интегралы) деп аталады және $\int_a^b v(t)dt$ түрінде белгіленеді. Егер $x(t)$ функциясы $v(t)$ -ң алғашқы функциясы болса, орын ауыстырудың $x(b) - x(a)$ -не тең

болатыны түсінікті, осыдан $\int_a^b v(t)dt = x(b) - x(a)$ формуласы шығады. Бұл формула Ньютон-Лейбниц формуласы деп аталады. Есептер қарастырайық.

№1. Дененің жылдамдығы $v = \sqrt{1+t}$ м/с формуласымен берілген. Дененің қозғалыс басталғаннан кейін 10 с өткендегі жүріп өткен жолын табыңыздар.

Шешуі: s дененің t мезетте жүріп өткен жолы болсын. Түзу сызықты қозғалыс үшін t уақыт мезетіндегі v жылдамдығы деп Δt нөлге ұмтылғандағы $[t, t + \Delta t]$ уақыт аралығындағы v_{op} жылдамдығын айтады:

$$v = \lim_{\Delta t \rightarrow 0} v_{op} = \lim_{\Delta t \rightarrow 0} \frac{\Delta s}{\Delta t} = \frac{ds}{dt}, \quad v = \frac{ds}{dt}, \quad ds = v dt \Rightarrow s = \int v dt, \text{ демек,}$$

$$s = \int_0^{10} \sqrt{1+t} dt = \frac{2(1+t)^{\frac{3}{2}}}{\frac{3}{2}} \Big|_0^{10} = \frac{2}{3} \sqrt{(1+t)^3} \Big|_0^{10} = \frac{2}{3} \left(\sqrt{(1+10)^3} - \sqrt{(1+0)^3} \right) =$$


$$= \frac{2}{3} \left(\sqrt{11^3} - 1 \right) = \frac{2}{3} (11\sqrt{11} - 1) \approx 23,7, \quad 23,7 \text{ м}$$

Жауабы: 23,7 м.

Анықталған интегралдар құрылыста, сәулет өнерінде қолданылады. Мысал келтірейік.

№3. Хеопс пирамидасының өлшемдері: биіктігі 140 м, табанының (квадрат) қабырғасы 200 м. Тастың меншікті массасы $\gamma = 2,5 \frac{\text{г}}{\text{см}^3}$. Құрылыс материалдарын жоғары көтеру үшін ауырлық күшін жеңетін жұмыс істеу керек. Осы жұмысты табыңыздар.

Шешуі



Сурет 2. №3 есепке

Белгілеу енгіземіз (2 сурет): $OA = H, AB = H_i, CD = a$

1) $[O, H]$ аралығын (y айнымалысының өзгеру аралығы) элементар қабаттарға бөлеміз: $[0, y_1], [y_1, y_2], \dots [y_i, y_{i+1}], \dots [y_{n-1}, H]$. Пирамиданың элементар қабатының биіктігі $\Delta y_i = y_{i+1} - y_i$ болсын. Осы қабатты табанының ауданы S_i , биіктігі Δy_i

болатын тік призма деп есептейміз. Бөліну нүктелері арқылы пирамиданың табанына параллель жазықтықтар жүргіземіз. Осы қабаттардың бірін толтыратын тасты y_i биіктікке көтеру үшін істелетін жұмыстың жуық түрде жазылған өрнегін табу керек. Алдымен пирамиданы элементар қабаттарға бөліп, олардың бірін толтыратын тастың массасын табайық: $\gamma S_i \Delta y_i$. Енді тасты y_i биіктікке көтеру үшін істелетін жұмысты табайық:

$$\Delta A_i = \gamma S_i \Delta y_i y_i \quad (1)$$

Егер пирамиданы табанына параллель жазықтықпен қиятын болсақ қима мен табанының аудандары олардың пирамида төбесінен қашықтықтарының квадраттарының қатынасындай қатынаста болады.

$$\frac{S_i}{S_{\text{таб}}} = \frac{H_i^2}{H^2}, \quad \text{мұндағы } S_{\text{таб}} = a^2, \quad H_i = H - y_i.$$

$$\text{Сонда, } \frac{S_i}{a^2} = \frac{(H - y_i)^2}{H^2} \Rightarrow S_i = \frac{a^2 (H - y_i)^2}{H^2} \quad (2)$$

$$(2) \rightarrow (1): \Delta A_i \approx \gamma \frac{a^2}{H^2} (H - y_i)^2 \Delta y_i.$$

Ізделінді шаманы оның элементтерінің қосындысынан шек ала отырып табамыз:

$$A = \gamma \frac{a^2}{H^2} \int_0^H y(H - y)^2 dy = \gamma \frac{a^2}{H^2} \left(H^2 \cdot \frac{y^2}{2} - 2Hy \cdot \frac{y^3}{3} + \frac{y^4}{4} \right) \Bigg|_0^H = \gamma \frac{a^2}{H^2} \frac{6H^4 - 8H^4 + 3H^4}{12} = \gamma \frac{a^2 H^2}{12}$$

$$\text{Сонда, } A = \frac{25 \cdot 10^2 \cdot 4 \cdot 10^4 \cdot 14^2 \cdot 10^2}{12} \approx 1,63 \cdot 10^{11}, \quad 1,63 \cdot 10^{11} \text{ Дж}$$

Электр саласында анықталған интегралдың қолданылуына мысалдар келтірейік.

№4. Ток күші $I = I(t)$ үзіліссіз функциясымен берілген. Өткізгіштің көлденең қимасы арқылы тәжірибе басталғаннан бастап санағанда өтетін Q электр мөлшерін қалай анықтауға болады?

Шешуі: Тәжірибе $[0, t]$ аралығында өтсін. Осы уақыт аралығын (кесінді) n бөліктерге бөлеміз. Бөліну нүктелерінің абсциссалары t_1, t_2, \dots, t_{n-1} , ал бөлінген кесінділердің ұзындықтарын $\Delta t_k = t_k - t_{k-1}$ ($k = 1, 2, \dots, n$) түрінде белгілейміз. Кесінділердің ұзындықтары бірдей болмауы мүмкін. Кесінділердің бойынан еркімізше τ_k ($k = 1, 2, \dots, n$) уақытын таңдап аламыз. Δt_k уақыт мезетіндегі ток күші τ_k мезетіндегі ток күшіндей болады деп есептейміз. Яғни, $[t_{k-1}, t_k]$ уақыт аралығы үшін $I(\tau_k)$ тұрақты болып есептеледі. Тұрақты ток үшін өткізгіштің көлденең қимасы арқылы өтетін электр мөлшері ток күшінің осы токтың өтетін уақытына көбейтіндісіне тең. Осыдан Δt_k мезетінде жуықтап $I(\tau_k) \Delta t_k$ ($k = 1, 2, \dots, n$) электр мөлшері өтеді. Сонда, $[0, t]$ кесіндісі арқылы өтетін электр мөлшері $Q \approx I(\tau_1) \Delta t_1 + I(\tau_2) \Delta t_2 + \dots + I(\tau_n) \Delta t_n$ қосындысы арқылы анықталады. Бұл $I(t)$ функциясы үшін $[0, t]$ кесіндісіндегі интегралдық қосынды болып табылады. Сонымен, $Q = \sum_{k=1}^n I(\tau_k) \Delta t_k$. $\max \Delta t_k$ нөлге ұмтылғанда

кесінділер саны шексіз өседі: $n \rightarrow \infty$. Яғни, $Q = \lim_{\substack{\max \Delta t_k \rightarrow 0 \\ (n \rightarrow \infty)}} \sum_{k=1}^n I(\tau_k) \Delta t_k$. Сонда, $[0, t]$


аралығындағы электр мөлшері $Q = \int_0^t I(t) dt$ формуласымен анықталады.

№4. Ток күші $I = 2t^2 - 3t + 2$ үзіліссіз функциясымен берілген. Өткізгіштің көлденең қимасы арқылы 10 с-та өтетін электр мөлшерін табыңыздар.

$$\text{Шешуі: } Q = \int_0^{10} (2t^2 - 3t + 2) dt = \left(\frac{2}{3} t^3 - \frac{3}{2} t^2 + 2t \right) \Big|_0^{10} = 536 \frac{2}{3}, 536 \frac{2}{3} \text{ Кл}$$

№5. $+e$ нүктелік зарядының электр өрісінде $+e_1$ нүктелік заряды қозғалып келеді. Кулон заңы бойынша кеңістіктегі екі нүктелік зарядтардың өзара әсерлесу күші $F = \frac{e_1 e}{r^2}$ формуласы бойынша анықталады. А және В нүктелері $+e$ арқылы өтетін түзудің бойында орналасқан (3 сурет).

Шешуі:



Сурет 3. №4 есепке

dr -ге орын ауыстырғандағы элементар жұмысты қарастырайық:
 $dA = F dr = \frac{e_1 e}{r^2} dr$. Ал, толық жұмыс :

$$A = \int_{r_1}^{r_2} \frac{e_1 e}{r^2} dr = e_1 e \left(-\frac{1}{r} \right) \Big|_{r_1}^{r_2} = e_1 e \left(-\frac{1}{r_2} + \frac{1}{r_1} \right) = e_1 \left(\frac{e}{r_1} - \frac{e}{r_2} \right),$$

мұндағы $\frac{e}{r_1} - \frac{e}{r_2}$ өрнегі А және В нүктелерінің арасындағы потенциалдар айырымын немесе кернеуді өрнектейді.

Қорыта айтқанда анықталған интегралдар жаратылыстану ғылымдарының түрлі салаларында, өндірістік, технологиялық мәселелерді шешуде, көптеген жобаларды іске асыруда, құрылыс және сәулет өнерінде, инженерлік және энергетика салаларында (және т.б.) қолданылады екен. Сондықтан бұл тақырыпты жан-жақты меңгеру аса қажет. Ол үшін есеп шығаруда пәнаралық, пәнішілік байланыстарды жүзеге асырып,

салалас пәндер бойынша білімдерімізді үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет. Осы міндетті жүзеге асыруда қолданбалылық бағыттағы есептерді шешудің мәні зор.

1. Көбесов А., «Математика тарихы» - А. Мектеп 1966ж.
2. Собалақов А., «Математика тарихынан» А. Мектеп 1966ж.
3. Бекжігітова М. Т., Бекжігітова Г. С., Нурсейтова Д. Б. Математика тарихындағы ұлы есімдер.-Алматы, 2012
4. Берман Г. Н., Сборник задач по курсу математического анализа – М.,1985г.
5. Плотникова Л. А., Ершова Г. П., Земскова А. М., Рейсгоф М. Л., Решения физико-механических задач по определенным интегралом и дифференциальным уравнениям.Свердловск, 1960г.
6. Каплан И. А. Практические занятия по высшей математике М., 1971г.

ӘОЖ 372.92

**К.М. Беркімбаев, Ә.Х. Сарыбаева,
Б. Құрбанбеков, А.С. Баймаханова, А. Бекаева**

ЖОО-ДА «ЭЛЕКТР ЖӘНЕ МАГНЕТИЗМ» БӨЛІМІН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

(Түркістан қ., Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті)

«ЖОО-да «Электр және магнетизм» бөлімін оқытуды компьютерлік модельдерді қолдану әдістемесі» атты мақаласы қазіргі қоғамның өзекті тақыраптарының біріне арналған. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру, оқытудың мазмұны мен технологияларының жаңаруы белсенді зерттеу мен теориялық ұғыну объектісі болып табылады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіруде ақпараттық технологияларды пайдалану және оларды оқу процессінде қолданудың тиімді технологияларын пайдалану өте маңызды. Физикалық білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың ең перспективті бағыттарының бірі – физикалық құбылыстар мен процесстерді компьютерлік модельдеу болып табылады. Осы жұмыста ЖОО-да «Электр және магнетизм» бөлімін оқытуды компьютерлік модельдерді қолдану әдістемесі қарастырылған және бірнеше компьютерлік модельдер көрсетілген.

Статья «Методы применения компьютерных моделей при изучении главы «Электричество и магнетизм»» посвящена одной из актуальных тем современного общества. Проблема совершенствования профессиональной подготовки будущих учителей, обновление содержания и технологий обучения является постоянным объектом активного исследования и теоретического осмысления. При совершенствовании профессиональной подготовки будущих учителей важное значение имеет использование информационных технологий. Одним из наиболее перспективных направлений использования информационных технологий в физическом образовании является компьютерное моделирование физических явлений и процессов. В данной статье рассмотрены методика использования компьютерных моделей при изучении главы «Электричество и магнетизм» и показаны некоторые компьютерны модели.

The article "Methods of using computer models to study the chapter" Elektricheskstvo and Magnetism "" dedicated to one of the topical issues of contemporary society.

The challenge of improving the training of future teachers, updating content and technology education is a constant subject of active research and theoretical reflection. In improving the training of future teachers is important use of information technology. One of the most promising applications of information technology in physical education is a computer simulation of physical phenomena and processes. This article describes the technique of using computer models in the study of chapter "Electricity and Magnetism" and shows some of the computer models.

Түйін сөздер: компьютерлік модельдер, физиканы оқыту әдістемесі, электр және магнетизм, кәсіби даярлық.

Ключевые слова: компьютерные модели, методика обучения физике, электричество и магнетизм, профессиональная подготовка.

Keywords: computer models, methods of teaching physics, electricity and magnetism, training.

Кіріспе

Қазіргі кездегі ақпараттық-компьютерлік технологиялардың мәселесін шешу тәсілдерін қолданып технологиялық үдерістерді талдау, компьютерлік модельдеу мәселесіне сәйкес ғылымилық, жүйелік, бірізділік, саналылық ұстанымдары негізінде, жаңа заманауи технологияларды қолдануды жоспарлау бір-бірімен тығыз байланысты - жоғары білім берудің біртұтас стратегиясы мен мақсатымен бірлестікте қарастырылады.

Соңғы кезде физиканың оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында компьютерлік модельдеу әдісіне үлкен назар аударыла бастады. Сондай-ақ, оқытудың компьютерлік модельдеу құралдарын қолдану, имитациялық бағдарламаларды жобалау, оқу экспериментінде имитациялық модельдер жүйесін қолдану жайлы Н.В.Разумовская [1], физиканы оқытуда оқушылардың танымдық белсенділігін модельдеу арқылы арттыру туралы А.И.Песин [2], техникалық ЖОО-дардағы қолданбалы физика есептерін шығару процесінде математикалық модельдеу әдісін қолдану жайлы В.А.Дайбов [3], компьютерлік модельдеудің негізінде мектеп физикасын оқытудың әдістемесі жөнінде Э.А.Абдыкеримова [4], компьютерлік оқыту бағдарламаларын физиканы оқыту мысалында қолдану туралы С.Е.Алдешов [5], физика саласында білім беруді ақпараттандыру жайлы Н.Н.Керімбаев [6] және т.б. зерттеулер жүргізді.

Бұл зерттеулерде әрқайсысы жеке тақырыптарды ғана талдаумен шектелген. Олар, өкінішке орай, «Электр және магнетизм» бөлімін толық қамтымаған және жаңа ақпараттық-коммуникациялық құралдарды, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану жолдарын қарастырмаған. Осы жағдайды ескеріп, компьютерлік модельдерді құруда біз «Электр және магнетизм» бөлімінің қажетті деп таңдап алынған тақырыптарын қамтуға тырыстық.

Негізгі бөлім

Жалпы физика курсының «Электр және магнетизм» бөлімін оқытуда көптеген дидактикалық, әдістемелік қиындықтар кездеседі. Себебі, электр және магнетизм бөлімінде физикалық құбылыстарды нақты әрі көрнекі тәжірибелер жасап көрсеткенмен, онда жүретін процестерді көрсету мүмкін емес. Жер бетіндегі табиғи үдерістер мен көптеген техникалық қолданыстарда электромагниттік құбылыстар басты рөл атқарады. Жоғары оқу орындарының студенттері үшін де ғылыми-зерттеу орталықтары мен өндірісте қолданылатын физикалық қондырғыларда орын алатын аса күрделі физикалық процестерді елестетіп, олардың жұмыс істеу ұстанымдарын түсіндіру көптеген қиындықтарды туғызады. Міне, осындай қиындықтардан шығудың нақты жолдарының бірі – электр және магнетизм бөлімін түсіндірудің компьютерлік модельдерін (КМ) жасау болып табылады.

Дәстүрлі оқулықтарда электр және магнетизм бөлімі негізгі идеяларымен таныстыру электростатика, электр өрісіндегі өткізгіштер, диэлектриктегі электр өрісі,

электростатикалық өрістің энергиясы, тұрақты ток, қатты денелердің электр өткізгіштігі, электролиттердегі электр тогы, магнит өрісі, заттардың магниттік қасиеттері, электр магниттік индукция, электр магниттік өріс, электр магниттік тербелістер мен толқындар тақырыптарын зерделеу бағытымен жүзеге асырылады. Яғни, электр және магниттік физикалық құбылыстарды студенттерге түсіндірудің бір қиыншылығы - олар көзге көрінбейтін, қолмен сезінуге болмайтын құбылыстар. Мысалы, электр бөлімінен электр тогы ішінде болатын процестер микропроцестер, магнетизм бөлімінен магнит өрісінің әсерінен жазық пластина өткізгіште болатын Холл эффектісін демонстрациялап көрсету мүмкін емес.

Осы орайда, 5B011000 –физика мұғалімі, 5B060400–физик зерттеуші мамандықтары үшін бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ұсынылған «Электр және магнетизм» пәнінің мазмұнын қарастырайық [7, 8].

5B011000 - физика мұғалімі, 5B060400 - физик зерттеуші мамандықтарында оқитын студенттер үшін «Электр және магнетизм» пәніне жоспарланған кредит саны – 3, яғни 135 сағат, оның ішінде лекцияға 15 сағат, практикалық сабаққа 15 сағат, лабораториялық сабаққа 15 сағат, оқытушы басшылығымен өтетін өзіндік жұмысқа (ОБСӨЖ) 45 сағат, студенттің өзіндік жұмысына (СӨЖ) 45 сағат бөлінген. Осыған сәйкес пәннің силлабусы, лекциялық, практикалық және лабораториялық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспары, СӨЖ тақырыптарының тізімі дайындалды.

Осы сағаттардың ара қатынасын ескере отырып, «Электр және магнетизм» бөлімі құрайтын тақырыптарды толық шолу мақсатында лекция сабағында қаралатын мәселелер, практикалық сабақта шығарылатын есептер, лабораториялық сабақта орындалатын жұмыс, студенттің оқытушы басшылығымен орындайтын жұмысы, студенттің өзі орындайтын жұмыстары дәл анықталды.

Осыған байланысты, жоғары оқу орындарының физика курсындағы «Электр және магнетизм» бөлімінің «Әр түрлі ортадағы электр тогы» тарауына құбылыстар мен процесстерге компьютерді пайдаланып оқыту үшін компьютерлік модельдерін жасақтадық. Бұл жасалынған компьютерлік модельдер дербес компьютермен жабдықталған аудиторияларда пайдалануға арналған. КМ әрбір тарау бойынша оқытушы және тест (бақылаушы) бағдарламалардан тұрады. Оқытушы бағдарламалар тараулардың негізгі физикалық құбылыстарын түсіндіруге арналған, ал бақылаушы бағдарлама студенттердің білім сапасын тексеруге арналған тесттерден тұрады. Ал, тесттер білімін жедел түрде тексеруге арналған.

Ұсынылып отырған компьютерлік модельдермен жұмыс жасаған кезде студенттер компьютердің мультимедиялық құралдарын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік алады, ал мониторда теориялық материалдармен қатар иллюстрациялық бейнелер, диаграммалар және құбылыстың динамикасын көреді.


Бұл оқытушыға сабақтың оқыту кезеңдері мен ұйымдастыру формасына орай аталмыш тақырып бойынша компьютерлік модельдерді таңдап алуға мүмкіндік береді. Бағдарламаларды іске асыру тілі: 3D MAX, Macromedia FLASH 7.0.

Біздің республикамызға территориясы күшті ерекшеленетін климаттық жағдай тән. Жұмсақ климатты елдің оңтүстік аудандарында, Каспий маңында жел энергетикалық қондырғыларын (ЖЭҚ) қолайсыз метео факторлардан қорғамай-ақ пайдалануға болады. Климаты шұғыл континентальді және қысы қатаң солтүстік, оңтүстік, батыс аймақтары айрықша жел электр қондырғысын (ЖЭҚ) қажет етеді. Мұнда көп күндік қарлы борандар және мұз қатып қалу құбылыстары жиі және жылуға жел электр қондырғысының (ЖЭҚ) электр энергиясына зәру кезде олар істен шығып қалады. Қондырғыға жабысқан ылғалды қардың температурасы төмендеп және оларда ауыр мұзды жамылғының түзілуі есебіненбүлінеді. Сондықтан жаңа перспективті ЖЭҚ-ын жасау үшін, сонымен қатар ол күрделі метео жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті болу үшін өзіміздің тәжірибеміз, өндірісіміз, технологиямыз болуы қажет [5].

Жел турбиналары

Жел турбиналарының конструкциясы әрқилы, бірақ оларды жұмыс істеу принципіне байланысты негізгі үш типке – **желкенді, пропеллерлі және қанатшалы** деп бөлуге болады.




2-сурет. Желкенді типті жел қабылдағыш құрылғылардың сызбанұсқасы.




3-сурет. Эксперименттік жел қондырғысы (Англия): а) Үш қалақшалы пропеллерлі жел турбинасы; б) Тік қалақшалы Дарье жел турбинасы.


Ұсынылып отырған қондырғының ерекшелігі турбинаның әрбір мұнарасының автономдық принципінің конструкциясында. Жел энергиясын пайдаланудың эффективті коэффициентінің өсуі валдардың айналу энергияларының қосындысына тең. Бидарье құрылғысы екі коаксиальды валдан тұрады (Сурет 4,5,6).



Сурет 4. Тік қалақшалы құрастырмалы жел турбинасы



Сурет 5. Тропоскино жүйесіндегі құрастырмалы Бидарье жел турбинасы



Сурет 6. Тропоскино жүйесіндегі құрастырмалы Бидарье жел турбинасы

Сурет (4,5,6). Айналу осі вертикаль орналасқан карусель типті жел турбиналары

Дарье жел турбинасының жұмысшы қалақшалары айналу валына серпердің көмегімен немесе тропоскино әдісімен бекітіледі. Бидарье құрылғысының

артықшылығы автономды тәуелсіз айналып, жел энергиясын ток генераторына берілуінде. Валдар бір-біріне подшипник арқылы бөлінген.

Жел қондырғысын вертикаль жағдайда ұстап тұратын мұнарада әрқайсысының жалғыз жұмысшы қалақшасымен байланысқан 2 немесе 3 осьтес біліктері және өздерінің ток генераторлары болады. Біліктер өзара подшипниктер арқылы бөлінген және бір-бірінен тәуелсіз автономды түрде жұмыс істейді. Егер агрегатта 3 білік болса, олардың айналу энергиясы әртүрлі 3 ток генераторына беріледі де, әр генераторларда өндірілген электр энергиясы өзара қосылады. Қарастырып отырған конструкцияның ерекшелігі 3 тәуелсіз жұмыс істейтін біліктерден желдің жоғарғы энергиясын алу болып табылады, яғни жел энергиясын пайдалану коэффициентінің эффективті мәні 0,9 - ға жеткізіледі. Біліктері бір – бірінен подшипник арқылы бөлінеді. Мұндай типті қалақшаның тиімділігі өте жоғары.



Сурет 4а. Бидарье жел турбинасының лабораториялық моделі



Сурет 5а. Бидарье жел турбинасының турбинасы



Сурет 6а. 3 қалақшалы Дарье жел турбинасы (Щучинск қ.)

Тік қалақшалы Дарье жел турбинасының қуаты F ауданға, желдің жылдамдығының кубына және жел энергиясын пайдалану коэффициентінің көбейтіндісіне тура пропорционал.

Қамтылған бірлік аудандағы қуат

$$N_{жс} = \xi F \rho \frac{U^3}{2} \quad (1)$$


Бидарье жел турбинасы қарапайым Дарье жел турбинасы тәрізді жұмыс істейді, бірақ жел энергиясын пайдалану коэффициенті жоғары. Бұл қалақшаларға жел ағынының жел жағындағы және ық жағындағы әсер етуші күш моменттерінің бірдей еместігімен түсіндіріледі.

Екі қалақшалы Бидарье турбинасы жел жағынан 26% энергия, ал ық жағынан тек 12% энергия өндіреді, нәтижесінде 38%. Дарье жел турбинасына қарағанда әр генератордың өндіретін электрлік қуаты 38%, яғни бидарьедегі екі генератор 76% электрлік қуатын өндіреді.

Жел қуатының мол қоры мен мүмкіндігі бар Қазақстанда жел электр қондырғыларын жасап, оны пайдаланудың келешегі зор. Бұл ең алдымен экологиялық жағынан таза, онша көп қаржы кетпейді, жұмсалған шығын тез өтеледі және басты артықшылығы қиян түпкірдегі ауылдарға, халқы аз елді мекендерге апарып қолдануға болады. Шағын және орта деңгейді шаруашылықтар үшін де қолайлы. Жел энергиясын

пайдаланудың қай жағынан алып қараса да пайдасы зор. Себебі көптеген шаруашылықтар электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген жерлерде орналасқан, кейбір тұтынушылардың жұмысы (геологтар, археологтар, альпинистер экспедициялық түрде болып келеді және республикамызда электр энергиясының тапшылығына байланысты жекеменшік желэнергиясына қызығушылық электр энергиясының бағасының үнемі өсуінен болып отыр [6,3].

9-суретте Америка ғалымдарының тәжірибелерінің нәтижелері келтірілген. Суреттен көрініп тұрғандай желкенді жел турбинасының жел энергиясын пайдалану коэффициентінің (кси) максимал мәні 0,15. Сонымен қатар, қалақшаның сызықтық жылдамдығы мен жел жылдамдығы теңескенде жел энергиясын пайдалану коэффициенті нольге тең болады. Пропеллерлік жел турбинасының жел энергиясын пайдалану коэффициентінің максимал мәні 0,3-ке тең. Тік қалақшалы Дарье жел турбинасының энергиясын пайдалану коэффициентінің максимал мәні 0,45-ке тең.



7-сурет. Жел энергиясын пайдалану коэффициенті ξ мен жүрдектігі χ арасындығы тәуелділік. I - Савониус роторы, II - төрт қалақшалы жел дөңгелек, III - көп қалақшалы жел дөңгелек, IV - Дарье жел дөңгелегі, V - екі қалақшалы желдөңгелек, VI – идеальді желдөңгелек, VII- ВЭУБ.

Соңғы кездері карусель типті қалақшалы жел турбиналары (Дарье жел электр қондырғысы) қызығушылық тудыруда[7]. Дарье аппаратының жоғарыда келтірілген жел турбиналарымен салыстырғанда төмендегідей артықшылықтары бар. 1) турбинаның айналу осі вертикаль орналасқандықтан желдің бағытына тәуелді. 2) Жел энергиясы қамтылған аудан пропеллерлік қондырғыдан кем емес. 3) электр генераторы және басқа құрал-жабдықтар жер бетінде орналасады. 4) конструкциясын кез-келген заводта жасауға болады және жел энергиясын пайдалану коэффициенті жоғары. 5) қалақшалары симметриялық NASA профилі түрінде болғандықтан, жел ағысымен жақсы ағысталады, сондықтан салыстырмалы түрде турбинаның шуылы бәсең болады.

Кез –келген айналмалы қозғалыстағы турбина желдің жолына кедергі жасайды. Неғұрлым қалақшаның саны көп болса, соғұрлым турбинаның кедергісі үлкен болады және аз энергия өндіреді. Жел кедергісін айналып өтіп, жел электр қондырғысына өзінің энергиясын береді.

Қазақстанда жел электр станциясы жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар бар. Елімізде жел энергиясының қоры дүние жүзінде өндірілетін электр энергиясынан 2,5 есе артық. Өндірілген энергияны ондаған, жүздеген мың километрге тасымалдау үшін, жоғары вольтті электр желілерін, төмендеткіш трансформаторларды іске қосу керек.

Оған көп қаражат қажет және халық сирек қоныстанған жерге ақша жұмсау тиімсіз. Сондықтан желді аудандарда жел қондырғысын, ал оңтүстіктерде күн энергетикасын пайдаланған дұрыс. Сонымен қатар дәстүрлі энергия көздерінің қоры таусылуға жақын және зор экологиялық зиян келтіруде. Жел энергетикасының Қазақстанда дамуының негізгі аргументі экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілеріне байланысты.

1. Чжен П. Отрывные течения. М.: Мир, 1972. Т. 1.-299с.
2. Лойцянский Л.Г. Механика жидкости и газа.:Наука, 1987.-904с.
3. «Вертикально- осевые составные ветротурбины карусельного типа», Ершина.А.К, Ершин Ч.Ш., дата подачи патента: 15.02.2006 г., 40 стр.
4. Безруких П.П. Использование энергии ветра. Техника, экономика, экология. - М.:Колос, 2008г.-196 стр.
5. ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысындағы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдану туралы» заң жобасы бойынша Энергетика және минералдық ресурстар министрі Сауат Мыңбаевтың баяндамасы. М., 1988.-с. 63-70.
6. Манатбаев Р.К., Ершина А.К., Тулепбергенов А.К. Задача о теплообмене вращающейся турбины с окружающей средой. Международная конференция “ACTUAL PROBLEMS OF COMPUTER SCINCES”. Алматы 4-6 марта 2003 С.69-70.
7. Предварительный патент №19114 РК, F03D 3/06 (2006/01). Ветротурбина Бидарье/ Ершина А.К. и др. - № 2006/0166.1; заявлено 15.02.2006; опубл. 15.02.2008, бюл. №2.

ӘОЖ 37.091.212.3:004.9 043

**С.Н. Жаңбыршиев, Ш.Р. Ерматов, С.Е. Алдешов,
Ә.Қ. Бүркіт, Т.Қ. Беркутова**

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚПЕН ЖҰМЫС – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

*(Шымкент қ. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті «Отырар» институты,
Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті)*

Мақалада дарынды балаларды жаратылыстану-математика пәндерін оқыту барысында дайын электрондық оқулықтар көмегімен оқыту үдерісінде дарынды балалардың ойлау белсенділігін дамытудың бағдарламалық, проблемалық, эвристикалық және зерттеушілік әдістері қарастырылды.

В статье рассматриваются программные, проблемные, эвристические и исследовательские методы развития мысленной активности одаренных детей в обучении естественно-математическим предметам с помощью электронных учебников.

In this article the programmatic, problem, heuristic and research methods of development of mental activity of the gifted children are examined in educating of naturally-mathematical objects by means of electronic textbooks in an educational process.

Түйін сөздер: бағдарламалық, проблемалық, эвристикалық, зерттеушілік, әдіс, компьютерлік технология.

Ключевые слова: программный, проблемный, эвристический, исследовательский, метод, компьютерная технология.

Keywords: software, problem, heuristic, research, a method, a computer technology

Бүгінде жаратылыстану-математика және сызу, бейнелеу өнері пәндерін оқытудың ең басты мақсаты – дарынды балалардың білім алу белсенділігін арттыру. Мұғалімнің жәрдемімен дарынды балалардың өздігінше білім алуына баса көңіл бөлу. Ол үшін оқыту үдерісінде дарынды балалардың ойлау белсенділігін дамытудың *бағдарламалық, проблемалық, эвристикалық және зерттеушілік* әдістерін қарастырайық. Бұлар дарынды балалардың білімділік, біліктілік қызметінің деңгейіне сәйкес жүргізіледі.

Бағдарламалық оқыту бойынша дарынды балалар бағдарламаланған оқулықтан немесе компьютерге енгізілген арнайы құрастырылған оқыту құралдарынан білім алады (1-4-суреттерде).

МАТЕМАТИКА 9 сынып

Айналу денелері. Цилиндр

Тапсырма. Цилиндрдің бүйір бетінің ауданы $S_{б.б.} = 120 \text{ дм}^2$, $d = 10 \text{ дм}$. Цилиндрдің көлемін табыңыз.

Шешуі:

$$S = 2\pi rH$$

$$r = 5 \text{ дм}$$

$$120\pi = 10\pi H$$

$$H = 12 \text{ дм}$$

$$V = \pi r^2 H = \pi \cdot 25 \cdot 12 = 300\pi$$

1 2 3

Түсініктеме Есеп шығару үлгісі Тапсырма Тест Аяқтама

МАТЕМАТИКА 9 сынып

Кубтың қыры 8 см.
Кубтың толық бетінің ауданын табыңыз.

Жауабы: S =

Тексеру

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Түсініктеме Есеп шығару үлгісі Тапсырма Тест Аяқтама

МАТЕМАТИКА 9 сынып

Цилиндрдің биіктігі 10 см, табанының радиусы 1 см

Жауабы:

$$S_{сеч} = \square \sqrt{\square}$$

Тексеру

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Түсініктеме Есеп шығару үлгісі Тапсырма Тест Аяқтама

МАТЕМАТИКА 9 сынып

Белгі	Оқылуы	Мысал
	параллельдік	$a b$
⊥	перпендикулярлық	$a⊥b$
∩	қиылысады	$a∩b$
∠	бұрыш	$\angle ABC$
∪	доға	$\cup AB$
Δ	үшбұрыш	ΔABC
∅	диаметр	$\emptyset = 10$
↗	ұқсас	$\Delta ABC \sim \Delta KLM$
π	шеңбердің ұзындығының диаметрге қатынасы	$\pi = 3,14159$
°	градус	60°
'	минут	$25'$
"	секунд	$40'36''25$

Үшбұрыштар Көпбұрыштар Сегмент және сектор Глоесарий
Төртбұрыштар Шеңбер және дөңгелек Үшбұрыштың ішкі сызықтары Математикалық белгіленулер
Геометриялық белгіленулер

Түсініктеме Есеп шығару үлгісі Тапсырма Тест Аяқтама




1-сурет. «Айналу денелері» тақырыбын оқытуда электрондық оқулықты қолдану.

2-сурет. «Цилиндр» тақырыбын оқытуда электрондық оқулықты қолдану.

Бағдарламалық оқыту әдісіне бағдарламалық картаны қолданса, оқу пәнінің белгілі бір тарауын өз бетінше оқып игеруді жүзеге асыруды көздеген нұсқаулардың реттелген жүйесімен жұмыс істейді. Мұндағы басты ерекшелік, арнайы құрастырылған тақырыпты оқушылар өз бетінше оқып үйрену барысында өзінің іс-әрекетінің дұрыстығын дер кезінде бақылап отыруына мүмкіндігі болады.

10 сынып
МАТЕМАТИКА

Тұзды суда еріткенде, алғашында тұздың суда еру жылдамдығы үлкен, болады, кейін ерітінді қаныққан сайын еру жылдамдығы азая түседі. t уақыт мезетінде еріген тұздың массасын $x(t)$ деп белгілесек, көрсетілген графиктердің қайсысы осы үдірісті сипаттайды?








10 сынып
МАТЕМАТИКА

Тең қабырғалы ұшбұрыштың қабырғалары 3 м-ге тең. Ұшбұрыштың әр төбесінен 2 м қашықтықтағы нүктелері ұшбұрыш жазықтығына дейінгі ара қашықтығы табылса?

Берілгені: $\triangle ABC$ -тең қабырғалы, $AB = BC = AC = 3$ м, $SA = SC = SB = 2$ м.

Табу керек: SO






Жауабы: 1 м.

3-сурет. «Пирамида» тақырыбын оқытуда электрондық оқулықты қолдану.

10 сынып
МАТЕМАТИКА

11. Кез келген ұшбұрыш (AB және C төбелеріне қарсы жатқан бұрыштары сәйкесінше a, b, c ; α, β, γ - AB, C бұрыштарының шамалары; p - жарты периметр; R - сырттай сызылған шеңбердің радиусы; r - іштей сызылған шеңбердің радиусы; S - аудан; h_a - A төбесінен түсірілген биіктік)



$$S = \frac{1}{2} h_a a \quad S = \sqrt{p(p-a)(p-b)(p-c)} \quad r = \frac{S}{p} \quad R = \frac{abc}{4S}$$

$$S = \frac{1}{2} bc \sin \alpha \quad \frac{a}{\sin \alpha} = \frac{b}{\sin \beta} = \frac{c}{\sin \gamma} = 2R \text{ - синустар теоремасы,}$$

$$a^2 = b^2 + c^2 - 2bc \cos \alpha \text{ - косинустар теоремасы}$$

➔

Үшбұрыштар	Көпбұрыштар	Сегмент және сектор	Глоссарий
Төртбұрыштар	Шеңбер және дөңгелек	Үшбұрыштың іштей сызылғандары	Математикалық белгіленулер
			Геометриялық белгіленулер

10 сынып
МАТЕМАТИКА

1. Кез келген төртбұрыш (d_1 и d_2 - диагональдар; ϕ - олардың арасындағы бұрыш; S - аудан):

$$S = \frac{1}{2} d_1 d_2 \sin \phi$$

Қабырғалар мен диагональдар арасындағы байланыс: $a^2 + b^2 + c^2 + d^2 = d_1^2 + d_2^2 + 4m^2$, мұндағы, a, b, c, d - қабырғалар; m - диагональдарының орталарын қосатын кесінді.

Төртбұрыштардың қасиеттері:

Төртбұрышқа іштей шеңбер жүргізу үшін қарама-қарсы қабырғалары тең болуы қажетті және жеткілікті: $a+c=b+d$

Төртбұрышқа сырттай шеңбер жүргізу үшін қарама-қарсы бұрыштары тең болуы қажетті және жеткілікті:

$$\alpha + \gamma = \beta + \delta = 180^\circ$$

Іштей сызылған төртбұрыштар үшін келесі формулалар орындалады:

$$ac+bd=d_1 d_2; \quad p=(a+b+c+d)/2; \quad S = \sqrt{(p-a)(p-b)(p-c)(p-d)}$$

➔

Үшбұрыштар	Көпбұрыштар	Сегмент және сектор	Глоссарий
Төртбұрыштар	Шеңбер және дөңгелек	Үшбұрыштың іштей сызылғандары	Математикалық белгіленулер
			Геометриялық белгіленулер

4-сурет. «Шеңбер» тақырыбын оқытуда электрондық оқулықты қолдану.

Проблемалық оқыту әдісінің мәні: мұғалім проблема қойып, оны өзі шешеді, бірақ бұл шешімін шынайы дегенмен дарынды балаларға ұғынықты жолдарын аңғарта отырып, ойдың шешім жолындағы қозғалысын ашып көрсетеді». Егер бағдарламаланған оқытудың негізіне ойлаудың алгоритмдік түрі жатса, проблемалық оқыту шығармашылық, тапқыр ойлауға сүйенеді, дарынды балалардың ойлау белсенділігін арттырады. Бұлай ойлау стандартты емес мәселелерді шешуде қажет болады. Мәселені проблемалық әдіспен баяндағанда (проблемалық жағдай туғызу, проблемалық сұрақтар қойып ойландыру т.б.) дарынды балалар мектеп оқушыларының қызығушылығы артып, өздерін ғылыми жаңалықты ашушылар ретінде сезінеді.

Проблемалық оқыту теориясын көптеген педагогтар өз еңбектерінде (Выготский Л.С., М.И.Махмутов, А.М. Матюшкин, В.Оконь т.б.) терең зерттеген. Бұл теорияның басты ұғымы «проблема» (кездейсоқтық жағдай) болып табылады [1].

Кездейсоқтық жағдайға осылайша келудің шығармашылық құндылығы жоғары, себебі, теорияның тууы мен оның шешімін дарынды балаларға көрсету жаңалықтың эвристикалық қуатын бағалауға, терең ойлануға жетелейді.

Проблемалық оқытудың негізін «проблемалық жағдай» мен «оқыту үдерісіндегі проблеманы шешу» құрайды. Проблемалық жағдай – оқыту үдерісінде түсініксіздік сипатында пайда болған объективті мәселе. Ол мәселені дарынды балалардың ойлау

әрекеттерінің жоғары деңгейімен ғана шешуі мүмкін. Сондықтан, дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытудың технологиясы – оқыту үдерісіндегі проблемалық оқыту әдісі болып табылады. Проблемалық оқыту әдісі – оқушылардың проблемалық ойлануын, берілген білімді меңгеруін қамтамасыз ете отырып, мұғалімнің нұсқауымен жүргізіледі. Мұндағы проблемалық мәселе – ізденістің негізі, қиындықтың басты бағдары. Дарынды балалар мектеп оқушыларының өзіндік ізденіс жұмыстарын оқыту үдерісінде ұйымдастырғанда қосымша проблемалық ахуал жасау бірден-бір қажеттілік.

Эвристикалық әдіс негізінен сұхбаттық (сұрақ-жауап) формадағы ішінара зерттеу әдісі ретіндегі әңгіме. Мұнда мұғалім дарынды балаларға білімді, ұғымды бірден дайын күйінде бермей, кезегімен қойылған сұрақтар арқылы олардың білімдері мен бақылауларына және өмір тәжірибесіне сүйеніп, жаңа ұғымдар мен ережелерге, заңдылықтарға қарай бағыт беру. Эвристикалық әңгіме әдісі дарынды балалардың ізденімпаздығын, өз бетінше ойлау қабілетін, шығармашылық белсенділігін дамытуды көздейтін әдіс. Эвристикалық әңгімеде қойылатын сұрақтар ішінде олар бірден жауап бере алмайтын проблемалық сұрақтар кездеседі. Бұрыннан білетін білімді еске түсіріп, жаңғыртуға арналған сұрақтар мұнда тек қана көмекші білім бола алады.

Эвристикалық әңгіме әдісін басқа оқыту әдістерімен байланыстыра қолданған дұрыс. Оған оңтайлылары ретінде проблемалық, бағдарламалық әдістерді алуымызға болады. Себебі, эвристикалық әңгіме әдісі синтетикалық әдістерден гөрі аналитикалық әдістермен жақсы ұштасады.

Эвристикалық әңгіме-сұрақтар жүйесі бірқанша шарттарды қанағаттандыруы керек: сұрақтар логикалық жағынан жүйелі, қысқа, дәл болуы; күмәнді, сенімсіз болмауы, жауабын табуда дарынды балалардың жан-жақты ойлануына кең жол ашуы т.б. Сондай-ақ сұрақтарға сәйкес олардың берген жауаптары да дәл және толық, басқаларға түсінікті болуы қажет.

Мәселен, Ара қашықтығы 15 км болатын А қаласынан В ауылына бір мезгілде екі жолаушы жолға шықты. Олар бір мезгілде В ауылына келулері керек еді. Екінші жолаушы бірінші жолаушыдан сағатына 1 км аз жүргендіктен жарты сағат кеш келді. Әрбір жолаушы қандай жылдамдықпен жүрген ?

Міне осындай мәселе есептің мазмұнын, компьютер экранында өтіп жатқан қозғалысты көргеннен кейін дарынды балаларға сұраққа жауап беру қиынға түспейді.

Мұғалім: Есептің шарты қандай? Онда нелер берілген? Есептің шартында қандай шамалар қатысқан ?

Оқушы: А қаласынан В ауылына дейінгі қашықтық 15 км екені берілген. Жолаушылардың жылдамдықтарының арасында және берілген ара қашықтықты жүріп өтуге кеткен уақыттардың арасындағы айырма берілген. Бұл есептің шартында ара қашықтық және уақыт шамалары берілген.

Мұғалім: Есепте нені табу керек ?

Оқушы: Есепте әрбір жолаушының жылдамдығын табуды сұрайды.

Мұғалім: Жолаушылардың жылдамдықтарын табу үшін қандай формулаларды қолданамыз ?

Оқушы: Бізге физика курсынан белгілі $S=v*t$, $v=S/t$ формулаларын қолданамыз.

Мұғалім: Есептің шартына қарай нені x арқылы белгілейміз.

Оқушы: А қаласынан В ауылына қарай шыққан бірінші жолаушының жылдамдығын $v_1 = x$ км/сағ деп белгілейміз.

Мұғалім: Егер біз бірінші жолаушының жылдамдығын x десек, екінші жолаушының жылдамдығын осы белгісіз шама арқылы өрнектей аламыз ба?

Оқушы: Ия, $v_2 = (x-1)$ км/сағ екінші жолаушының жүрген жылдамдығы болады.

Мұғалім: А қаласынан В ауылына дейінгі қашықтықты бірінші жолаушы қанша уақытта жүріп өтеді ?

Оқушы: $\frac{15}{x}$ сағатта.

Мұғалім: Жолаушылардың 15 км ара қашықтықты жүріп өтуге кеткен уақыттары үшін қандай теңдеу құруға болады ?

Оқушы: $\frac{15}{x-1} - \frac{1}{2} = \frac{15}{x}$ теңдеуі арқылы.

Мұғалім: Бұл теңдеуді қалай шешеміз ?

Оқушы: Теңдеуді шешудің жалпы ережесі бойынша:

$$30x-30=30x-x^2+x, x^2-x-30=0, x_{1,2}=\frac{1\pm 11}{2}, x_1=6, x_2=-5.$$

Жауабы: $v_1=6$ км/сағ, $v_2=5$ км/сағ

Нәтижеде, бірінші жолаушының жылдамдығы 6 км/сағ, екінші жолаушының жылдамдығы $v_2=5$ км/сағ-қа тең екені шығады.

Эвристикалық әдісте мұғалім дарынды балалардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне сай ізденіс жүргізуге тартатын сұрақтар жүйесін алдын-ала дайындап алады.

2-мысал. $|x^2-3x-1|=3$ теңдеуін шешуде эвристикалық әдісті қолданып көрейік.

Компьютер мен оқушы арасындағы әңгіме:

Компьютер: $|x^2-3x-1|=3$ теңдеуі қалай шешіледі ?

Оқушы: $|x^2-3x-1|=3$ теңдеуін шешу үшін, оны мына түрде $x^2-3x-1=3$ және $-x^2+3x+1=3$ жазып аламыз.

Компьютер: $x^2-3x-1=3$ және $-x^2+3x+1=3$ теңдеулерін қандай ережеге сүйеніп жаздыңыз ?

Оқушы: Егер бізге $|a|$ саны берілген болса, онда модульдің анықтамасы бойынша:

$$|a| = \begin{cases} a, & \text{егер } a > 0, \\ -a, & \text{егер } a < 0. \end{cases}$$

Компьютер: Дұрыс, онда шыққан теңдеулер қалай шешіледі ?

Оқушы: $x^2-3x-1=3, x^2-3x-1-3=0, x^2-3x-4=0$

Компьютер: $x^2-3x-4=0$ теңдеуін қандай формуланы пайдаланып шешеміз ?

Оқушы: $x^2-3x-4=0$ теңдеуі $x^2+px+q=0$ түріне келді, бұл келтірілген квадрат теңдеу.

Мұғалім: Кім жауап береді, $x^2+px+q=0$ теңдеуінің жалпы шешімі қандай формуламен анықталады ?

Оқушы: $x^2+px+q=0$ теңдеуінің шешімі $x_{1,2}=\frac{3\pm 5}{2}, x_1=-1, x_2=4.$

Компьютер: $-x^2+3x+1=3$ теңдеуі қалай шешіледі ?

Оқушы: $-x^2+3x+1-3=0$

Компьютер: Ары қарай қалай жүреді ?

Оқушы: Ұқсас мүшелерін біріктіреміз: $-x^2+3x-2=0.$

Компьютер: Белгісіз x-тің алдында тұрған минус таңбасын, оң таңбаға айналдыру үшін не істейміз ?

Оқушы: Теңдіктің екі жағын да бірдей (-1)-ге көбейтеміз. Сонда:

$$-x^2+3x-2=0 (-1), x^2-3x+2=0.$$

Бұл теңдеу де жоғарыдағы тәсілмен шешіледі:

$$x_{3,4}=\frac{3\pm 1}{2}, x_3=1, x_4=2.$$

Жауабы: $x_1=-1, x_2=4, x_3=1, x_4=2.$

Осылайша, дарынды балаларды жаратылыстану-математика пәндерін оқыту барысында электрондық оқулықтарды тиімді қолдана отырып, сапалы білім беруге қол жеткіземіз. Сабақтың соңында міндетті түрде компьютер көмегімен тест қабылдап, олардың білімді меңгеру деңгейін анықтаймыз.

Егер дарынды балалардың дайындық деңгейі, қызығушылығы мен мұғалімнің педагогикалық шеберлігі жоғары болса, онда бұл әдістің жетістігін жоғары деңгейден көруге болады. Себебі, эвристикалық әңгіме әдісі репродуктивтік әңгіме жүргізуге арналған сұрақ-жауаптар жүйесі арқылы дарынды балалардың ойлау белсенділігін дамытуға үлкен септігін тигізеді.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының проблемалық мәселені шешуде Мырзабаев А.Б.: «Әдістемені оқушылардың білім деңгейіне қарай өзгерткен дұрыс. Нақтырақ айтқанда, зерттелетін құбылысты бейнелейтін тәжірибеден соң ғана оларға бақыланып отырған құбылыстарын болжатуға болады» дейді [2].

Мысалы, бүкіләлемдік тартылыс заңын түсіндіргенде дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының зерттеу тақырыбына қызығушылығын эвристикалық әңгіме әдісімен арттырамыз. Бастапқыда барлық жер бетіндегі нысандардың қозғалысы, тоқтауын олар өздері білетіндей болып көрсетіледі де, бүкіләлемдік тартылыс заңы болмаған жағдайдағы көрініс яғни, барлық жер бетіндегі нысандардың жер бетінен кеңістікке көтерілуі, қалықтауы (жүріп бара жатқан пойыздардың, машиналардың көтеріліп, аспанда қалықтауы не үшін?) дарынды балалардың міндетті түрде қызығушылығын оятары анық. Бүкіләлемдік тартылыстың күнделікті өмірдегі қажеттілігі туралы әңгіме жүргізу, бүкіләлемдік тартылыс заңы орындалмай қалғандағы қызық оқиғаларды бейнебаян арқылы немесе macromedia flash-те avi файлмен көрсетіп, қызықтыруға болады [3]. Осылайша, дарынды балалардың зерттелетін тақырып бойынша түсініктері артып, оқу проблемасы қойылады. Оны былайша тұжырымдаймыз: бүкіләлемдік тартылыс заңын күнделікті өмірлік тәжірибеден және табиғи жағдайлармен түсіндіру.

Бүкіләлемдік тартылыс заңы неге тәуелді ? Оны өзгертуге болады ?

Қойылған оқу проблемасын шешу үшін эксперименттік зерттеулер жүргізу керек. Яғни, дарынды балалардың жинақталған білімдеріне сүйене отырып, эвристикалық әңгіме әдісімен сабақ жүргізген қолайлы. Дарынды балалардың болжамдық ұсыныстары мүмкіндігінше эксперименттік тексерістен өткізілуі тиіс. Себебі, олардың эксперименттік зерттеу жұмысына қызығушылығы болжамдардың оң немесе теріс нәтижесінен кейін де артады.

Зерттеу әдісі – дарынды балаларды оқытудың негізі, себебі бұл әдіссіз олардың қабілеттерін ашу мүмкін емес. Олардың зерттеушілік қызметтерін әртүрлі формалар мен әдістер, арнайы бағдарламалар, жаңа мәртебелі гимназия, лицей мектептер арқылы жүзеге асыруға болады. Қазіргі кезде барлық дарынды балалар үшін ғалымдар мен шебер ұстаздардың ізденістері екі мәселеге негізделеді: оқытудың мазмұны мен дарынды балалардың оқу-танымдық қызметтерін ұйымдастыру. Бұл мәселелерді шешуде негізгі орынды философия, психология, педагогиканың теориясы алады. Әрине, дарынды балаларды оқытуды ұйымдастыру стратегиясы, педагогикалық технологиясы әртүрлі, бірақ олардың барлығы саралау, проблемалық зерттеу аясында жүзеге асады [4].

Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытуда *зерттеу әдісінің* орны ерекше. Оқыту үдерісіндегі формализмді мүмкіндігінше кемітіп, білім беруді өмірмен байланыстыру мақсатында зерттеу әдісі көптеп қолданылып келеді.

Дарынды балалар мектеп оқушыларының оқу үдерісінде зерттеу әдісін қолданып, зерттеулер жүргізуі олардың шығармашылық белсенділігін дамытудыға орны ерекше. Бұл үдеріс төмендегідей факторлармен анықталады:

– Дарынды балалар мектеп оқушыларының зерттеулері олардың оқу пәні бойынша шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған компьютерлік технологияның қажетті элементі бола алады;

– Дарынды балалар мектеп оқушыларының оқу пәнінен зерттеу жұмысы олардың шығармашылық белсенділігін дамытудың негізі. Себебі, зерттеу жұмысы дарынды оқушылардың ерік-жігерін жұмылдыру кезінде кездесетін қиындықтарды жеңе білу дағдысы мен тәжірибесін бекітеді;

– Дарынды балалар мектеп оқушыларының зерттеу жұмысы олардың оқу пәніне байланысты мотивация мәселелерін шешудегі шығармашылық белсенділігін дамыту әдісі болады.

Осыған орай, дарынды балалардың ғылыми таным кезеңдері мен проблеманы шешу біліктерін, шығармашылық іс-әрекет дағдыларын қарапайымнан күрделіге қарай қағидасымен үйреткен дұрыс.

«Шығармашылық әрбір адамға белгілі мөлшерде тиесілі игілік емес, бірақ солай болғанымен, қоғамның дамуы да мүмкін емес». Яғни, адам баласының белсенді және дербес іс-әрекетінің жоғарғы формасы – шығармашылық екені рас. Сол себепті, дарынды балалардың өзіндік жұмысының сапасын барынша қолдап отыру, оны тұрақты шығармашылық қызығушылыққа, одан әрі шығармашылық белсенділігін дамытуға жетелеген болар еді [5].

Дарынды балалар мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту логикасының маңызы зор. Ол белсенді ұстаздар жағынан ұйымдастырылатын оқу-тәрбие процесі.

«Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу», – деген екен орыстың ұлы жазушысы – Лев Толстой өзінің «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде.

Демек, қорыта айтқанда, дарынды балаларды жаратылыстану-математика пәндерін оқыту барысында дайын электрондық оқулықтар көмегімен, сапалы білім берумен бірге зерттеу жұмыстарына, проблемалық тапсырмаларын шығармашылықпен шешуге жүйелі түрде тартуда жоғарыда келтірілген түрлі әдістерді қолданған жөн.

1. Выготский Л.С. Развитие высших психологических функций. – М.: Изд. АПН. 1960. – 500 с.
2. Мырзабаев А.Б. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері // п.ғ.к. ғ.д.автореф. – Қарағанды, 2004. 30 б.
3. Ерматов Ш.Р. Macromedia flash компьютерлік бағдарламасы.
4. Дайырбеков С.С., Ерматов Ш.Р. Білім берушінің ақпараттық технологияны қолдануда біліктілігін жоғарылату мәселелері // Білім. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №6(48) – Б.34-36.
5. Ерматов Ш.Р. Білім алушыларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытудың кейбір мәселелері // Хабаршы ҚАЗҰУ. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №1-2(26-27). – Б.122-126.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАЯРЛАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

(Шымкент қ., Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті «Отырар» институты),
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Халықаралық
гуманитарлық-техникалық университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық
институты, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті)

Мақалада дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуды ұйымдастыруда компьютер әрекеттерінің көрнекілігі үлкен мүмкіндіктер беретіндігі айтылады. Физика пәні сабақтарын компьютерлік технологиямен байланыстырып ұйымдастыру дарынды балалардың бойында физикалық ұғымдардың қалыптасып, дамуына көмектесетіндігі, шығармашылық белсенділігі дами түсетіндігі көрсетіледі.

В статье рассматриваются возможности применения наглядности компьютерных действий в организации развития творческой активности одаренных детей. А также, показаны влияние применения организации урока физики с применением компьютерной технологии, на формирование физических понятий, и развитие творческой активности одаренных детей.

In this article possibilities of application of evidentness of computer actions are examined in organization of development of creative activity of the gifted children. And also, shown influence of application of organization of lesson of physics with the use of computer technology, on forming of physical concepts, and development of creative activity of the gifted children.

Түйін сөздер: оқыту, танымдық-шығармашылық, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік, педагог-психолог.

Ключевые слова: обучение, познавательно-творческий, научно-исследовательский, учебно-методический, педагог-психолог.

Keywords: learning, cognitive and creative research, teaching, educator and psychologist.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – ақпаратты бейнелеу, тасымалдау және жинақтау, дарынды балалардың танымдық-шығармашылық әрекетін бақылау мен басқару сияқты мұғалімнің кейбір функцияларын нобайлайтын компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары және интерактивті бағдарламалық өнім негізінде жұмыстың педагогикалық шарттарын жасау әдіс-тәсілдері жиынтығы. Білім беруде компьютерлік технологияларды пайдалану оқыту үдерісін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған нобайын жүзеге асыруға мүмкіндік береді [1].

Мысалы, оқу материалымен дарынды балаларды таныстыру, оқу мақсаты мен міндетін қоюды компьютерлік техниканың көмегімен жүзеге асырсақ, көрнекілігі артатыны анық. Бұл жағдайда компьютерлік техниканың динамикалық және имитациялық нобайымен анықтамалық мәліметтерді (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар, құралдардың параметрлері т.б.) енгізу-шығару мүмкіндіктері қолданылады. Дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуды ұйымдастыруда компьютер әрекеттерінің көрнекілігі үлкен (мысалыға, есептеген құралдардың параметрлерімен қондырғы жұмысының режимін көрсетуіне) мүмкіндіктер береді. Оған дәлел ретінде, Л.И.Резниковтің «Физиканы оқытудың

графиктік әдісі» атты кітабын алуға болады [2]. Ол кітабында қарастырылатын кез-келген физикалық құбылыстың теориялық негіздерін көрнекті беріп, дарынды балалардың тақырыпты түсініп, меңгеруі үшін графиктік түрде беру құралдары кеңінен қолданылатындығын айтын ескерткен.

Демек, компьютер көмегімен жана тақырыптарды оқып үйренуде имитациялық нобайлары бар оқу тәжірибе экспериментін қолданудың әдістемелік құндылығы жоғары.

Әдіснамалық жұмыстың кейінгі кезеңі – кері байланыс орнату арқылы, оқу материалының меңгерілуін бақылауға алып, керек болса, түзетулер енгізу жұмыстарын жүргізсек, оқыту үдерісін басқаруда компьютерді оқыту құралы ретінде пайдаланудың мәні осы болады. Осылайша, кері байланыс негізінде компьютерлік технология жеке адамның нобайын жасап, оқытудың осы тәсілімен қол жеткізілетін ерекшелігі дарынды балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытуда қолдануға мүмкіндік береді [3]. Бұдан былай, олардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін қандай оқыту мүмкіндіктері пайда болатынын қарастырайық. Осыған дейін, компьютерлік технологияны қолданып, проблемалық жағдайлар туғызу арқылы дарынды балалардың шығармашылық әрекеттеріндегі мотивацияны қамтамасыз етуге, күшейтуге байланысты мүмкіндіктерді анықтадық. Дегенмен, мотивацияны күшейтудің тиімді дәлелдемелерін, олардың оқу үдерісіндегі шығармашылық жұмысын қамтамасыз ете алатындай деңгейде ұйымдастыруымыз керек. Өйтпесе, дарынды балалар өзін қызықтырған мәселені шешу жолдарын іздестіруде дұрыс шешімдерін жоғалтып, қателіктерге көптеп жол беруі мүмкін.

Дарынды бала тапсырманы орындау үдерісінде өзінің нақты мүмкіндіктерін көрсете алмаса, қателіктер жасауы орын алуы мүмкін. Сондықтан, терең ақыл-ойды керек етпейтін мәселелерді шешуді оқушы үлкен табыс деп есептемейді. «Адамның ұнжырғасын сәтсіздіктен артық ештеңе түсіре алмайтыны, оны табыстан артық ештеңе де көтере алмайтыны» анық. Керек кезінде берілген жәрдем дарынды балаларға сәтсіздік сезімінен құтқарады. Оқу әрекетіне мотивациялық дәлелдемесінің төменгі деңгейде болуының себебі оқып үйренбеу және өзінің оқу қызметін ұйымдастыра алмаудан туындап отыратыны анық. Сол себепті, психологтың пікірінше [4], оқыту бағдарламалары әрбір дарынды баланың еркіндігі мен әрекет бостандығын бере отырып, оның өз күшін байқауына мүмкіндік жасауы қажет. Дарынды бала осы жағдайда ғана компьютерлік техникамен жұмыс істеп, өзіне ұнаған кез-келген мәселені түгел шешуіне мүмкіндігі болады. Мұндай үдеріске түзету әсерлерін қолданып, нәтиженің дұрыс жолдарын талқылау, дарынды баланың жеткен жетістіктерін мақтау-мадақтаумен ынталандырып қол жеткізуіміз керек. Дарынды баланың тапсырманы орындаудағы жасаған қателіктері оның шығармашылық потенциялын дамытып, білімінің, біліктері мен дағдыларының, сонымен бірге оқуға қызығушылығының, белсенділігінің дамуына оң әсерін тигізетіні анық. Дегенмен, дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуда оларға жіберген қателерін жоюмен, алдын алу жұмыстарымен шектелмей, жіберген қателерінің педагогикалық салдарларын мотивациялық дәйектемелердің теріс факторларына жатқызып, біржақты түсіндіруге болмайтынын есте ұстағанмыз дұрыс.

Дарынды балаларды ойын жағдайына кіргізу олардың мотивациясын арттырудың қосымша құралы болатындықтан, компьютерлік техникамен оқу үдерісінде ойын бағдарламаларын жүргізу мәселелері көптеген дидактикалық зерттеу жұмыстарына арқау болған. Ол жерде мотивацияны арттырудың қайнар көзі ретінде жарыс сипатындағы ойындар, кәсіптік тұрғыда және де басқаша жүргізудің әдістері мен қызығушылықты арттыру мәселелері компьютерлік технологияның мүмкіндіктерінің шексіз екеніне көз жеткізеді.

Компьютерлік технология оқыту құралы ретінде дарынды балалар мектеп оқушыларының оқуға деген мотивациясын арттырумен қатар шығармашылық белсенділігінің дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді:

– компьютерлік технология орындалған әрекеттің нәтижесін көрнекілікпен көрсетіп, орындалу шарттарын нақты аңғартады.

– белгілі бір қызмет түрін меңгеруде компьютерлік технология әрбір дарынды балаға жұмысты орындаудың нормативтік әдісін өз әдісімен салыстыруына мүмкіндік береді;

– оқыту үдерісінің түрлі жағдайында компьютерлік технология оқыту құралы ретінде оқу материалына, қолдану әдістеріне өзгерістер енгізіп, олардың іс-әрекеттеріне ықпал етеді.

Мысалыға алсақ, дарынды баланың меңгермек болған оқу пәніндегі тірек ұғымдарын қалыптастыруына, шешімді іздеуге, алынған нәтиженің дұрыстығын тексеруге компьютерлік технологияның тигізер оңтайлы ықпалы да, әсері де жоғары деңгейде.

Компьютерлік технологияның көмегімен есеп шығару үрдісін бірнеше кезеңдерге бөліп реттесек, ол былай болады: – есептің берілуін талдау; – математикалық нобайын құру; – құрылған нобайға сәйкес алгоритмін жазу; – жазылған алгоритмге сәйкес компьютерде бағдарламалау; – алынған нәтижені талдау. Есептің күрделілігіне байланысты бұл кезеңдер түрліше қолданылады. Әсіресе, шығарылу жолы ұзақ, күрделі есептердің алгоритміне бағдарлама құрып компьютер көмегін пайдаланып шешу өте тиімді.

Педагог-психологтардың еңбектерінде [5] физика пәні сабақтарын компьютерлік технологиямен байланыстырып ұйымдастыру дарынды балалардың бойында физикалық ұғымдардың қалыптасып, дамуына көмектесетіні, ол дәстүрлі оқытуға қарағанда қызығушылығын арттырып, шығармашылық белсенділігін дамыта түсетіні айтылады.

Компьютермен жұмыс істеу олардың логикалық ойлануын, пәндік оқуға қызығушылығын арттырады. Енді оқытудың түрлеріне тоқталсақ, түсіндірмелі-иллюстративті, проблемалы оқыту, бағдарламалап оқыту т.б. түрлерінде де компьютердің алатын орны зор. Компьютермен көзге көрінбейтін үрдістердің ағымын да дәл сипаттауға болады. Мысалыға, қан айналымы, жер серігінің жүріп өткен жолы т.б.

Компьютерлік технология мұғалімнің ақыл-ойымен басқарылатын аса ауқымды, әрі жан-жақты қосымша педагогикалық іс-әрекетті атқара алады. Дегенмен, компьютерлік технологияны оқыту үдерісіне пайдалану үшін, оны басқаратын, қажетті іс-әрекетпен қамсыздандыру құралдары болуы керек. Яғни, дәстүрлі қолданыстағы әр түрлі педагогикалық іс-әрекет құралдарының негізгі бағыттарын саралап, оларды оқыту үдерісінде дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуда қолданғанымыз жөн.

Оқу бағдарламасына педагог-психолог ғалымдар төмендегіше жіктеме жасаған: Е.И.Машбиц оқыту бағдарламасы негізінде оқу бағдарламасын бес типке бөлді: бағыт беруші, проблемалық оқыту, жаттығу, имитациялық, ойын. Ал, Ю.А.Первин бағдарламаларды әдістемелік бағытына қарай бөлді: ақпараттық-анықтамалық, ақпараттық-тоқтамдық, бағдарламалық құрал-жаттықтырушылар, нобайлайтын, көрсетілімді есептік, дамыту, оқу-ойын. Б.С.Гершунский болса, мақсаттың белгісіне қарай жіктеді: бақылаушы, басқарушы, көрсетілімдік, нобайлаушы, операциялық.

Жоғарыда айтылған педагог-психолог ғалымдардың зерттеулері негізіндегі тұжырымдамаларына сүйеніп, педагогикалық іс-әрекет құралдарының мынадай негізгі

үш түрін: мазмұндық, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік сипатын қамтитын іс-әрекет құралдарын ұсынамыз.

Мазмұндық-сипат құралдарын толықтыратын компьютерлік бағдарламалар дарынды балалардың көптеген өзіндік, қосымша, жеке тапсырмаларын орындауына көмекші, үлгі ретінде қолданылады. Бұл дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытып, білім берудің сыңар бөлігіне айналады. Ол компьютерлік бағдарламалар дарынды оқушылардың мол ауқымды ақпаратты тез өңдеп есептеу мүмкіндіктерін беріп, жұмыс істеу тиімділігін арттырады.

Ғылыми-зерттеу құралдары дарынды балалардың жеке оқу-зерттеу жұмыстары мен идеяларын ойлап табуына, дербес эксперименттер жүргізуіне жағдай туғызады. Зерттелетін мәселе мен оған сәйкес келетін теория сабақ үдерісінде біртұтас ұғымға ұласып, дамып отырады. Компьютерлік техника дарынды оқушылардың тікелей қатысуымен эксперимент жүргізу және ақпарат алу құралы ретінде пайдаланып, зерттелетін материалды түсіндіруші, жауабын талдаушы, бақылаушы ретінде қолданылады. Ол бағдарламалар, ғылыми-зерттеу жұмысының ішкі, сыртқы жағдайларын тексеріп, нәтижені болжай алатындай жағдай туғызып, бағыт-бағдар бере алады.

Оқу-әдістемелік құралдарының мәні туралы айтсақ: зерттелетін тақырып мүмкіндігінше қарапайымдандырылып, олар жайлы ақпарат берілетіндіктен, осы ақпараттарды дарынды балалар түгел меңгеріп отыруы талап етіледі. Соңынан, жинақталған білімді тексеріп бекіту, өтілген тақырыптар аясында арнайы тест сұрақтарына жауап беру арқылы әр бөлімнің соңында жүргізіледі.

Біз қарастырып өткен педагогикалық іс-әрекет құралдарына жасалған талдау олардың айырмашылықтарымен қатар, ортақ бөліктерінің де бар екенін көрсетіп отыр:

- титул беті;
- зерттеу мәселесіне шолу;
- бастапқы білімдердің қажеттілігі;
- олардың білім деңгейіне сәйкес таңдау мүмкіндігі;
- қажет кезінде пайдалануға мүмкіндік беретін әдістемелік нұсқаулар.


Оқыту үдерісі педагогикалық іс-әрекет құралдарын пайдаланып жүргізілгенде, анықтама-тұжырымдар мен мысалдарды айтып беріп қана қоймай, олардың құрамына құндылықтар жүйесі мен өзінің білім деңгейіне сын көзбен қарап, бағалау қабілетін дамыту жұмысын ендіріп отырғанымыз жөн. Мұның өзі дарынды балалардың шығармашылығын шыңдап, ұдайы әрекет үдерісінде белсенділігін дамытып отыратын оқыту формасымен ғана іс-жүзіне асырылады. Сол себепті, дарынды балаларға берілетін тапсырмалар мен өзіндік жұмыстар:

- дарынды балаларды қызықтыратындай болуы;
- дарынды балалардың білім деңгейіне сәйкес болуы;
- дарынды балалардың интеллектуалдық мүмкіндіктеріне белсенді сипат бере алатын мәселені қоя білуі;

Дарынды балалардың интеллектуалдық дамуының жоғары шыңы, тапсырмалар мен өзіндік жұмыстарды орындауда кездесетін дербес те, белсенді шығармашылық іс-әрекеттер. Іс-әрекет құралдарымен (бағдарламалармен) жұмыс істеген дарынды балаларда сұрақ қоюмен қатар, тиімді, оңтайлы шешімдерді тез таба білуге, болжап, ойластыруға бейім қабілеттері қалыптасуы керек. Себебі, нағыз білімділік жаттанды білімнен ғана емес, сұрақ қойып шығармашылық ізденуден құралады. Яғни, дарынды бала өзінің істеген жұмысын үздіксіз жетілдіру үстінде болуы керек.

Демек, заманауи компьютерлік бағдарламалардың жоғары жетістіктерін тиімді пайдаланып, оны оқыту үдерісінің жемісі, нәтижесі болатын дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуда пайдалануымыз керек.

Дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында қажетті әдебиеттер мен ғылыми жұмыстарға талдау жасап педагогикалық іс-әрекет құралдарын басты ерекшеліктері бойынша бөліп алдық (1-сурет).



1-сурет – Педагогикалық іс-әрекеттер құралдарының сипаттамасы.

Педагогикалық іс-әрекеттер құралдарында педагогика мен көрнекілік қағидалары нақты көрсетіліп, мазмұны дәстүрлі оқыту әдістерінің тиімді құралдарымен сабақтасуы керек. Жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері мен педагог-психолог, дидактардың зерттеулеріне сүйеніп, педагогикалық іс-әрекеттер құралдарымен жабдықтау мынадай әдістемелік талаптарға сай болғаны дұрыс деп тұжырымдаймыз:

- өтілетін тақырыптың мазмұны түсінікті, мақсаты дәл анықталып, міндеттері нақты шешілетін болуы керек.
- меңгерілуі қажет болған білім, дарынды оқушылардың білімділік деңгейіне сәйкес болуы керек;
- олардың шығармашылық белсенділікпен жұмыс істеуіне жағдай туғызуымыз керек;
- оларды қарастырылып отырған тақырыпқа сәйкес, көбірек сұрақ қойып, ойлануына ықпал жасауымыз керек.

Бүгінде білім беру мекемелерінде, оның ішінде дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде кез-келген пәнді меңгеруде компьютерлік бағдарламалар көптеп қолданылуда. Компьютерлік бағдарламаларды, компьютерлік технологияларды білім беруде қолдану, оқытудың кәдімгі түрлерімен салыстырғанда едәуір артықшылығы болғанда іске асырғанымыз тиімді. Мәселен, математика, физика, информатика, химия т.б. оқыту пәндерінен компьютерлік нобайларды қолдану арқылы оқыту сабақтың көрнекілігін әлдеқайда жандандырады. Мұның өзі, біздің негізгі мақсатымыз болған дарынды оқушылардың тақырыпқа қызығушылығын арттырып, шығармашылық белсенділігін дамытады.

Компьютерлік нобай – объектілердің бейнесін жазықтықта немесе кеңістікте көрсете алатын, физикалық эксперименттерді бейнелеп көрсетудің күрделі жағдайларын имитациялайтын компьютерлік бағдарламалар. Компьютерлік нобайлар физикалық тәжірибелердің виртуальді бейнесін және кәдімгі тәжірибе жүзінде байқала бермейтін бөліктерін толық көрсетеді. Компьютерлік нобайлармен белгілі бір шамалардың басқа бір шамаға тәуелділік графигін, диаграммасын т.б. бейнелерін көрнекті түрде экранға немесе қағазға басып шығаруға болады. Мұндай ерекше көрініс беру, зерттелетін үдерістің табиғи заңдылықтарын түсіндіруді жетілдіріп, үлкен ақпараттың көлемін жинақтап көрсете алады.

Дарынды балалардың компьютерлік нобайлармен жұмыстар орындауы өте пайдалы. Себебі, компьютерлік нобайлар жасау арқылы объектілердің табиғи бейнесін және оның қасиеттерін толық ашып көрсету барысында шығармашыл идеялардың пайда болуына жол ашып, соңы үлкен жаңалыққа ұласуы мүмкін. Мұндай әрекеттің іс-жүзінде тексеруден өткен «Компьютерлік зерттеу сабағы», «Компьютермен тексерілетін жаттығу тапсырмаларын орындау сабағы» – дейтін мысалдарын айтуға болады. Компьютерлік зерттеу сабағында олармен компьютерлік нобайды көріп, бақылап, талдау жасап, қажетті нәтижелерді алу үшін өз бетінше зерттеулер жүргізу ұсынылады [6].

Сонымен, компьютерлік нобайлар практикалық іс-жүзінде тәжірибе жүргізуге мүмкіндік бола бермейтін табиғаттың күрделі құбылыстарын компьютерлік техниканың жоғары деңгейлі мүмкіндіктерінің көмегімен нақты құбылысқа бірте-бірте жақындатып, витуальді түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік нобайлаудың және бір артықшылығы, зерттеу жұмыстарына жұмсалатын уақыт үнемделіп, объектінің табиғи бейнесіне компьютерлік нобай мейлінше жақындай түседі. Бұл дарынды балалардың ойлануына, болжам жасауына түрткі болып, олардың қызығушылығын арттырады, шығармашылыққа қарай қадам бастырады. Ал пән мұғалімі болса, оқытудың шығармашылық үдерісінде, көмекшінің ғана ролін атқарады. Осылайша білім алуға қызығушылығы артқан дарынды балалар шығармашылықпен айналысуға ден қойып, қосымша, өзіндік, үйге берілетін жаттығу тапсырмаларын көптеп орындап, нәтижелерін тексеру үшін компьютерлік экспериментке жүгінеді. Компьютерлік эксперимент арқылы орындаған жұмыстарының нәтижесін өз бетінше тексеру, ойдағыдай нәтижеге жету дарынды балалардың қызығушылығын одан да жоғарылатып, рухани күш-қуатын арттырып, жұмысты ғылыми зерттеу дәрежесіне дейін жеткізуіне алып барады. Мұның өзі, математика, физика, информатика және т. б. сабақтарда дарынды балалардың білім деңгейін компьютерлік технология негізінде түрлі әдіс-тәсілдерді (жаттығу тапсырмаларын орындау, тесттерге жауап беру т.б.) қолданып шынға қол жеткіземіз деген сөз. Мәселен, оқыту үдерісінде компьютерлік техника физика мұғаліміне физикалық есептеу экспериментіне жиірек сүйенуге, қандай да бір физикалық шамалардың арасындағы байланысты көрнекті түрде көрсетуге, оқытудың қолданбалы бағытталуын күшейтуге көмектесетін физика-техникалық мазмұндағы есептерді тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Машиналы графиканы пайдалана отырып, экранда суреті көрсетілген бағдарлама жазуға, сондай-ақ қозғалысқа келтіруге болады. Компьютердің бұл мүмкіндігі көзге байқалмайтын кейбір физикалық үрдістерді демонстрациялап көрсетуге пайдаланылады [7].

Шығарылу жолы қиын және күрделі болса, ондай есептердің алгоритмін түзіп, бағдарламасын құрып компьютер арқылы шешу тиімді. Ол үшін алдымен, есеп бірнеше бөліктерге бөлініп, оларды қандай тізбекпен шешілетіндігі, белгіленеді. Яғни, бірінші кезең есептің қойылуы. Бұл кезең есептің шарттарымен алынатын нәтижелерін ажыратып көрсетуге арналады. Одан кейінгі екінші кезеңде, формула түрінде жазылатын оның математикалық нобайы жасалады. Есеп шығаруда математикалық нобайды құру үшін алдымен:

- математикалық нобай негізделетін болжамды бөліп алу;
- алғашқы мәліметтер мен нәтижені анықтап алу;
- алғашқы мәліметтер мен нәтижені байланыстыратын математикалық қатынастарды жазу қажет. Яғни, осы кезеңде оның математикалық нобайы зерттеліп, бағдарламаланады. Алгоритм құру – компьютермен есеп шығарудың үшінші кезеңі деп аталады. Бағдарламалау тілінде жазылған алгоритм бағдарлама деп аталады. Төртінші кезең – бағдарламалау үдерісі. Бесінші кезең – ЭЕМ тапсырмаларын алғаннан кейін

есепті автоматты түрде өзі шешеді. Есептеуді компьютерде жүргізе отырып, алынған нәтижені талдау керек. Мұндай жағдайда математикалық нобайды нақтылау қажеттігі пайда болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, дарынды балаларды даярлайтын мектептерде оқытудың компьютерлік технологиясын қолданудың ғылыми-теориялық ерекшеліктерін келтірдік. Сонымен физикалық есептерді шығару үрдісінде компьютерді пайдалану дарынды балалардың шығармашылық жұмысының өнімділігін арттыруға ықпалын тигізеді. Компьютер әдеттегі физика есептерін жаңа мазмұнымен толықтыруға мүмкіндік береді, оларды анағұрлым қолайлы, қызықты етеді. Компьютерлік бағдарламалық құралдардың көрнекілігі дарынды балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуда үлесі үлкен екендігі анық.

1. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: дис. ...докт. пед. наук: – Алматы, 1995. – 314 с.
2. Резников Л.И. Физиканы оқытудың графиктік әдісі. М.: 1960. – 347 б.
3. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту туралы // Білім. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №5(47), – Б.3-5.
4. Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков. – М.: 1996.
5. Сағидуллақызы Ә. Шығармашылық жұмыстарды жүргізу жолдары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2006. – №6. – Б.89-91.
6. Дайырбеков С.С., Ерматов Ш.Р. Білім берушінің ақпараттық технологияны қолдануда біліктілігін жоғарылату мәселелері // Білім. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №6(48) – Б.34-36.
7. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамытудың кейбір мәселелері // Хабаршы ҚАЗҰУ. Білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. – Алматы, 2009. – №1-2(26-27). – Б.122-126.

УДК 519.612.4

С.А. Исаев

ПРИМЕНЕНИЕ СПЛАЙН-ФУНКЦИИ В АППРОКСИМАЦИИ ГЕОМЕТРИИ ОБОЛОЧЕК ВРАЩЕНИЯ

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Айналып тұрған серпінді қабықша шектік есептің шешімін табу үшін $r(s)$, $\cos\theta(s)$ және $\sin\theta(s)$ функцияларын таңдау маңызды. Бұл функцияларды аппроксимациялау бірөлшемді кубтық сплайндардың көмегімен іске асады. Кез келген профилдік меридианда аппроксимация дәлдігі жоғары.

При численном решении краевой задачи упругой оболочки вращения важное значение имеет выбор функций $r(s)$, $\cos\theta(s)$ и $\sin\theta(s)$, характеризующих геометрию срединной поверхности оболочек осуществляемой с помощью одномерных кубических сплайнов. Точность такой аппроксимации весьма высока при любом профиле меридиана.

In the numerical solution of the boundary-value problem of the elastic rotating shells the selection of functions as $r(s)$, $\cos(s)$ and $\sin(s)$ is important. These functions describe the

geometry of the middle surface of the shell realized with the one-dimensional cubic splines. The accuracy of this approximation is very high in any profile of meridian.

Түйін сөздер: Сандық әдістер, кубтық сплайн, айналып тұрған серпінді қабықша, айналып тұрған серпінді қабықша меридианы, аппроксимациялық әдіс.

Ключевые слова: Численные методы, кубический сплайн, упругие оболочки вращения, меридиан упругих оболочек вращения, метод аппроксимации.

Keywords: Numerical method, cubic spline, elastic shells rotation, meridian of elastic shells rotation, approximations method

$$Q_{th.ef.} = \nu \left(\frac{\nu R b T_1}{\Pi V_0 - \nu b} - \frac{2\nu a}{\Pi V_0} \right). \quad (8)$$

Let us consider a practical application of thermodynamic theory of the heat effect discussed above. Suppose that the water bounded physically, physical-chemically and crystalline is removed from the sample at the isothermal regime (in a temperature range 400÷1000 K). The results of the calculations of the temperature change and heat as a function of the initial values of V_1 and T_1 are presented in the Tables 1 and 2. The values of the van der Waals constants (a and b) are taken from [12].

Table 1

The temperature change (ΔT) and specific molar heat (q_T) dependences on initial volume of gas (V_1) (water vapor) at the different temperatures (T_1)

$V \cdot 10^5,$ m^3/mol	$-q_T, \text{ kJ/mol}$			$-\Delta T = -(T_2 - T_1), \text{ K}$		
	T_1 $= 400 \text{ K}$	700 K	1000 K	T_1 $= 400 \text{ K}$	700 K	1000 K
10	9,6	8,5	7,5	242	215	187
15	6,6	5,9	5,3	165	149	133
25	4,0	3,6	3,3	100	91	83
40	2,5	2,3	2,1	63	57	52
70	1,4	1,3	1,2	36	33	30
150	0,7	0,6	0,56	17	15	14
400	0,25	0,23	0,21	6,3	5,8	5,3

Table 2

The temperature change (ΔT) and specific molar heat (q_T) dependences on initial temperatures of gas (T_1) (water vapor) at the different volumes (V_1)

$T_1, \text{ K}$	$-q_T, \text{ kJ/mol}$			$-\Delta T = -(T_2 - T_1), \text{ K}$		
	$V_1 = 10 \cdot 10^{-5},$ m^3/mol	$25 \cdot 10^{-5}$	$40 \cdot 10^{-5}$	$V_1 = 10 \cdot 10^{-5},$ m^3/mol	$25 \cdot 10^{-5}$	$40 \cdot 10^{-5}$
400	9,6	4,0	2,5	242	100	63
500	9,3	3,9	2,4	233	97	61
600	8,9	3,7	2,37	224	94	59
700	8,5	3,6	2,29	215	91	57
800	8,2	3,5	2,20	206	88	56
900	7,8	3,4	2,15	197	85	54
1000	7,5	3,3	2,10	187	83	52

It is known [11, 12] that a critical temperature for water is $t_c \approx 374^\circ\text{C}$ ($T_c \approx 647 \text{ K}$), then the value of inversion temperature of water is $T_i \approx 3880 \text{ K}$. It means that there is a positive effect, i.e. the gas (water vapor) cools, in temperature range under investigation ($T = 400 \div 1000 \text{ K}$). In terms of a technological process, the effect has a negative sign because an

additional expense of the technological fuel is necessary for the compensation of the cooling process.

The comparative analysis of the data of Tables 1 and 2 shows that the quantitative indicators of the thermodynamic effect depend stronger on the initial volume of the water vapor (i.e. on initial pressure P_1) than on its initial temperature T_1 , while ΔT and q_T change linearly with temperature.

The results of the qualitative and quantitative estimations of the thermodynamic effect for carbonates ($MgCO_3$ and $CaCO_3$) dissociation processes are given in Tables 3 and 4. The processes are studied at isothermal conditions in the temperature range of 700 - 1300 K. It is known that the carbon dioxide (CO_2) produced as a result of these processes diffuses through the decarbonized porous layer into surrounding space and undergoes to a sharp expansion. The carbon dioxide critical temperature is $31^\circ C$ (304 K), so its inversion temperature is approximately 1824 K. It means that, at the dissociation temperatures, the positive effect (negative - in terms of technological processes) occurs primarily; that is, the reaction product - carbon dioxide, cools. This requires an additional technological fuel expense for the completion of the physical-chemical transformation, which is the dissociation process in our case. The results of data estimations for the molar endothermic heat and the temperature changes due to the Joule-Thomson effect occurring at the dissociation of $MgCO_3$ and $CaCO_3$ carbonates are presented in Tables 3 and 4.

Table 3

The dependences $q_T = f(V_1)$ и $\Delta T = f(V_1)$ for the thermodynamic effect taking place at the dissociation process of $MgCO_3$ and $CaCO_3$ carbonates (for the carbon dioxide CO_2) at $T = \text{const.}$

$V_1 \cdot 10^5$ m^3/mol	$-q_T, \text{ kJ/mol}$			$-\Delta T = -(T_2 - T_1), \text{ K}$		
	T_1 $= 700 \text{ K}$	1000 K	1300 K	T_1 $= 700 \text{ K}$	1000 K	1300 K
10	2,9	1,0	-0,9	56	17	-15
15	2,5	1,5	0,5	49	26	8,4
25	1,7	1,2	0,65	33	21	11
40	1,1	0,81	0,51	22	14	8,6
70	0,65	0,49	0,33	13	8,6	5,6
150	0,31	0,24	0,16	6	4,2	2,8
400	0,12	0,09	0,06	2,3	1,6	1,1

Table 4

The dependences $q_T = f(T_1)$ и $\Delta T = f(T_1)$ for the thermodynamic effect taking place at the dissociation process of $MgCO_3$ and $CaCO_3$ carbonates (for the carbon dioxide CO_2) at $V = \text{const.}$

$T_1, \text{ K}$	$-q_T, \text{ kJ/mol}$			$-\Delta T = -(T_2 - T_1), \text{ K}$		
	$V_1 = 10 \cdot 10^{-5},$ m^3/mol	$25 \cdot 10^{-5}$	$40 \cdot 10^{-5}$	$V_1 = 10 \cdot 10^{-5},$ m^3/mol	$25 \cdot 10^{-5}$	$40 \cdot 10^{-5}$
700	2,9	1,7	1,1	56	33	22
850	1,9	1,4	0,96	36	26	17,6
1000	1,0	1,2	0,81	17	21	14
1150	0,06	0,9	0,66	1,0	16	12
1300	-0,9	0,65	0,51	-15	11	8,6

As can be seen in Table 3, the dependencies $\Delta q_T = f(V_1)$ and $\Delta T = f(V_1)$ at the temperatures 1000 and 1300 K have an extreme character and in the last case the thermodynamic effect changes the sign, that is, at $V_1 = 10^{-6} \text{ m}^3/\text{mol}$ it becomes negative ($\Delta T > 0$). This fact can be explained by the course of dissociation process at the vicinity of inversion curve and its hopping at the small volume. The data of Table 4 confirm this consideration.

In conclusion, it should be mentioned, that in many heat technological processes where diffusion solid-phase processes relating with a throttling process take place, a significant divergence (10 – 30%) between actual and calculated technological fuel expenses is observed, and one of the reason of this is a lack of sufficient studies of the heat effects in the technologies under researching.

1. Будников П.П., Гинстлинг А.М. Реакции в смесях твердых веществ. – М.: Стройиздат, 1971. – 488 с., ил.
2. Рао Ч.Н.Р., Гопалакришнан Дж. Новые направления в химии твердого тела. – Новосибирск, Наука Сиб. отд., 1990.-520., ил.
3. Браун М., Доллимер Д., Галвей А. Реакции твердых тел: Пер с англ. – М.: Мир, 1983. – 360 с., ил.
4. Кулбеков М.К. Изучение кинетики некоторых физико-химических процессов при обжиге топлива содержащих керамических материалов. – ЖПХ. – 1990. – Т. 63. - №6. – с.1355 – 1360.
5. Кулбеков М.К. К теории диффузионной кинетики параллельных твердофазных процессов при обжиге топливосодержащей керамики. – ЖПХ. – 1992. – т.65. - №12. – с.2689 – 2694.
6. Кулбеков М.К., Сайбулатов С.Ж. О механизме и кинетике выгорания углерода при обжиге ресурсосберегающих золокерамических материалов. – Неорганические материалы.-1991.-Т.27.-№5.-С.1074-1078.
7. Құлбекұлы М. Физика-химиялық түрленулер барысындағы гетерогенді құбылыстарда орын алатын кейбір термодинамикалық процестерді талдау.-Вестник КазНПУ имени Абая, серия ФМН, 2009, №1(25).-с.110-114.
8. Кулбеков М.К. К термодинамике процессов газопереноса при фазовых и химических превращениях в теплотехнологии капиллярнопористых материалов. – Поиск. – 2012. – №1. – с.135 – 139.
9. Сулейменов С.Т., Сайбулатов С.Ж., Кулбеков М.К. Зола ТЭС в производстве строительной керамики. – Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 144 с., ил.
10. Кулбеков М.К. Тепломассообменные процессы в технологии керамических материалов. – В книге: Строительные материалы XXI века. Технология и свойства. Импортзамещение, Алматы, 2001, с. 53 – 58.
11. Сивухин А.В. Термодинамика и молекулярная физика. – М.: Наука, 1990. – 592 с., ил.
12. Р. Рид, Дж. Праускинц, Т. Шервуд. Свойства газов и жидкостей. Пер. с англ. – Л.: Химия 1982. – 592 с., ил.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІ ОҚЫТУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада қазіргі қоғамның негізгі білім тенденциялары қарастырылған. Білім саласына E-learning электронды оқытуды енгізу қажеттігі негізделген. Білімді ақпараттандырудың дұрыс үрдісіне беталдыратын ақпараттық қоғамға теңбе-тең электронды оқыту жүйесінің пайда болуы негізделген. Электрондық оқыту жағдайында «Компьютерлік модельдеу» электронды курсының кейбір элементтері қарастырылған.

В статье рассмотрены основные образовательные тенденции современного общества. Обоснована необходимость внедрения электронного обучения e-learning в образование, адекватного информационному обществу и инициируемое объективным процессом информатизации образования. Были рассмотрены некоторые элементы электронного курса «Компьютерное моделирование», используемого в условиях электронного обучения.

Main educational tendencies of modern society are considered in the article. Need of introduction of E-learning for education on the basis of electronic training, which is adequate to information society and initiated by objective process of informatization of education is proved. Some elements of «Computer modeling» course, used in case of electronic learning are considered.

Түйін сөздер: Электронды оқыту, on-line, off-line, компьютерлік модельдеу.

Ключевые слова: Электронное обучение, on-line, off-line, компьютерное моделирование.

Keywords: Electronic learning, on-line, off-line, computer modeling.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі «e-learning» электрондық оқыту бағдарламасы болып табылады.

«E-learning» электронды оқыту білім берудің ұшқыр мазмұны, іс-әрекеттің интерактивтік тәсілдері және тыңдаушылардың оқу нәтижелерін тұлғаландырылған есепке алу негізінде ақпараттық білімдік орта жағдайында білімдік процесс субъектілерінің интерактивтік қашықтың өзара әрекеттестігін құратын педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технологияларды кіріктіру негізінде іске асырылатын оқытудың өзіндік түрі.

Білім беру жүйесіне электрондық оқытуды енгізудің мақсаты - білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету [1].

Ал бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқу үдерісін автоматтандыруды енгізуге жағдай жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізу оқу сапасын, білімді басқарудың тиімділігін, сыртқы ортамен ақпараттық кірігуін арттырады. Электрондық оқыту жүйесінің ішкі жүйелерінің бірі: «Электрондық оқулықтар» болып табылады. Сол себепті «Электрондық оқулықтарды» пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Оқыту үдерісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту үдерісінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды.

Электронды оқыту жаңа технология болып табылатынына қарамастан, тарихи деректер E-learning электронды оқыту жүйесінің алғашқы қадамы XX ғасырдың 60-шы жылдарында Стэндфорд университетінің қабырғасында орын алғанын көрсетеді. Бұл жоба аясында сол кезде компьютерлер математика пәнін оқыту үшін қолданылған және бүкіл әлем бойынша оқушыларды оқыту үшін осындай мультимедиялық курстардан әлемнің 35 мемлекетінен елу мыңнан астам оқушылар мен студенттер өткен. E-learning Финляндияда, Ирландияда және Оңтүстік Кореяда білімді жетілдіру мен экономикалық өсудің негізгі құралы болып есептеледі. Электронды оқыту бойынша арнайы ұлттық бағдарламалар жасалды. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде электронды оқыту күнделікті өмірдің практикалық тәжірибесіне айналған [2]. Білім кеңістігінде электронды оқыту жүйесін қолданудың мақсаты бұл оқу үрдісінде сапалы білім беру қызметтерін енгізу және оған қолжеткізу үшін ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдана отырып ұйымдастыру. Ақпараттық технологиялардың дамуы қоғамның интеллектуалдық потенциалы мен мемлекеттегі білім дамуының деңгейіне байланысты. Білім мазмұны мен сапасы қоғамда әрқашан басымдық маңызға ие. Осының салдарынан білім сапасын көтеру мақсатында жалпы оқыту жүйесіне әртүрлі жаңа ақпараттық коммуникативтік технологияларды енгізу жоспарлы жұмыстары қарастырылуда. Әлемдік тәжірибеде ақпараттық телекоммуникациялық технологияларды білім саласында жетістікке қол жеткізе қолданудың бірнеше мысалдары бар, сонымен қатар оқытуда оң нәтижелер беретін іс жүзіндегі бағдарламалар мен жобалар да бар. Электронды оқыту жүйелеріне кіріктірілген заманауи компьютерлік технологиялар білімді жеткізу мен әртүрлі оқу ақпараттарына өтуде дәстүрлі оқыту құралдарына қарағанда анағұрлым әсерлі әрі нәтижелі [3].

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Осы тұрғыда Қазақстанда 2011-2012 оқу жылдарында Астана, Алматы және Қарағанды облысының 44 білім беру ұйымдарында пилоттық жоба іске асырылса, ал 2012 жылы жобаға қатысатын білім беру ұйымдарының саны 537-ге дейін жетсе, 2013 жылда олардың санын 926-ға дейін жеткізу көзделгенін айтып кетуге болады.

Бүгінде осы үш жылға республикалық бюджетте 39,5 млрд. теңге қарастырылған. Электронды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты - ауыл және қала мектептерінің білім деңгейін теңестіру.

Қазақстанда E-learning жүйесінің электронды оқыту нарығында алатын орны да ерекше. Бұған дәлел қазіргі буын білімгерлер үшін ақпаратты электронды тәсілмен қабылдау қалыпты жағдай болып табылады. Көптеген Қазақстандық компаниялар тек жақсы оқытылған қызметкер ғана мекемеге табыс әкеле алады деген тұжырымды ұстанады. Осы орайда басшылар өзінің басқаратын мекемесінде қызмет жасайтын адамдар үшін бірлескен тренингтік бағдарламаларды дамыту бойынша ұтымды шешім қабылдауларына мәжбүр. Ал бұл тұрғыда жаңа білім алу үшін электронды оқыту E-learning талапқа сай келеді. Электронды оқытуда оқытушының автоматтандырылған жұмыс орны болады. Оған электронды журналдар, күнделіктер, жоспарлар, электронды оқытушылар бөлмесі, ата-аналарды SMS-хабарламалары кіреді. Әрбір студент пен оқытушының кез келген уақытта әлемдік ең жақсы білім ресурстарына «онлайн» өту мүмкіндігі болады. Сонымен қатар цифрлық білім ресурстары, яғни электронды оқулықтар, ойындар, виртуалды тренажерлар, зертханалар болу керек.

E-learning – күндізгі семинарлардың инновациялық баламасы, сонымен қатар қызметкерді оқыту құралы, кез келген адамның жеке және кәсіби өсуіне тиімді, өз бетімен және жан-жақты дамуына бағытталған құрал ретінде. Қазір Қазақстанда электронды оқытудың синонимі қашықтықтан оқыту жүйелерін (ҚОЖ) өндірістік ірі

компаниялар мен банктік секторлар да енгізуде. Себебі, электронды білім беру жүйесі – болашақта жаппай ағарту саласын қамтитын жаңа үрдісті шығармашылық еңбек.

E-learning электронды оқыту жүйесі білім берудің барлық сатысын технологияландыруымен ерекше. Электронды оқыту түрін қолданудың әсерлігі мен нәтижелігі туындайтын жағдаяттардың нақты факторларына тәуелді болуында [4].

Қазір дәстүрлі, қашықтықтан оқыту, электронды оқыту, аудиториялық сабаққа түрлі электронды құралдарды пайдалану сияқты оқыту үлгілерінің көптеген түрлері бар. Соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында кейс, желілік және телекоммуникация сынды ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының көмегімен қашықтықтан оқыту түрі таңдалған.

Осы тұрғыда университетімізде қашықтықтан білім беру технологияларын дамыту үшін webinar форматында on-line дәрістері Красноярск мемлекеттік педагогикалық университеті, Омск мемлекеттік педагогикалық университеттерімен өткізілуде. Осындай on-line дәрістер білім алушылар мен оқытушылардың ақпараттық өзара әрекетінің тұрақты үлгісі болмақ. Webinar мүмкіндіктері күндізгі оқу мүмкіндіктерімен толықтай теңестірілмек, оқытушымен жеке on-line қатынаста болу – оқу орындары үшін бұл технологияны өте тартымды етеді. Webinar қатысушылар, олардың қайда орналасқандығына қарамастан кез келген жерден on-line дәрістерге қосыла алады, өз кезегінде университеттің аудиториялық қорының жүктемесін төмендету үшін сабақ өткізуге арналған аудитория ұйымдастырудың қажеті жоқ. Кез келген webinar оңай жазылады және өте маңызды, соның салдарынан көптеген мақсаттарға арналған – ішкі бірлескен білім кітапханасын қалыптастыру, Интернет желісінде жариялау, лектордың өзі өткізген сабақты талдау, болашақта өз стилі мен оқу материалдарын жіберу техникасын жетілдіру үшін қолданылып отыр.

Компьютерлік модельдеудің информатика курсына алатын орны ерекше. Өйткені, компьютер көмегімен өмір практикасында кездесетін есептерді шешу әр кезде алда тұратын мәселе. Компьютерді, яғни ақпараттық технологияларды пайдалану салалары көбейген және кеңейген сайын модельдеу және формализациялаудың көкейтестілігі арта беретін болады. Сондықтан мектеп информатика курсына болсын немесе жоғары және арнаулы орта оқу орындарында информатика пәнін оқытуда бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінуі керек. Мәселен, ресейлік мектептерде осы аталған мәселеге аса назар аударылады.

Электрондық оқыту жағдайында «компьютерлік модельдеу» электронды курсы ұжымдық рұқсаты бар жоғары оқу орындарында сапалы оқытуды қамтамасыз етеді, оқыту бағдарламалары мен курстардың шығынын азайтады, білім беру контенті мен қазіргі заманғы оқыту технологияларына ауқымды және бірдей рұқсатты қамтамасыз етеді. Электрондық оқыту жағдайында «компьютерлік модельдеу» электронды курсын енгізудің нәтижесінде оқыту үрдісінің тиімділігі артады, сондай-ақ оқу орындарында оқытушы құрамының жаңа ұрпағы қалыптасады. Электрондық оқыту жағдайында «Компьютерлік модельдеу» электронды курсы құрамына оқытуда іскерлік ойындар мен имитационды модельдеуді, мультимедиялық көрсету құралдары мен оқу материалдарының дамуы, студент пен оқытушылардың интерактивті байланыс құралдары кіреді. Электрондық оқыту жағдайында «Компьютерлік модельдеу» электронды курсын оқыту үрдісінде жүзеге асыруда LCDS (Learning Content Development System) жүйесін пайдаланған ыңғайлы әрі тиімді [5].

«Компьютерлік модельдеу» студенттердің танымында әлемнің ақпараттық бейнесін қалыптастыратын жоғары оқу орындарында информатика мамандығы бойынша ұйымдастырылған элективті курс болып табылады. Жоғары оқу орындарында электрондық оқыту жағдайында компьютерлік модельдеу курсын информатика мамандығының студенттерінің білімін жетілдіру мақсатында Moodle

LMS программалау ортасында «Компьютерлік модельдеу» курсы бойынша теориялық және практикалық материалдар, глоссарий, тестілеу кешені және тағы басқа студенттің білімін жетілдіретін тапсырмалар жасалды. Курсты өту нәтижесінде студент келесі мүмкіндіктерге ие болады:

- білімді визуализациялау;
- өзіндік жұмысты орындау ортасының болуы;
- қазіргі заманғы технологиялар қолдану арқылы интеграцияланған сабақтардың берілуі;
- өзін-өзі тексеру жүйесін пайдалану;
- өз мүмкіншіліктерін жаттықтыру;
- берілген материалды оқыту.

Білім беруді ақпараттандырудың басты міндеттерінің бірі ақпараттық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Қалыптастыру деңгейі біріншіден, ақпарат, ақпараттық үрдіс, модель және технологиялар туралы біліммен, екіншіден, әртүрлі қызметтегі ақпаратты талдау және өңдеу құралдары мен әдістерін қолдану тәжірибесімен, үшіншіден, қазіргі заманғы технологияларды кәсіпқой қызметте қолдана білумен ерекшеленеді.

LCDS – курсты басқару жүйесі – оқытушыларға кең ауқымды спектрдегі педагогикалық принциптерді қолдану арқылы әсерлі online-оқыту үшін құрылған ашық бағдарламалар пакеті. LCDS- on-line және off-line ретінде қолдануға болатын веб-технология, жоғары оқу орны, мектеп және басқа да оқу орындарында кең әрі тиімді қолданылатын бағдарламалық қамтамасыздандыру.

Электрондық оқыту жүйесінің (e-Learning) жүйе құрушылық құрамдас бөліктерінің бірі оқытуды басқару жүйесі (Learning Management System, бұдан әрі – LMS) болып саналады, бұл – оқу процесінің барлық қатысушыларына (мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар) on-line мен off-line режимдерінде оқыту мазмұнына (контентіне) қатынас құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама [6].

Біздің электронды курс оқу процесінің барлық қатысушыларына (студенттерге, оқытушыларға, мектеп оқушыларына, ата-аналарға) интерактивтіктің режимінде, on-line және off-line режимдерінде оқытуды басқаруға, дербес блогтар және портфолио арқылы кәсіптік тәжірибелерді бөлісуге, студенттердің динамикалық үлгерімін қадағалауға, сондай-ақ оқушылардың, педагогтар мен мектеп, жоғары оқу орындарының рейтингілерін жүргізуге және басқаруды қадағалауға мүмкіндік береді.

Әр жаңа кезең оқытушы алдына жаңа талаптар қояды. Қазіргі кезде оқытушының басты мақсаты-студенттерді ақпараттық әлемде өмір сүруіне үйрету, қажет білімді тауып, оны тиімді пайдалану. Бүгінгі күні барлық білім беру орталары білім беру мазмұнының 60%-і түрлі сандық интерактивті мультимедиялық білім беру ресурстарын (СИМБР):

- электрондық оқулықтарды;
- мультимедиялық оқу бағдарламаларын;
- виртуалды саяхаттарды;
- электронды дидактикалық құралдарды және т.б. жасау жолымен сандық форматқа көшу үстінде.

Сондықтан да біздің ұсынып отырған курсымыз осы жүйелердің біріне енеді.

Қорыта айтқанда желілік электронды курста оқытуды қолдану ақпараттық оқыту технологиялар оқыту үрдісінің құрылымын, мазмұнын қамтамасыздандыратын жеке бағытталған дидактикалық компьютерлік орта, яғни әдістемелік, әдістік, технологиялық бағыттар болған жағдайда тиімді. Электронды оқыту жағдайында

«Компьютерлік модельдеу» элективті курсы оқу нәтижесінде студенттердің білім беру үрдісіндегі өзін-өзі жетілдіру, өзіндік дамуы толық қамтамасыздандырады.

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама №1118, 07.12.2010.
2. Тихомирова Н.В. Образовательный процесс в электронном университете: условия и направления трансформации / Открытое образование, 2011, №3. – с.71-77.
3. Бархаев Б.П. Многоуровневый дидактический план в дистанционном образовании // Информатика и образование, 2001, №7. – с. 14-16.
4. Тиффин Д., Раджасингам Л. Что такое виртуальное обучение. Образование в информационном обществе. — М.: Информатика и образование, 2009, №2.- с. 6-8, 312 с.
5. Тарасевич Ю.Ю. Математическое и компьютерное моделирование. Вводный курс: Учебное пособие / Ю.Ю. Тарасевич. 4-е изд., испр. М.: Едиториал УРСС, 2004. 152 с.
6. Захарова Т., Захарова А. Подготовка педагогов к созданию и развитию современной информационной образовательной среды // Информатика и образование, 2011, №1. – с. 85-89. ISSN0234-0453.

ӘОЖ 378.016.026.4.004(574)

А.Е. Сағымбаева, Ф.А. Лесбекова*, А.Ж.Абишева

ИНФОРМАТИКАДАН БІЛІМДІ БАҚЫЛАУДА ПОРТФОЛИОНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҰТЫМДЫ ТҰСТАРЫ

*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ, *- магистрант)*

Мақалада информатикадан білімді бақылауда портфолио қолданудың тиімді жақтары қарастырылған. Атап айтқанда портфолио ұғымының мәні анықталған, информатика пәнінен оқушының портфолиосының құрылымына қойылатын талаптар нақтыланған. Сонымен қатар оның педагогикалық бақылаудың қызметтерінде алатын орны анықталған.

В статье рассматриваются оптимальные стороны использования портфолио при контроле знаний по информатике. Определено значение портфолио к уточнению требования по созданию портфолио ученика по информатике. А также определена его занимаемая роль в деятельности педагогического контроля.

In article the optimum parties of use of a portfolio on education control on informatics are considered. It is defined value of a portfolio to requirements for creation of a portfolio of the pupil for informatics are specified. And also its occupied role in activity of pedagogical control is defined.

Түйін сөздер: Бақылау, портфолио, е-портфолио, оқушы портфолиосы, арнайы құжаттар, практикалық тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, ұсыныстар, өзіндік есеп

Ключевые слова: Контроль, портфолио, е-портфолио, портфолио ученика, специальные документы, практические задания, творческие работа, предложения, самоотчет.

Keywords: Control, portfolio, e-portfolio, portfolio of the pupil, special documents, practical tasks, creative work, offers, self-report

Қазіргі заман педагогикасында білім берудің мақсаты мен құндылығы өзгеруі жағдайында оқытудың нәтижесін беру де өзгереді. Оқыту нәтижесі – білімнің

құндылығы тек оқушылардың білім жүйесін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар олардың білімді алу әдістерін меңгеру, жаңа білім алу мұқтаждықтарын көрсете білу қабілеттері, жылдам, әрі тиімді және өз беттерінше немесе басқа оқушылармен ұжымдаса отырып кеткен қателіктерін толықтыра білулері сияқты бұл көпкомпонентті жүйе болып табылады.

Бұл әсіресе, мектептің Информатика пәні үшін маңызды болып табылады, оқушылар аталған пән бойынша негізгі біліммен қатар, өздігінен білім алуы, өзін-өзі дамыту сияқты қасиеттері мектеп бітірушілерге, болашақта заманауи, тез өзгертін, ақпараттық қоғамда өзін-өзі дамытуға көп көмегін тигізетін ақпараттық технологияларды тез меңгеруге себепші болады.

Оқушылар берілген ақпаратты дұрыс талдауы үшін және олардың ақпараттық ортада өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру үшін заманауи ақпараттық технологияға сәйкес білім мен біліктілікпен қарулануы керек. Бірақ, информатиканы оқыту нәтижелерін бақылаудың дәстүрлі формалары мен әдістері пәндік білімді бағалауға көп көңіл бөледі де, оқушылардың барлық оқу жетістіктерін толық қамти алмайды. Сонымен қатар, педагогикалық бақылаудың бақылаушы-түзетуші, оқытушы, тәрбиелеуші қызметтері толығымен іске асырылмайды, ол мұғалімнің бақылау-бағалау іс-әрекетін едәуір төмендетеді [2].

Сондықтан да, мектеп оқушыларының информатика пәнінен алған білім жетістіктерін толық бейнелеу үшін және педагогикалық бақылаудың барлық қызметтерін жүзеге асыру үшін оқушының жетістіктерін айқын көрсететін бағалаудың тиімді технологиясы – информатика пәні бойынша оқушы портфолиосын оқу үдерісіне бейімдеу қажет.

Әлемдік білім беру тәжірибесінде үлкен сұранысқа ие және кеңінен қолданылатын құралдың бірден бірі портфолио болып табылады.

«Портфолио» термині итальян тілінен аударғанда «құжаттар бумасы», «мамандар бумасы» деген ұғымды білдіреді. «Портфолио» - экономикалық термин десек те болады, себебі ол адам капиталының жиынтығы болып табылады.

Портфолио сөзі ағылшынның portfolio – «құжаттарға арналған бума» сөзінен шыққан. Сонымен қоса француз тілінен аударылғанда «түсіндіру», «қалыптастыру», «әкелу», «парақ», «ақпараттар жиынтығы», «жетістіктер топтамасы» деген мағыналарды береді. Сонымен шет тілдерден енген сөздердің сөздігіне сүйенсек, портфолио – маманның іс-әрекеттерін және жетістіктерін айқын бейнелейтін құжат [1].

Педагогикада жалпы жағдайда «портфолио» термині оқушының белгілі бір уақытта (оқу, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік) әр түрлі қасиеттері жинақталып, бағытталатын жеке бумасы болып табылады.

Портфолио – кез келген оқушының жеке оқу жетістіктерін бақылау әдісі, даму деңгейін ұсыну формасы және оны бағалау құралы. Портфолионы қолданудың тиімділігі, білімнің құндылықтары мен оның жаңа мақсаттарын бейнелеуі сияқты шетелдік практикамен расталады.

Мектепте портфолионы қолдану идеясы 80-жылдары АҚШ-та пайда болды. Одан кейін Еуропа мен Жапонияда кеңінен танымал идеяға айнала бастады. Портфолионы мектептегі білім беру үдерісінде пайдалануға байланысты басылымдар мен ғылыми еңбектер саны қысқа мерзім ішінде айтарлықтай өсті деуге негіз бар. Оған дәлел ретінде портфолио тұсында интернетте жиі жүргізілетін пікірталастарды айтуға болады және отандық педагогтар арасында портфолио тақырыбы өте өзекті.

Оқу үдерісінде портфолионы қолдану оқушылардың өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі оқыту қасиеттері объективті түрде болатын қоғамды ақпараттандыру жағдайында ең қажетті қасиеттерінің қалыптасуына негіз болып табылады. Оқушылардың жеке

портфолио құрып, оны жүргізуі олардың ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына себеп болып, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту мен рефлексия қасиеттерін қалыптастырады.

Портфолио – оқушының жетістіктер көрсеткішінің кепілі

«Оқушы портфолиосын» жасауда ең маңызды жұмыс – оқушының пікірімен, негіздемелерімен және дәлелдемелерімен өзін-өзі бағалауы. Оқушы өз «портфолиосын» жаңа жұмыстармен толықтыра отырып, белгіленген мерзімдерде топтың немесе сыныптың, оқушылар конференциясының немесе ата-аналар жиналысының талқысына ұсынып отырады. Осындай жиындарда оқушы өзі немесе мұғалім таңдаған ғылым саласында қол жеткізген жетістіктерін көрсете білуі керек. Осы мәселе бойынша мұғалімнің, ата-ананың, (сыныптастарынан жасақталған) эксперттік топтың берген бағалары мен өзіне-өзі берген бағалардың арасында алшақтық барма, жоқ па – сол жөнінде айтады. Қай тұста сәйкестік бар, ал қай жерде бағалардың алшақтығы айқын көрінетіні туралы талдау жасайды. Сөйтіп, ұсынылған жұмыс бойынша сол бағытта қандай жұмыс атқаратынын айқындайды. Мұндай «портфолио» тек академиялық табыстар ғана әкелмейді, оны спорт, тәрбие, т.б. салаларда да қолдануға болады. «Оқушы портфолиосының» презентациясы ата-аналар тарапынан өз баласының еңбегін бағалау үшін аса тиімді, сондықтан оқушы жұмысының нәтижелерімен танысу үшін ата-аналарға ұсынылады.

1. Оқушының оқып үйрену қызметіндегі өзін-өзі бағалауының (мерзімдік, қорытынды) нәтижелері: (әр түрлі оқыту деңгейінде) баланың оқу бағдарламасына сай алған білімі; оқушының таным үдерісінде өздігінен шешім қабылдай алуы, сол шешімдерден шығатын нәтижелерді алдын ала болжай алуы; оқушының тіл табысу қабілетінің ерекшеліктері (пікірталастарға, қатысуы, өз ұстанымын негіздеу алуы, басқа оқушыға қысқа әрі ұғынықты түсіндіре алуы, т.б.).

2. «Портфолиоға» материалдардың құрылымдығы, жазбаша түсініктемелердің қисындылығы мен ықшамдылығы.

3. «Портфолио» жасаудың ұқыптылығы мен әсерлілігі.

4. «Портфолиоға» материалдардың толымдылығы, тақырыптық бүтіндігі.

5. Оқушының «Портфолио» презентациясының негізділігі мен көрнектілігі.

Оқушының жұмыс дәптері портфолиомен жұмыс істеп үйрену; керекті материалды іріктеу; өз жетістіктерін жазу; жоспар құру; есеп, резюме жазу үшін қажет.

Жұмыс дәптерлері өзіндік портфолио жасаушы орта және жоғары сынып оқушыларына негізделген. Жұмыс дәптері оқушылардың өзін-өзі үйретушісі болып табылады. Ол оқушыларға мұғаліммен және ата-анамен, сондай-ақ, дербес жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Дәптер портфолиоға негізделген әр түрлі материалдарды безендіру үлгілерін, оқушыларға портфолионың не екенін түсінуге көмектесетін жаттығуларды және онымен жұмыс істеу әрекеттерін үйренуді құрайды.

Информатика пәні бойынша портфолио жасау және оны қолдану педогогикалық бақылау жүйесін екі бағыт бойынша жетілдіруге мүмкіндік береді: педагогикалық бақылаудың қызметтерін тереңдету және жаңа мақсаттар мен білім құндылықтарына сәйкес мектеп оқушыларының информатика пәні бойынша жетістіктерін толық бейнелеу.

Осыған сәйкес информатика пәні бойынша оқушы портфолиосы олардың келесідей жетістіктерін толық бейнелеуге мүмкіндік береді:

- оқушының танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту;

- өз еңбегінің нәтижесіне деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

- жеке даралық және ұжымдық оқу, сондай-ақ, жобалық іс-әрекетте ақпараттық технологияны қолдану тәжірибесін меңгеру.

Ал, информатика пәні бойынша оқушының жетістіктерін толық қамтитын мүмкіндік туғызу үшін оқушы портфолиосы келесідей құрылымға ие болуы тиіс:

- негізгі үш бөлімнен тұруы тиіс (I. Арнайы құжаттар, II. Практикалық тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар, III. Ұсыныстар және өзіндік есеп);

- ақпарат шығарылған (I, III бөлім) және электрондық (II бөлім, е-портфолио) түрде ұсынылуы тиіс;

- уақыт факторын ескере отырып құрылуы және жүргізілуі тиіс (оқу жылы, мектепте оқу кезеңінде).

Информатика пәнінен оқушының портфолиосының құрылымына қойылатын талаптар:

Портфолиода үш құрылымдық бөлімінің болуы шарт, олардың әрқайсысы білім-беру нәтижелерінің белгілі бір категориясын бейнелейді.

I-бөлім «Арнайы құжаттар» әр оқушының жеке дамуын, оның танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін сипаттайды. Оның ішіне олимпиада нәтижелері, қатысушылар мадақтамалары мен информатикаға байланысты әр түрлі іс-шаралардың жүлделері (ғылыми конференциялар, конкурстар, әр түрлі практикалар), жылдық нәтижелері, информатикадан өткен тақырыптар көрсетілген бағалау парағы. I бөлімде көрсетілген құжаттар педагогикалық бақылаудың бақылаушы-түзетушілік, оқытушылық, тәрбиелік қызметтерін іске асыруды тереңдетеді.

II-бөлім «Практикалық тапсырмалар мен шығармашылық жұмыстар» - ақпараттық технологияны қолдану тәжірибесі жеке және ұжымдық оқу-танымдық, сонымен қатар жобаларды қолдануды ұйымдастырады, ақпаратты басқару саласындағы белгілі бір білім, біліктілік пен дағдыны меңгеру дәрежесін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы бөлімде портфолио келесі жұмыстар болуы керек: информатика пәнінен және қосымша бейімдеу немесе таңдау курстарынан, сондай-ақ информатикадан қосымша білім беруде жасалған зерттеу және шығармашылық жобалар.

III-бөлім «Ұсыныстар және өзіндік есеп» - оқушының іс-әрекеті оның пәнге деген қызығушылығымен аяқталу керек. Бұл бөлімде оқушының өзінің қорытындысы, өзін-өзі бағалауы; жеке оқу жоспары; шығармашылық жұмыстарға нұсқаулар беріледі. Портфолионың бұл бөлімінде оқушылар өзін-өзі бағалауға, яғни өзін-өзі оқыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар оқушыларға өзінің жұмыстарын қорытындылап, өзінің жеңістерін, өзінің мүмкіндіктерін объективті түрде бағалап, барынша жоғары нәтижеге жету үшін қиындықтарды жеңу тәсілдерін көру мүмкіндігін береді. Осылайша портфолионың үшінші бөлімі алдыңғы бөлімдері сияқты ақпараттық ортада оқушылардың өмірлік көзқарастарының құрылуына мүмкіндік береді.

Оқушының информатикадан портфолио құру мен қолдану кезінде уақыт факторларын есептеу керек. Мақсат - бір оқу жылына екі кезеңді ерекшелеу керек, яғни «ағымдық портфолио» құру, ал оқу жылы аяқталған кезде өздерінің ең керекті жұмыстарын алып «жалпы портфолиоға» сақтау керек (барлық оқу жылы кезінде 5-11 сыныптарда). Жалпы және ағымдық портфолио жоғарыда сипатталған үш бөлімнен тұрады.

Информатикадан ағымдық портфолио оқушының әртүрлі саладағы жетістіктері мен жоба жұмыстарының жинағын көрсетеді. Бұл портфолио рефераттар, жобалық және шығармашылық жұмыстар, мадақтамалар, дипломдар, жыл бойы тақырыбы көрсетілген бағалау парақтары, қойылған бағалар және т.б. сақталады. Осындай портфолионы құру және оны қолдану әр оқушыға міндетті болып табылады.

Сонымен, портфолио оқушының қызықты жұмыстарын мен маңызды жетістіктерін құрайды. Жалпы портфолионы құру мен қолдану барлық оқушыларға

ұсынылады, бірақ олардың барлығын міндеттеу қажет емес. Жалпы портфолионы жасауға 9-11 сынып оқушылары белсенді болады деген болжам бар, ал тәжірибе 90% оқушылар солай жасайтындығын көрсетеді.

Портфолионың I және III бөлімдері баспа түрінде құрылып, файлдық бумада сақталады. Оқушы оқу жылының басынан бастап, өзінің оқу нәтижелерін жүйелі түрде жинақтайды.

Информатика пәнінің портфолиосы талапқа сай электрондық портфолио болуы тиіс. II бөлім (е-портфолио) дискіде, немесе Интернетте, флеш-жадыда жиналып, атаулы ақпаратқа ие болады және оқушының құзырлық-құзыреттілік паспорты болып табылады. Оқушыларға өздірінің сыныптық, үй және шығармашылық тапсырмаларынан «жеке берілгендер қорын» құра отырып, ақпарат нәтижелерін сақтауына мүмкіндік береді. Информатикадан портфолио құрылымына қойылатын талаптарды сақтау портфолио технологиясын неғұрлым тиімді қолдануға жағдай жасайды.

Қорыта келе, портфолио технологиясын оқу үдерісінде қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау дәстүрлі жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, өздігінен оқу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі дамыту, рефлексия секілді қасиеттерінің қалыптасып, дамуына мүмкіндік беретіні сөзсіз.

1. Алферов Ю.С. Мониторинг развития образования в мире//Педагогика. -2002.-№7.-С. 88-95.
2. Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьника. М.: Педагогика, 1984.- 297с.

ӘОЖ 371.26

Г.А. Самигулина, А.С. Шаяхметова*

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

*(Алматы қ., Қ.И. Сатбаев атындағы ҚазҰТУ, * - PhD докторант)*

Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытудың алатын орны қарастырылған. Дәлірек айтсақ, білім деңгейі, оқу тапсырмалары мен білім қоғамында сол тапсырмаларды шешу құралдарымен анықталатын қазіргі білім парадигмасының мәнді элементтерінің біріне айналуы жайлы айтылған. Олай дейтініміз, қашықтықтан оқыту жас шектеуін қысқартып, шалғайда тұратын білім алушы мен мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен мүмкіндік аша отырып, кәсіби ортаны кеңейтеді. Қазіргі уақытта өмір бойғы білім алуды қамтамасыз ететін жалғыз білім беру формасы және де белгілі бір топтағы адамдардың оқуға деген мүмкіндігіне негізделген.

В статье рассматривается место дистанционного обучения в современной образовательной парадигме. Точнее, дистанционное обучение становится существенным элементом современной образовательной парадигмы, определяемой уровень знаний об учебных задачах и о средствах решения этих задач в обществе знания. Дистанционное обучение сокращает возрастной барьер, открывает возможности для лиц, пространственно находящихся далеко или ограниченных в подвижности, тем самым расширяя круг профессионально активного населения. Это образование является единственно возможной на данный момент формой обеспечения образования на протяжении всей жизни и не может сводиться к предоставлению

возможностей обучения для отдельных категорий людей.

The article considers the place of distance learning in the modern educational paradigm. More precisely, the distance education becomes an essential element of modern educational paradigm defined by the level of knowledge about educational objectives and the means to address these challenges in a knowledge society. Distance learning reduces age barrier opens up opportunities for individuals spatially far removed or limited in mobility, thereby expanding the range of professionally active population. This formation is only possible at the moment form of education throughout life and can not be limited to the provision of training opportunities for certain categories of people.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, «жергіліктендіру», педагогикалық дизайн, инновациялық жүйе.

Ключевые слова: дистанционное обучение, «локализация», педагогический дизайн, инновационная система.

Keywords: distance education, «localization», pedagogical design, innovation system

Қашықтықтан оқытуды көбінесе жоғарғы білім жүйесінде жаһандану мен постиндустриялды қоғаммен байланысты инновация ретінде қарастырамыз. Қашықтықтан оқыту білім беруді ұйымдастырудың дәстүрлі мүмкіндіктерін кеңейту, жеке оқу жоспары бойынша білім алушылар мен оқытушылар арасындағы байланыс белгілі бір жүйе негізінде жүзеге асады. Сондай-ақ қашықтықтан оқыту жас шектеуін қысқартып, шалғайда тұратын білім алушы мен мүмкіндігі шектеулі жандарға үлкен мүмкіндік аша отырып, кәсіби ортаны кеңейтеді. Айтылған мәселелер төмендегі ғалымдардың Э.Чейт, Д.Коган, С.Слотер, Л.Лесли, Б.Рейдинг, Дж.Деланти және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Қашықтықтан оқыту білім деңгейі, оқу тапсырмалары мен білім қоғамында сол тапсырмаларды шешу құралдарымен анықталатын қазіргі білім парадигмасының мәнді элементтерінің біріне айналуда. Бұл парадигмада қашықтықтан оқытуды «жергіліктендіру» концептуалдық және ұйымдастырушылық көзқараспен алып қарағанда теориялық және функционалдық модельді талдау арқылы қашықтықтан оқыту кеңістігін сипаттау негізгі мәселе болып отыр [1].

Кейбір зерттеулерге сүйенсек, қашықтықтан оқыту нақты және анықталған қағидасы жоқ, білім беру мен оқу үдерісі уақыт пен кеңістікке бөлінген жағдайда қолайлы оқытуды қамтамасыз ету, білім беруді жеткізудің көптеген мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі оқытудағыдай қашықтықтан оқытудың теориялық негізі болып, философиялық және психологиялық жол табуды айтуға әбден болады. Мәселен, қашықтықтан оқытуда қолданылатын оқу материалдарын ұйымдастыруға ықпалын барынша тигізетін ертеректе бихевиристтік теорияға негізделген компьютерлік технологияны пайдаланатын оқыту моделі жатады. Қашықтықтан оқытуда жинақталған тәжірибе теориялық тәсіл негізін құрушы келесі оқу үдерісі жағдайында көрініс табады:

1) оқытушы мен білім алушы ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырушы топ мүшелері де қашықтықпен бөлінген;

2) оқу материалдарын «жеткізу» мен екі жақпен байланыс орнату үшін әр түрлі технологиялар қолданылады;

3) оқыту мен қолайлы байланысты қамтамасыз етуді ұйымдастыру ерекше мәнге ие.

Бұл тәсілдер Д.Киганның еңбегінде жалпыланып және жүйеленген. Сонымен, Д.Киган сараптаудың негізгі үш бағытын ерекшелеп көрсеткен: біріншісі, оқу үдерісінде білім алушының жеке дара және де, тәуелсіздігі; екіншісі, «білім беруді индустрияландыру»; үшіншісі, байланыс тәсілдері [2].

Бірінші жағдайға тоқталатын болсақ, оқу үдерісі кезінде білім алушының жеке дара мен тәуелсіздігі қашықтықтан оқытудың дидактикалық принциптерінің негізгі мәнін анықтайды.

Екінші жағдай бойынша қашықтықтан оқыту жүйесінде оқытушы мен білім алушы арасында байланыс пен өзара байланысты талдаумен дидактикалық принциптерді құру. Сондай-ақ білім беру жағдайындағы байланыс білім алу үдерісін бақылау мүмкіндігімен анықталады. Оқу үдерісін ұйымдастыру көзқарасы негізінде қашықтықтан оқыту жүйесін сараптау жайында О.Петерсонның «білім беруді индустриаландыру» теориясында қарастырылған. Неміс зерттеушісі көрсеткендей, оқытушы мен білім алушы арасындағы байланыс белгілі-бір технологиялық ереже бойынша бақылауға алынады, эмоциялы емес тіл арқылы жүзеге асады, шектелген мүмкіндікті талдау мен білім алушының бағытталған қажеттілігіне негізделген, өнімді жұмыс нәтижесі арқылы қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қашықтықтан оқыту жүйесі алғашқы оқу тапсырмаларын, еңбекті бөлу, оқу курсы «жинау» және т.с.с. жоспарлауды қажет етеді. Сондықтан да қашықтықтан оқытуды білім берудің «индустриалды» түрі ретінде қарастырса болады [3,4].

Осыған орай, К.Дид онлайндық педагогиканың бірнеше зерттеу бағыттарын атап көрсетеді:

1. Педагогикалық дизайн.

- өнідірісте жаңа технологиялардың пайда болуына орай, болашақ қажеттіліктерді талдау;

- білім алуда қолайлы педагогикалық дизайн түрлерін оқыту;

- білім беруді тұтыну мен құрастыру басымдылықтарының әртүрлі мәселелерін шешуде қажет тепе-теңдік пен келісімді анықтау;

- білім алушылардың ұмтылысын салыстыру.

2. Білім алмасу желілері.

- тәжірибелі оқытушылар педагогикалық басымдылықтарды қаншалықты қолданатындықтарын зерттеу;

- тікелей гипермедиялық режим көмегімен емес, бір-бірімен шынжыр тәрізді байланысқан білімді қорытындылау әдісін құру;

- ақпаратты қабылдаудың әртүрлілігі мен оқытуда әсер ететін сызықтық емес басқаруды анықтау;

- әртүрлі типтегі білім алушы мен оқытудың әртүрлі тапсырмаларына құрылымдық және ашық жетекшілік етудің оңтайлы тепе-теңдігін анықтау.

3. Виртуалды бірлестіктер.

Қашықтықтан қатысу дәрежесін оқыту әр деңгейдегі телекоммуникациялық өту мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ әр деңгейдің әлеуметтік байланысты жақсартудағы қолайлылығы анықталады.

- қашықтықтан оқыту мен оқу білім алушының талпынысын жоғарлату мен жұмыс өнімінің қаншалықты жақсаратынын анықтайды;

- қашықтықтағы оқытушы мен білім алушының талпынысын арттырудағы жұмыс іскерлігін анықтау;

- «электронды қабырғалы аудитория» атты педагогикалық қолайлы тәжірибені, сынып бөлмесі төңірегіндегі дүниені шынайы өмірдегідей етіп арнайы технологиялық құралдармен сәйкестендіру;

- білім алушылардың технологиялық ортадағы бір-бірімен қарым-қатынасы желідегі анық тұлғалық деңгейі анықталады.

4. Біріккен жасанды орта.

Жасанды ортаға тән оқытудағы психологиялық құбылыстардың әсері символдық ақпараттың сезімтал формасына түрленуінің салыстырмалы деңгейі анықталады немесе

білім алушының жасанды ортаға физикалық тұрғыдан енуі арқылы әр түрдегі оқу материалын меңгеруіне ықпалын тигізеді.

Функционалдық көзқарас тұрғысынан алып қарайтын болсақ, қашықтықтан оқытудың келесі формаларын қарастыруға болады: толығымен, онлайндық, аралас, дәстүрлі курстың онлайндық нұсқасы, өздігінен реттелетін білім алу мен шалғай аудиторияларда синхронды оқыту, корреспоненттік және трансляциялық қашықтықтан оқыту және т.б жатады.

Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңейтілген қолданысы білім алудың трансляциялық және корреспоненттік модельдерінің пайда болуына әкеледі. Ақпараттық білім беру ортасы - бұл ашық, бір-бірімен байланысқан жүйе және үнемі жаңаланып отыратын оқу үдерісінің барлық тұтынушыларымен байланыс орнатуға интерактивті мүмкіндік беретін білім алу құралдарының арнайы байланысқан кешені.

Ақпараттық білім беру ортасының негізгі техникалық сипаттамаларына көп компоненттілік (оқу-әдістемелік материалдар, программалық жабдықтама, тренингтік жүйелер, білімді бақылау жүйелері, техникалық құралдар, мәліметтер қоры, ақпараттық-анықтамалық жүйелер және т.б.), интегралдық, бөлшектік жатады. Сондай-ақ мұндай жүйе дидактикалық технологиялар мен ақпараттық қорлардың, программалық жабдықтаудың және т.с.с. бірігуі ғана емес, білім алушының жеке білімі мен курс мазмұнын байланыстыратын «білім беру оқиғаларын» құрайды. Сондықтан да виртуалды білім беру ортасын толығымен құру үшін келесі қосымшалар ескерілуі тиіс:

- 1) әлеуметтік жағдайды тануға байланысты басымдылық;
- 2) білім алушының қажеттілігіне байланысты білім алу мен жетілу арасындағы байланысты ескере отырып, білім беру формасын таңдау;
- 3) білім алушыны негізгі объект пен білім беру жүйесінің элементі ретінде қарастыру қажет.
- 4) әлеуметтік, педагогикалық және когнитивтілігі бар білім беру бірлестіктерінің қолайлылығы тұлғаның қалыптасуы үшін өнімді ортаны қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқытудың қолайлылығы жоспарланған оқыту формасы тәрізді электронды және басқа да технологиялардың көмегімен жүзеге асатын арнайы әдістерді талап ететін арнайы ұйымдастыру мен әкімшілік мәселелер құруға байланысты [5].

Сонымен, қашықтықтан оқыту жоғарғы білім беру жүйесінде мәнді инновациялардың бірі, яғни ақпараттық қоғам мен білім қоғамының даму бағдарламасымен байланысты қазіргі білім беру парадигмасының мәнді элементі ретінде қарастырылады. Еліміздің бірқатар ғалымдары да қашықтықтан оқытуды дамыту мәселелерін зерттеуде өз үлестерін қосуда.

Қашықтықтан оқыту қазіргі кезде үздіксіз білімді қамтамасыз ететін оқытудың бірден-бір формасы болып табылады. Олай дейтініміз, басты орында қашан да сапалы білім тұрады. ХХІ ғасыр – білім, ғылым және сапа ғасыры болғандықтан Қазақстанның білім беру жүйесінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, күннен-күнге жаңарып жатқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы осыған дәлел. Соған сәйкес, әлемдік тәжірибеде қашықтықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұр. Сондықтан бүгінде елімізде білім берудің қашықтықтан оқыту технологиясы жақсы жүзеге асырылуда.

1. М.В. Соколова, А.Е. Пупцев, М.Л. Солодовникова. дистанционное образование в высшей школе Беларуси в контексте общества знания: проблемы и перспективы, 2013.
2. Keegan, D. Foundations of distance education. London and New York: Routledge, 1996.

3. Rovai, A., Ponton, M., Baker, J. Distance Learning in Higher Education. New York: Columbia University Press, 2008; The Theory and Practice of OnНm Learning / Ed. by T. Anderson. Athabasca: Athabasca University Press, 2008. P. 20.
4. Dede, C. The Evolution of Distance Education: Emerging Technologies and Distributed Learning // The American Journal of Distance Education. 1996. № 10(2). P. 4-36;
5. Нурбеков Б.Ж. Қашықтықтан оқытуды дамыту мәселесі //Вестник ПГУ №1, Павлодар, 2010.

УДК 378.1

М.А. Скиба, А.Р. Турганбаева

ПРИНЦИПЫ СОЗДАНИЯ СИСТЕМЫ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

(г. Алматы, КазЭУ имени Т.Рыскулова)

Мақалада білім берудің сапасын бағалау жүйесін құру принциптері сипатталады, соның ішінде ашықтығы, жан-жақтылығы, айқындылығы, қоғамдық-кәсіби қатыстылығы. Материалда жоғары оқу орындарында білім беру сапасының негізгі бағыттары анықталған. Сондықтан білім беру сапасын төмендегі құрылымдар арқылы ашуға болады: ресурстар, үрдіс, мазмұн, адами капитал, нәтижелер және өзгерістер сапасы арылы. Жоғары білім беру аумағында болып жатқан өзгерістерге байланысты барлық деңгейдегі білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін қайта жандандыру қажеттілігі туындайды. Осы үрдістерге қызығушы жақтардың белсенді қатысуы сапалы білім берілуіне мүмкіндік береді.

В статье описаны принципы создания системы оценки качества образования, такие как: открытость, объективность, прозрачность, общест-венно-профессиональное участие. В материале выявлены основные тренды в сфере обеспечения качества образования в вузах. Таким образом, качество образования можно раскрыть через составляющие: качество ресурсов, процесса, содержания, человеческих ресурсов, результатов, изменений. В связи с происходящими в сфере высшего образования изменениями делается вывод о необходимости перезагрузки системы обеспечения качества на всех уровнях. Широкое участие заинтересованных сторон в этих процессах будет способствовать предоставлению качест-венных образовательных услуг.

This article describes the principles of education quality assessment system, such as: openness, objectivity, transparency, social and professional involvement. The article identified the main trends in the field of quality assurance in higher education. Thus, the quality of education can be opened through components: quality of resources, process, content, human resources, results, changes. Because of an increase in higher education changes concludes rebooting quality assurance at all levels. Stakeholder participation in these processes will contribute to the provision of quality educational services.

Түйін сөздер: сапаны бағалау жүйесі, білім беру сапасы, сапа бағалау көрсеткіштер.

Ключевые слова: система оценки качества, качество образования, критерии оценки.

Keywords: quality assessment, quality of education, educational services, evaluation criteria.

Вхождение в мировое образовательное пространство изменяет как саму казахстанскую образовательную систему, так и систему оценки качества образования, приводит к появлению новых инструментов и механизмов ее оценки [1]. Мобильность

обучающихся составляет основу глобализации в сфере высшего образования, кроме того развивается мобильность образовательных программ и институциональная мобильность. Иностранные кампусы становятся частью региональных кластеров и региональных инновационных стратегий экономики знаний. Меняется модель финансирования зарубежных кампусов. Научно-исследовательская деятельность включается в трансграничное образование. Глобальные рейтинги стимулируют проактивные стратегии экспортирования образовательных услуг.

Характеристиками образовательного процесса, реализуемого в условиях глобализации, являются:

- 1) учет требований потребителей:
Еліміздің Жоңғар қақпасы, Шелек дәлізі, Ақмола, Жамбыл аймақтары, Алматы облысының Қытаймен шекаралас аймағындағы 40-ендікте Еуразия мегабассейніндегі орасан зор ауа массасының көлемі, Орталық Азиядағы “жел полюсі” деп аталатын және Жетісу қақпасындағы желдің қуаты мол, ол екі таудың ең тар жеріндегі (ені 10-12 км, ұзындығы 80 км) табиғи “аэродинамикалық құбыр” болып табылады. Қақпа Қазақстанның Балқаш-Алакөл ойпатын Қытайдың Ебінұр ойпатымен жалғастырады. Осы жердегі жел ерекшеліктерін орташа жылдамдығы 6,8 — 7,8 м/с, ал жел электр станциялары 4-5 м/с-тан бастап энергия бере бастайды. Желдің қарама-қарсы бағытқа өзгеруі сирек болуына байланысты мұнда турбиналы ротор типті жел қондырғысын орнату тиімді. Желдің жалпы қуаты 500 МВт-тан астам деп болжануда. Вертикальді роторлық турбинаны Қазақстаннан тыс Қырғызстан, Ресей, Корея елдерінде қолданылып келе жатыр. Себебі, алыс жерлерге электр энергиясын жеткеру қиын болғандықтан сол жерде осы вертикальді роторлық турбинаны қою өте ыңғайлы және қолданысты ақтап шығады. Ротор жел ағынының энергиясын көп қамтыса, соғұрлым көп электр энергия өндіреді. Қалақшаның қамтитын ауданы сол ауданның радиусының квадратына тура пропорционал, жел қондырғысының өлшемдерін екі есе арттырып, төрт есе энергия өндіріп алуға болады.



Сурет. 2- Жаңарып тұратын энергия көздерін пайдаланатын объектілердің орналастыру жоспарының картасы келтірілген.

Жел қондырғылардың қалақшалары ауа массасының қозғалысының әрекетінен айналады. Ауа қабатының массасы үлкен болса, соғұрлым жел двигателінің

қалақшалары жылдам қозғалып, электр энергиясын көп өндіреді. Физика курсынанөзімізге белгілі, қозғалатын дененің кинетикалық энергиясы оның массасына тура пропорционал, ендеше жел энергиясы ауа қабатының тығыздығына тура пропорционал. Тығыздық бірлік көлемге келетін молекулалар санына тәуелді. Қалыпты атмосфералық қысымда температура 15⁰С болған кезде, ауаның тығыздығы 1,225 кг/м³. Ылғалдылық өскен сайын ауаның тығыздығы азаяды. Қыс мезгілінде тығыздық жоғары болғандықтан, желдің бірдей жылдамдығына қарамастан, жаз мезгілімен салыстырғанда жел генераторы көп энергия береді.

Жел жылдамдығы – жел қондырғысының энергия өндіруіне әсер ететін маңызды өлшемі болып табылады. Желдің үлкен жылдамдығы ауа массасының ағынының көлемін үлкейтеді. Жел энергиясы жел жылдамдығының кубына тура пропорционал өзгереді.

$$N_T = \xi S_1 \frac{\rho g^3}{2}$$

Ендеше, ротордың кинетикалық энергиясы жел жылдамдығын екі есе үлкейткенде 8 есе артады. Төмендегі 3 - кестеде жел жылдамдығының жел энергиясына тәуелділігі көрсетілген (кұрғақ ауаның тығыздығы – 1.225 кг/м³, атмосфералық қысымның шамасы 760 мм.сын. бағанасы кезіндегі қалыпты жағдай).

Кесте 3.- Жел жылдамдығының көрсеткіші

<i>m/c</i>	1	3	5	9	11	15	18	21	23
<i>Bm/m²</i>	1	17	77	477	815	2067	3572	5672	7452

Жел энергиясы негізінен Күн энергиясының Жер бетін бірқалыпты қыздырмауынан туындайды. Сағат сайын Жер Күннен 1014 кВт·сағ энергия алады. Күн энергиясының 1-2 % -і жел энергиясына түрленеді. Бұл көрсеткіш жер бетіндегі барлық өсімдіктердің биоқалдыққа айналғанда бөлініп шығатын энергиясынан 50-100 есе асып түседі. Сөйтіп, энергия өндіруді біршама тұрақтандыруға болады.

Қазақстанның климаттық жағдайы күн қуатын пайдалануға ыңғайлы. Ғалымдардың айтуынша елімізде күн энергиясын өндіру мүмкіндігі 2,5 млрд кВт·сағ. Күн энергиясын қолдану, жылу мен жарықты қатар алуға мүмкіндік береді, ол арзан әрі қолайлы. Күн энергиясын қолдану арқасында күн сәулесін пайдаланатын панельдер қолданылады. Сол панельдердің көмегімен жылу энергиясында, электр энергиясында ала аламыз. Электр энергиясын аккумулятор батареяларға жинайтын болсақ, жылу энергиясын су бактарына жинаймыз. Баламалы электр энергиясын өндіру мемлекеттің басты назарында мәселен, үдемелі индустриалдық инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2014 жылдың жаңартылған энергия көздерінен өндірілетін электр станциясының көлемі 1 млрд кВт·сағ жеткізуді көздеп отыр. Бұл қазіргі көлемнен 800 млн кВт·сағ артық, әрі Ел ордамызда өтетін халықаралық Ехро 2017 көрмесінің тақырыбы «Болашақ энергиясы» бұл озық әлемдік технологияларды енгізуге және энергетикалық тиімді бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз [5].

Бүгін, Қазақстанда қоғам өмірінің барлық салаларының жағдайлары жақсартылды, бұл еліміздің халықаралық беделінің белсенді өсуіне мүмкіндік тұғызады. Мұның бәрі, қазақстандықтар қоғамының ауызбірлігі, еңбексүйгіштігі, өз қуатына сенімі мен болашаққа ұмтылушылығының арқасында мүмкін болды.

1. <http://www.wwindea.org>

2. Закон Республики Казахстан «О поддержке использования возобновляемых источников энергии», (Утвержден Указом Президента РК., №165-IV от 4.07.2009 г.).

3. Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан до 2015 г. (Утверждена Указом Президента Республики Казахстан, №1096 от 17.05.2003 г.).
4. Саткалиев А. Развитие электроэнергетики в Казахстане: Устойчивое развитие и энергоэффективность. // Энергетика №1 (44) февраль 2013.- С.14-15.
5. <http://www.kaztube.kz>

УДК 519.67

А.Н. Темирбеков*

ЧИСЛЕННОЕ РЕШЕНИЕ УРАВНЕНИЙ НАВЬЕ-СТОКСА В ДВУХСВЯЗНОЙ ОБЛАСТИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ УСЛОВИЯ ОДНОЗНАЧНОСТИ ДАВЛЕНИЯ

*(г. Усть-Каменогорск, ВКГТУ им. Д. Серикбаева, * - PhD -докторант)*

Бұл жұмыста Навье-Стокс теңдеулер жүйесін екібайланысты аймақта сандық шешудің әдістері зерттелген. Есепті шешудің екі әдісі қарастырылған. Бірінші әдіс қысымның бірмәнді болу шартын пайдаланып, ток функциясы және жылдамдық иірімі айналымында есепті құрастыруға негізделген. Ток функциясы үшін эллиптикалық теңдеудің шешімі, қарапайым екі эллиптикалық есептердің қосындысы ретінде анықталады. Бірінші есептің шекаралық шарттары біртекті, ал екінші есептің теңдеулері біртекті. Берілген есепті шешудің альтернативті жолы кіші коэффициентермен жалғастырылған жалған аймақтар әдісі. Бұл әдістің жүзеге асырылуы өте қарапайым және қысымның бірмәнді болу шартын қажет етпейді.

В данной работе исследуются численные методы решения уравнений Навье-Стокса в двухсвязных областях. Рассматриваются два метода решения задачи. Первый метод основан на построении разностной задачи в переменных функция тока и вихрь скорости с использованием условия однозначности давления. Численное решение эллиптического уравнения для функций тока находится как сумма решений двух простых задач эллиптического типа. Одна задача является с однородными граничными условиями, а другая с однородным уравнением. Альтернативный подход к решению поставленной задачи является метод фиктивных областей с продолжением по младшим коэффициентом. Этот метод не требует удовлетворения условия однозначности давления и является простым в реализации.

In this paper numerical methods for solving the Navier-Stokes equations in a doubly-connected regions are investigated. Two methods for solving the problem are considered. The first method is based on the construction of the difference problem in the stream function and vorticity using a pressure condition of uniqueness. Numerical solution of an elliptic equation for the stream function is found as the sum of the solutions of two simple problems of elliptic type. The first problem is with homogeneous boundary conditions and the other one is with a homogeneous equation. An alternative approach to solving the problem is the method of fictitious domains with the continuation over lower coefficients. This method does not require the satisfaction of the conditions of uniqueness of pressure and is easy to implement.

Түйін сөздер: Навье-Стокс теңдеулері, ток функциясы, жылдамдық иірімі, көпбайланысты аймақ, қысымның бірмәнді болу шарты, жалған аймақтар әдісі, шекаралық шарттар.

Ключевые слова: уравнения Навье-Стокса, функция тока, вихрь скорости, многосвязная область, условие однозначности давления, метод фиктивных областей, граничные условия.

Keywords: Navier-Stokes equations, stream function, vorticity, multiply-connected domain, the uniqueness condition pressure fictitious domain method, the boundary conditions.

В настоящей работе рассматриваются методы численного решения уравнений Навье – Стокса в многосвязной области. Одна из трудностей численного решения уравнений Навье – Стокса в переменных функции тока и вихря скорости в случае многосвязной области порождается неопределенностью значений функции тока на внутренних границах. Численное решение уравнения Навье – Стокса в многосвязной области рассматривались авторами работ [1-2], в которых предлагается явный метод численного решения уравнений Навье – Стокса в двухсвязной области. Данная задача с использованием условия однозначности давления решена в работе Сироченко В.П.[3]. В работе [4] сделан вывод, что явная схема приводит к неустойчивому счету. В предлагаемой работе построена устойчивая явная разностная схема для численного решения уравнений Навье-Стокса в многосвязной области с использованием условия однозначности давления и метод фиктивных областей для решения этой задачи.

Для моделирования конвективных течений рассмотрим уравнения Навье-Стокса в приближении Бусинеска [3].

$$\frac{\partial u}{\partial t} + u \frac{\partial u}{\partial x} + v \frac{\partial u}{\partial y} + \frac{\partial p}{\partial x} = \frac{1}{\text{Re}} \Delta u, \quad (1)$$

$$\frac{\partial v}{\partial t} + u \frac{\partial v}{\partial x} + v \frac{\partial v}{\partial y} + \frac{\partial p}{\partial y} = \frac{1}{\text{Re}} \Delta v - Gr\theta, \quad (2)$$

$$\frac{\partial u}{\partial x} + \frac{\partial v}{\partial y} = 0, \quad (3)$$

$$\frac{\partial \theta}{\partial t} + u \frac{\partial \theta}{\partial x} + v \frac{\partial \theta}{\partial y} = \frac{1}{\text{RePr}} \Delta \theta, \quad (x, y) \in D, t \in (0, T] \quad (4)$$

с начальными и граничными условиями

$$u = u_0(x, y), v = v_0(x, y), \theta = \theta_0(x, y), (x, y) \in \bar{D}, t = 0 \quad (5)$$

$$u = a_x(x, y, t), v = a_y(x, y, t), \theta = \xi(x, y, t), (x, y) \in \partial D, t \in [0, T] \quad (6)$$

где u, v – компоненты скорости, p – давление, θ – температура, Re – число Рейнольдса, Gr – число Грасгофа, Pr – число Прандтля, $\partial D = \gamma_1 \cup \gamma_2$ – граница области D .

Задачу (1)-(6) удобно решать исключением давления из уравнений движения и введением новых переменных - функция тока и завихренность. Существенную роль играют интегральные условия однозначности давления. В работе Ладьженской О.А. для однозначной разрешимости разностной схемы для уравнения Навье-Стокса к системе уравнений добавляется условие однозначности давления следующего вида [5].

$$\iint_D p(x, y) dx dy = 0 \quad (7)$$

Необходимость постановки условия вида (7) связано с тем, что разностный аналог уравнения (3) не является линейно-независимым. В работе Сироченко В.П. [3] предлагается другой вариант условия однозначности давления которая записывается в виде

$$\oint_{\gamma_3} \frac{\partial \Pi}{\partial x} dx + \frac{\partial \Pi}{\partial y} dy = 0 \quad (8)$$

где $\Pi = p + (u^2 + v^2)/2$ – полный напор.

Введем функцию тока ψ и вихрь скорости ω , которые связаны с компонентами скорости u, v следующими соотношениями

$$u = \frac{\partial \psi}{\partial y}, v = -\frac{\partial \psi}{\partial x}, \omega = \frac{\partial u}{\partial y} - \frac{\partial v}{\partial x} \quad (9)$$

Задача (1)-(6) в переменных ψ, ω записывается следующим образом [3]

$$\frac{\partial \omega}{\partial t} + \frac{\partial \psi}{\partial y} \frac{\partial \omega}{\partial x} - \frac{\partial \psi}{\partial x} \frac{\partial \omega}{\partial y} = \frac{1}{\text{Re}} \Delta \omega + Gr \frac{\partial \theta}{\partial x}, \quad (10)$$

$$\Delta \psi = \omega. \quad (11)$$

$$\frac{\partial \theta}{\partial t} + \frac{\partial \psi}{\partial y} \frac{\partial \theta}{\partial x} - \frac{\partial \psi}{\partial x} \frac{\partial \theta}{\partial y} = \frac{1}{\text{RePr}} \Delta \theta, (x, y) \in D, t \in (0, T], \quad (12)$$

$$\omega = \alpha(x, y), \theta = \phi(x, y), (x, y) \in \bar{D}, t = 0, \quad (13)$$

$$\psi = \xi_1(x, y, t), \frac{\partial \psi}{\partial \bar{n}} = \eta_1(x, y, t), (x, y) \in \gamma_1, t \in (0, T], \quad (14)$$

$$\psi = \xi_2(x, y, t) + \lambda(t), \frac{\partial \psi}{\partial \bar{n}} = \eta_2(x, y, t), (x, y) \in \gamma_2, t \in (0, T], \quad (15)$$

$$\theta = \beta_l(x, y, t), (x, y) \in \gamma_l, l = 1, 2, t \in (0, T], \quad (16)$$

$\alpha, \phi, \xi_i, \eta_i, \beta_i, i = 1, 2$ – заданные функции. Условие (8) запишем в следующем виде

$$\oint \left[\left(\frac{\partial^2 \psi}{\partial t \partial y} + \omega \frac{\partial \psi}{\partial x} + \frac{1}{\text{Re}} \frac{\partial \omega}{\partial y} \right) dx + \left(-\frac{\partial^2 \psi}{\partial t \partial x} + \omega \frac{\partial \psi}{\partial y} - \frac{1}{\text{Re}} \frac{\partial \omega}{\partial x} - Gr \theta \right) dy \right] = 0 \quad (17)$$

Решение разностного аналога задачи (10)-(17) будем искать в виде

$$\omega^{n+1}(x, y) = \omega_0^{n+1}(x, y) + \lambda^{(n+1)} \omega_1^{n+1}(x, y), \quad (18)$$

$$\psi^{n+1}(x, y) = \psi_0^{n+1}(x, y) + \lambda^{(n+1)} \psi_1^{n+1}(x, y).$$

где n – номер итераций.

I-ая вспомогательная задача

$$\frac{\omega_0^{n+1} - \omega^n}{\tau} + \frac{\partial \psi^n}{\partial y} \frac{\partial \omega_0^{n+1}}{\partial x} - \frac{\partial \psi^n}{\partial x} \frac{\partial \omega_0^{n+1}}{\partial y} = \frac{1}{\text{Re}} \Delta \omega_0^{n+1} + Gr \frac{\partial \theta^{n+1}}{\partial x} \quad (19)$$

$$\Delta \psi_0^{n+1} = -\omega_0^{n+1}, (x, y) \in D.$$

$$\psi_0^{n+1} \Big|_{\gamma_1} = 0, \frac{\partial \psi_0^{n+1}}{\partial \bar{n}} \Big|_{\gamma_1} = 0, \psi_0^{n+1} \Big|_{\gamma_2} = 0, \frac{\partial \psi_0^{n+1}}{\partial \bar{n}} \Big|_{\gamma_2} = 0, \quad (20)$$

II-ая вспомогательная задача

$$\frac{\omega_1^{n+1} - \omega^n}{\tau} + \frac{\partial \psi^n}{\partial y} \frac{\partial \omega_1^{n+1}}{\partial x} - \frac{\partial \psi^n}{\partial x} \frac{\partial \omega_1^{n+1}}{\partial y} = \frac{1}{\text{Re}} \Delta \omega_1^{n+1} \quad (21)$$

$$\Delta \psi_1^{n+1} = -\omega_1^{n+1}, (x, y) \in D.$$

$$\psi_1^{n+1} \Big|_{\gamma_1} = 0, \frac{\partial \psi_1^{n+1}}{\partial \bar{n}} \Big|_{\gamma_1} = 0, \psi_1^{n+1} \Big|_{\gamma_2} = 1, \frac{\partial \psi_1^{n+1}}{\partial \bar{n}} \Big|_{\gamma_2} = 0, \quad (22)$$

Построим равномерную сетку в области

$$D_h = \{(x_i, y_j), x_i = (i-1)h_1, y_j = (j-1)h_2, i = 0, 1, \dots, n_1, j = 0, 1, \dots, n_2, h_1 = l_1 / (n_1 - 1), h_2 = l_2 / (n_2 - 1)\} \quad D$$

Предположим что внутренняя подобласть D_0 является прямоугольником $D_{0h} = \{(x, y), x_{k1} \leq x \leq x_{k2}, y_{m1} \leq y \leq y_{m2}\}$ $x_i = (i-1)h_1, y_j = (j-1)h_2, i = 0, 1, \dots, n_2$ узлы равномерной сетки построенной в области D . Рассмотрим область D_1 охватывающий область D_0 , т.е. $D_0 \subset D_1$. $D_1 = \{(x, y), x_{k3} \leq x \leq x_{k4}, y_{m3} \leq y \leq y_{m4}\}$.

Рассмотрим разностный аналог условия (17) и подставляя разложение вида (18) получим следующее уравнение для определения $\lambda^{(n+1)}$.

$$M\lambda^{(n+1)} = N \quad (23)$$

где

$$M = \sum_{j=m3}^{m4} \left[\psi_{1,x,k3,j}^{n+1} / \tau + 0.5\omega_{1,k3+1,j}^{n+1} \psi_{\dot{y},k3,j}^n + 0.5\omega_{1,k3,j}^{n+1} \psi_{\dot{y},k3+1,j}^n - \frac{1}{\text{Re}} \omega_{1,x,k3,j}^{n+1} - \beta g \theta_{k3+1/2,j}^{n+1} \right] h_2 +$$

$$\sum_{i=k3}^{k4} \left[\psi_{1,\bar{y},i,m4}^{n+1} / \tau + 0.5\omega_{1,i,m4-1}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m4}^n + 0.5\omega_{1,i,m4}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m4-1}^n + \frac{1}{\text{Re}} \omega_{1,\bar{y},i,m4}^{n+1} \right] h_1 -$$

$$\sum_{j=m3}^{m4} \left[\psi_{1,x,k4,j}^{n+1} / \tau + 0.5\omega_{1,k4+1,j}^{n+1} \psi_{\dot{y},k4,j}^n + 0.5\omega_{1,k4,j}^{n+1} \psi_{\dot{y},k4+1,j}^n - \frac{1}{\text{Re}} \omega_{1,x,k4,j}^{n+1} - \beta g \theta_{k4+1/2,j}^{n+1} \right] h_2 - \quad (24)$$

$$\sum_{j=k3}^{k4} \left[\psi_{1,\bar{y},i,m3}^{n+1} / \tau + 0.5\omega_{1,i,m3-1}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m3}^n + 0.5\omega_{1,i,m3}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m3-1}^n + \frac{1}{\text{Re}} \omega_{1,\bar{y},i,m3}^{n+1} \right] h_1,$$

$$N = \sum_{j=m3}^{m4} \left[-\psi_{0,x,k3,j}^{n+1} / \tau - \psi_{x,k3,j}^n / \tau + 0.5\omega_{0,k3+1,j}^{n+1} \psi_{\dot{y},k3,j}^n + \right.$$

$$\left. + 0.5\omega_{0,k3,j}^{n+1} \psi_{\dot{x},k3+1,j}^n - \frac{1}{\text{Re}} \omega_{0,x,k3,j}^{n+1} - \beta g \theta_{k3+1/2,j}^{n+1} \right] h_2 +$$

$$\sum_{i=k3}^{k4} \left[\psi_{0,\bar{y},i,m4}^{n+1} / \tau - \psi_{\bar{y},i,m4}^n / \tau + 0.5\omega_{0,i,m4-1}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m4}^n + 0.5\omega_{0,i,m4}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m4-1}^n + \frac{1}{\text{Re}} \omega_{0,\bar{y},i,m4}^{n+1} \right] h_1 +$$

$$\sum_{j=m3}^{m4} \left[-\psi_{0,x,k4,j}^{n+1} / \tau - \psi_{x,k4,j}^n / \tau + 0.5\omega_{0,k4+1,j}^{n+1} \psi_{\dot{y},k4,j}^n + \right.$$

$$\left. + 0.5\omega_{0,k4,j}^{n+1} \psi_{\dot{x},k4+1,j}^n - \frac{1}{\text{Re}} \omega_{0,x,k4,j}^{n+1} - \beta g \theta_{k4+1/2,j}^{n+1} \right] h_2 +$$

$$\sum_{i=k3}^{k4} \left[\psi_{0,\bar{y},i,m3}^{n+1} / \tau - \psi_{\bar{y},i,m3}^n / \tau + 0.5\omega_{0,i,m3-1}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m3}^n + 0.5\omega_{0,i,m3}^{n+1} \psi_{\dot{x},i,m3-1}^n + \frac{1}{\text{Re}} \omega_{0,\bar{y},i,m3}^{n+1} \right] h_1 \quad (25)$$

Рассмотрим метод фиктивных областей [6] для решения задачи (10)-(17)

$$\frac{\partial \omega^\varepsilon}{\partial t} + \frac{\partial \psi^\varepsilon}{\partial y} \frac{\partial \omega^\varepsilon}{\partial x} - \frac{\partial \psi^\varepsilon}{\partial x} \frac{\partial \omega^\varepsilon}{\partial y} = \frac{1}{\text{Re}} \Delta \omega^\varepsilon + Gr \frac{\partial \theta^\varepsilon}{\partial x} - \text{div}(k(x, y) \nabla \psi), \quad (26)$$

$$\Delta \psi^\varepsilon = \omega^\varepsilon \quad (27)$$

$$\frac{\partial \theta^\varepsilon}{\partial t} + \frac{\partial \psi^\varepsilon}{\partial y} \frac{\partial \theta^\varepsilon}{\partial x} - \frac{\partial \psi^\varepsilon}{\partial x} \frac{\partial \theta^\varepsilon}{\partial y} = \frac{1}{\text{Re Pr}} \Delta \theta^\varepsilon \quad (28)$$

$$\psi^\varepsilon \Big|_{\gamma_1} = 0, \quad \frac{\partial \psi^\varepsilon}{\partial \vec{n}} \Big|_{\gamma_1} = 0, \quad (29)$$

$$\theta^\varepsilon = \beta_l(x, y, t), \quad (x, y) \in \gamma_l, \quad l = 1, 2, \quad t \in (0, T] \quad (30)$$

где

$$k(x, y) = \begin{cases} 1, & (x, y) \in D_0 \\ 0, & (x, y) \in D / D_0 \end{cases} \quad (31)$$

Численные расчеты. Выше изложенными двумя методами численно решена тестовая задача (1)-(6) для уравнений Навье-Стокса вязкой несжимаемой жидкости в переменных функция тока, вихрь скорости в приближении Бусинеска.

В качестве численных результатов представлены распределения температуры и функции тока. Результаты получены при различных размерах полости, температурных режимов на границе, и значений определяющих течение безразмерных параметров –

числах Грасгофа Gr и Прантля Pr . Результаты численных расчетов представлены с помощью современного графического редактора Tecplot.




Рисунок 1 - Изолинии функций тока. Размер полости 1.0×1.0 на внутренних границах $\theta = 0.5$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 2 - Изотермы. Размер полости 1.0×1.0 на внутренних границах $\theta = 1$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 3 - Изолинии функций тока. Размер полости 1.0×1.0 на внутренних границах $\theta = 0.5$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 4 - Изотермы. Размер полости 1.0×1.0 температура правых частей границ $\theta = 0.5$, левых частей $\theta = -0.5$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 5 - Изолинии функций тока. Размер полости 1.0×1.0 на внутренних границах $\theta = 0.5$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 6 - Изотермы. Размер полости 1.0×1.0 на внутренних границах $\theta = 1$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 7 - Изолинии функций тока. Размер полости $1.0*1.0$ на внутренних границах $\theta = 0.5$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.




Рисунок 8 - Изотермы. Размер полости $1.0*1.0$ температура правых частей границ $\theta = 0.5$, левых частей $\theta = -0.5$, $Pr = 5.39$, $Gr = 100$.

В расчетах использовалась равномерная сетка размерами 101×101 , 501×501 . Проведения вычислительного эксперимента на мелкой сетке на персональном компьютере Pentium 4 практически невозможно, из-за требуемой большой объем оперативной памяти, поэтому численный эксперимент был проведен на суперкомпьютере URSA на базе 128 четырехядерных процессоров Intel® Xeon® серии E5335 2.00GHz при КазНУ им. аль-Фараби.

Первый метод основан на построении разностной задачи в переменных функция тока и вихрь скорости с использованием условия однозначности давления. Это условие позволяет определить коэффициент, который используется в формуле (18). Решения для функции тока и вихря скорости находится как сумма двух простых задач. Разработанный алгоритм равномерно сходится при определенном количестве итерации, и с помощью разработанного численного алгоритма получаются более точные результаты. Численные результаты данного метода представлены на рисунках 1-4.

Второй подхода к решению поставленной задачи методом фиктивных областей с продолжением по младшим коэффициентам. Решение задачи находится с точностью ε . Данный метод является простым в реализации и не требует удовлетворения условия однозначности давления. На рисунках 5-8 представлены результаты поставленной задачи методом фиктивных областей с продолжением по младшим коэффициентам.

1. Фром Дж. Неустойчившееся течение несжимаемой вязкой жидкости. Вычислительные методы в гидродинамике. М.: Изд-во МГУ, 1967. С. 343-381.
2. Суд Элрод. Численное решение уравнений Навье-Стокса в двусвязных областях для течения несжимаемой жидкости // Ракетная техника и космонавтика. 1974. Т. 12. №5. С. 76-82.
3. Сироченко В. П. Численное моделирование конвективных течений вязкой жидкости в многосвязных областях // Труды Международной конференции RDAMM-2001, 2001. Т. 6. Ч. 2, Спец. выпуск. С. 554-562.
4. Adlam J.H. Computation of two-dimensional time-dependent natural convection in a cavity where there are internal bodies. // Computers and Fluids. 1986. Vol. 14. N2. P. 141-157.
5. Ладыженская О.А. Математические вопросы динамики вязкой несжимаемой жидкости. // Издательство. Наука. 2-е издание. 1970.

6. Смагулов Ш.С., Темирбеков Н.М., Камаубаев К. Моделирование методом фиктивных областей условия для давления в задачах течения вязкой жидкости // Сиб. журн.вычисл. мат. 2000. Т. 3, №1. С. 57-62

ӘОЖ 378.147: 651

Г.Т. Тоққұлова, Г.Б. Жунусова, Г.Ж. Ниязова, Ү.Р. Рахмет, К.М. Беркімбаев

ЖАҢА ТҮРПАТТЫ МҰҒАЛІМНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

(Түркістан қ., Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті)

«Жаңа түрпатты мұғалімнің ақпараттық құзырлығын қалыптастыру бағыттары» атты мақалада жаңа түрпатты мұғалім ұғымы талданып, өзіндік даму, болашақ маманның ұдайы кәсіби жетілуі қажеттілігі теориялық тұрғыда негізделген. Жаңа түрпатты мұғалімнің ақпараттық технология құралдарын кәсіби іс-әрекеттеріне пайдалану даярлығын қалыптастырудың психологиялық аспектілері келтірілген. Болашақ мұғалімде қалыптастырылуы тиіс кәсіби іскерліктер мазмұны айқындалып, олардың ақпараттық құзырлықты қалыптастырудағы рөлі анықталған. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында ақпараттық құзырлығы қалыптасқан жаңа түрпатты мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің құрамына енетін компоненттер баяндалған. Теориялық талдаулар негізінде жаңа түрпатты мұғалімнің ақпараттық құзырлығын қалыптастырудың негізгі бағыттары ұсынылған.

В статье рассматривается саморазвитие и потребность непрерывного профессионального совершенствования будущего специалиста. Даны психологические аспекты формирования подготовки использования информационных технических средств для профессиональной деятельности учителем новой формации. Определены содержание профессиональных умений будущего учителя и их роль в формировании информационной компетентности. Рассмотрены компоненты, входящие в состав в профессиональной деятельности учителя новой формации в условиях информатизации образования. Предложены основные направления формирования информационной компетентности учителя новой формации на основе теоретического анализа.

In the article «The directions of development of informational competence of teachers of the new formation» is considered self-development and the need for continuous training of the future specialists. The psychological aspects of the formation of the preparation using of informational technology resources for professional activity of a teacher of the new formation are given. The content of professional skills of future teachers and their role in the formation of informational competence are defined. The components included in the professional activity of a teacher of a new formation in the conditions of informatization of education are considered. The basic directions of development of informational competence of teachers of the new formation on the basis of the theoretical analysis.

Түйін сөздер: жаңа түрпатты мұғалім, өзін-өзі дамыту, ақпараттық технологиялар, іскерліктер, құзыр, ақпараттық құзырлық.

Ключевые слова: учитель новой формации, саморазвитие, информационные технологии, умения, компетентность, информационная компетенция.

Keywords: the teachers of the new formation, self-development, informational technology, competence, informational competence.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту саласындағы өзгерістер жалпы білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуде білім берудің мақсатын және жоспарланған нәтижелерін қайта қарауды талап етеді. Жедел дамып отырған технологиялар заманында білім берудің басты ұстанымы «өмір бойы білім алу, өзін-өзі жетілдіруі» болып отыр. Жалпы білім беру сипаты мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімін, саяси құрылымымен, тарихи-мәдени, ұлттық ерекшелігімен анықталады. Қазіргі кезде білім беру саласында жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлаудағы жаңа басымдықтар белгіленуде. Сондықтан, жоғары оқу орындарының қызметіне бағдарланған заңды құжаттарда келесі міндеттер айқын көрсетілген:

- кең көлемді іргелі білімге ие, бастамашыл, еңбек нарығы мен технологияның өзгермелі талаптарына бейімделуге қабілетті жаңа формациядағы мамандар даярлау;
- білім беру үдерісін демократияландыру арқылы бүкіл жоғары білім беру жүйесінде сапалы білім беру қызметін ұсыну мотивін күшейту;
- жекелеген жоғары оқу орындарын халықаралық аккредитациядан өтуге даярлау, элиталық жоғары оқу орындарын дамытудың нақты шарттарын құру;
- жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа ұстанымдары мен практикасын қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау жүйесін ендіру және ЖОО автономдылығын (дербестігін) көтеру;
- студенттердің сапалы білім алу құқығын жетілдіру, жоғары оқу орындары басшылығының сапалы білім беру қызметіне жауапкершілігін анықтайтын механизмдерді жасау және ендіру;

Жас мамандардың еңбекпен қамтылу мәселесін шешудің қазіргі заманғы тәсілдерінің бірі бітірушінің кәсіби ғана емес мекеменің нағыз бастамашыл мамандарға деген қажеттілігін қанағаттандыратын жеке тұлғалық мінездемесін ескере отырып, тұлғалық-бағдарланған еңбекпен қамту ұстанымын іске асыру болып табылады. Маманның бәсекеге қабілеттілігі ерекше рөл атқарады.

Бәсекеге қабілетті маман – бұл анықталған тұлғалық сапалары бар және кәсіби міндеттерді шешу әдістерінің түрлі жолдарын меңгеру арқылы түрлі өзгермелі жағдайларда қойылған мақсатқа жету қабілеті бар маман.

Бітіруші түлектердің білімділік деңгейіне түрлі әлеуметтік жекебастылық мәселелерді шешуге қабілетті, азаматтық тұғыры бар, кәсіби мәдениеті жоғары, жоғары кәсіби мәдениет деңгейінде ұжымда жұмыс істей білетін; бүкіл белсенді өмір қызметінде өз бетімен шығармашылық пен жаңа білімдерді игеру дағдылары мен қажеттілігі, өзін-өзі жетілдіру және дамытуға қабілетті жаңа тұрпатты маман даярлау талабы қойылады.

Қоғам өзгерісіне байланысты «жаңа типті мұғалім», «жаңа буын мұғалімге» деген қажеттіліктер пайда болып, ол мұғалім профессиограммасына өзгерістер енгізіп отырды. Білім мазмұнын жаңарту мемлекеттік білім стандарттары арқылы жүзеге аса бастады.

Жаңа тұрпатты мұғалім ұғымы соңғы жылдары жарияланған ресейлік, қазақстандық педагогика оқулықтарында, ғылыми зерттеулерде «жаңа типті мұғалім», «мұғалім идеалы», «шебер мұғалім» түрінде берілсе, «жаңа тұрпатты мұғалім» термині ешбір диссертациялық зерттеуде кездеспейді. «Жаңа тұрпатты мұғалім» ұғымының семантикасы мен атқаратын қызметі жаңаша. Ең алдымен теориялық тұрғыда негізделген бұл ұғым білім беру стандарттарымен бір деңгейде дамып отыру керектігіне назар аударуымыз керек. Терминнің семантикасы ақпараттық технологиялармен тығыз байланыста қарастырылуы қажет.

Жаңа тұрпатты мұғалім пәндік салаға қатысты білім мазмұнын үздіксіз игеріп отыратын, ұйымдастыру, жобалау қабілетімен бірге жеке тұлғалық және кәсіби маңызды қасиеттері бар, ақпараттық технологияларды меңгерген құзыретті тұлға.

«Өзін-өзі дамыту» ұғымын бүгінгі таңда философия мен социологияда, педагогика мен психологияда маңызды орны бар шығармашылық ойлау процесінің негізгі ұғымына айналып отыр. Әр тарихи кезең «өзін-өзі дамыту» ұғымын түсіну мен мағынасын ашуда өзіндік үлесін қосып отырады.

Л.Н. Куликова пікірінше, адамның қызығушылығы өзіндік дамуында философиялық тұрғыда, оның қалыптасу процесінің негізі болып табылады. Бір жағынан бұл – туа біткен қабілетке негізделген (биологиялық қалыптасуы) процесс. Екінші жағынан, ол – қоршаған орта әсері, алған тәрбиесі, даму деңгейі, жеке тұлға әсері, жеке тұлғалық факторлар мен адамның ерік-жігеріне, алға қойған масаты мен өмірдегі құндылықтарымен тікелей байланысты. Адам өмір бойы өзіндік даму жағдайында болады. Ересек адам үшін бұл процесс түрлі бағытта жүруі мүмкін – саналы, жүйелі, мақсатты түрде өзін жаңартумен қатар, саналы түрде регрессивті өзгерістерге кетуі мүмкін. Өзіндік даму адамның басқа мәдениетке бой алдыру факторы ретінде де қарастырылады [1].

Өз бетінше ойлай білу, қиын динамикалық жағдайларда жол таба білу – қазіргі заман мұғаліміне тән кәсіби бейне. Ойлау процесінің әрдайым педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталуы, білімдер комплексінің маңызды болуы, мұғалімнің кәсіби мінез-құлқы мен әрекетіне өзіндік сипат береді. Бүгінгі мұғалім - балаларға білім беруші ғана емес, сонымен бірге олардың жаңадан ғана қалыптасып келе жатқан сана-сезімін жоғары дәрежедегі рухани байлықтарымен байытушы, балаларда қоғамдық пайдалы еңбекке деген қажеттілікті оятушы, олардың өз бетінше жаңалық ашуға, жаңалық жасауға үйретуші әлеуметтік белсенділігі бар жеке адамды тәрбиелеуші. Сондықтан мұғалім оқушылардан осы қасиеттерді көру үшін, ең алдымен, осындай жақсы жақтарды өз бойында тәрбиелеуі тиіс. Мұғалім ешбір қажымайтын, өз ісін сүйетін, өзінің шығармашылық деңгейін әрдайым молайтып отыратын мамандық иесі [2].

Кез келген бәсекеге қабілетті маман ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникативтік технология құралдарын қолдануға психологиялық тұрғыдан дайын болуы қажет: ақпараттандыру бағдарламасы негізінде кәсіби-еңбек үдерісін ұйымдастыру; кәсіби еңбек іс-әрекеттеріне ақпараттық-коммуникативтік технология құралдары мен интерактивтік тақтаның мүмкіндіктерін қолдану; электрондық-дидактикалық нұсқауларды жұмыс ерекшеліктеріне сай қолдану; ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы жұмысты жетілдіру, заманауи технологияларды кәсіби іс-әрекетіне енгізу және оның тиімділігін анықтау; кәсіби іс-әрекет үдерісін ақпараттық-коммуникалық тұрғыдан қамтамасыз етуді автоматтандыруда өзінің білімі мен біліктілігін жетілдіру; кәсіби-еңбек іс-әрекеті үдерісінде қолданатын АКТ құралдары мен интерактивтік жабдықтарға экономикалық-эргономикалық тұрғыдан бағалау жүргізу; ақпараттық білім ортасында өзіндік білім алу мен кәсіби іс-әрекеттерін жобалау және ақпараттарды өңдеу.

Жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық технология құралдарын кәсіби іс-әрекеттеріне пайдалану даярлығын психологиялық тұрғыдан мына түрде бөліп көрсетуге болады:

- жаңа тұрпатты мұғалімнің мамандарының ақпараттық-коммуникативтік технологияны меңгеруге деген қызығушылығын зерттеу;
- кәсіби іс-әрекеттерін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (білім беруде) пайдалануға деген ынтасын қалыптастыру;

- болашақ жаңа тұрпатты мұғалімнің мамандарының ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдарын меңгеруге, оларды кәсіби-еңбек іс-әрекетінде пайдалануға даярлығын қалыптастыру;

- болашақ жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық технология құралдарын кәсіби-еңбек іс-әрекетіне пайдалануға әсерін зерттеу дағдысын қалыптастыру;

- ақпараттық құралдарымен жұмыс жасауда жеке тұлғаның қажеттілік параметрлерін айқындау;

- ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ жаңа тұрпатты мұғалімнің білім сапасын арттыруға деген ықпалын зерттеу дағдысын қалыптастыру және т.б.

Көрсетілген құраушылар болашақ жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық-коммуникативтік технологияны кәсіби іс-әрекетінде қолданудың психологиялық аспектілері әртүрлі екендігі сипаттайды.

Мұғалім жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі және ұстаздық шеберлігі жоғары болуы үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды меңгеруі тиіс. Өйткені педагогтік іс-әрекет өте динамикалық жүйе, оның өзіндік арнайы құрылымы бар. Олар бірнеше бөліктерден тұрады: танымдылық, құра білушілік, коммуникативтік (қарым-қатынас), ұйымдастырушылық, хабарлама және зерттеушілік іс-әрекеттер мен дағдылар.

Танымдылық іскерлік, ең алдымен, жеке бастың интеллектуалдық мүмкіндігі, мамандық еңбегінің негізі болып саналады. Танымдылық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т.б. психикалық қасиеттерінің бірлікте дамуы қажет. Мысалы, адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, шиеленіскен жағдайда дұрыс жол таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасауы, салыстыру, сәйкестігін ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет. Бұл қасиет, сапалар үнемі жаттығу, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, оқу, білім алу, еңбек процесі барысында тұтас қалыптасатын іскерлік.

Құра білу (конструктивтік) іскерлігі - оқу-тәрбие жұмысын модельдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктеп алумен сипатталады. Оқушылардың жас дара ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретті ұйымдастыра білу. Бұл іскерлікті меңгеру үшін интеллектуалдық қасиет, қабілет қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алдымен ойлау, салыстыру, болжам жасау, технологиялық, логикалық ойлау қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан құра білу іскерлігі танымдылық іскерлікпен ұштасып жататын қасиет.

Қарым-қатынас іскерлігі – бұл мұғалімнің педагогикалық процестің басында адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Коммуникативтік іскерлікті тәрбиелеу үшін, адам ең алдымен, басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта, түсіндіре білуге үйренуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін, көзқарасын, мақсатын сөйлескен, пікірлескен адамға, коллективке түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында қажет болған жағдайда, бетбұрыс жасау сияқты мүмкіндіктерді басқара білу, оң шешім таба білу. Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, тез араласа алатын жеке бастың қасиеті қалыптасады.

Хабарлау іскерлігі – жеке педагогикалық іскерлік болып бөлінеді. Көбіне қатынас құралы ретінде қарастырылады. Себебі қарым-қатынас хабарлама материалысыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Информациялық іскерлік оқу-тәрбие процесінің оптималдығын арттыруда шешуші орын алады. Оқу-білім материалын терең жан-

жақты білу, оқу әдістерін меңгеру, барлық хабарлама құралдарын пайдалану дағдысының болуын талап етеді. Бұл іскерлік мұғалімнен дауысты үйлестіре білуді, көңіл-күй сезімімен сөйлеуді, сөздің құдыретті күшін және дұрыс үнін бет қимылды меңгере білуді талап етеді. Сөйлеу, әнгімелесу, көрсете отырып түсіндіру, пікірлесу, тыңдау, сұрақ-жауап айту тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін аудару – мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне қажет іскерлік.

Ұйымдастырушылық іскерлік – бұл мұғалім еңбегінің бөлінбейтін үнемі жүріп отыратын маңызды саласы. Педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл бағыт педагогикалық іскерлікті бір-бірімен байланыстыратын іскерлік.

Ұйымдастырушылық іскерліктің өзіндік белгілері бар. Олар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмысты талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты бақылау, орындалуын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қорытындылау, бағалау, есеп беру, нақтылы объектіге зейін қоя білу, кездесетін кедергіні тез арада болдырмауға психологиялық ахуал туғыза білу, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға жағымды ықпал жасау іс-әрекеттерінен құралады.

Зерттеушілік іскерлік - әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды, ғылыми болжам жасауды, жобалау және эксперимент жүргізуді жоспарлауды, сонымен қатар мұғалім озат тәжірибені де өзінің тәжірибесінде жинақтауды, оларға шығармашылық негізінде талдау жасауды және мектеп өміріне ендіруді қамтиды. Жоғарыдағы аталған мамандыққа қажетті педагогтық іскерліктер білім шеңберін жинақтап, мұғалімнің жеке басының қасиет-сапаларын ашып беруге мүмкіндік жасайды. Мұғалімнің жеке басын сипаттайтын қасиеттер: кәсіби бағыттылығы, ғылыми көзқарасы, идеялық сенімі, саяси-қоғамдық азаматтық белсенділігі, адамгершілік гуманистік қатынасы.

Жоғарыда баяндалған іскерліктерді кәсіби деңгейде қалыптастыру болашақ маманның кәсіби құзырлығының негізгі құраушы элементтерінің бірі ақпараттық құзырлықты қалыптастыруға негіз болады.

Қоғамның дамуы, кешенділігі, қоғам қызметінің кең өлшемділігі білім беру мақсатын өзгерту мәселесін өткір қояды. Соңғы онжылдықта білім беру нәтижелерін бағалау «кұзыр», «кұзырлық», «ақпараттық құзырлық» түсініктеріне шұғыл бағдарлауды қажет етіп, білім беру үдерісін құзырлық тәсіл негізінде ұйымдастыруды ұсынады.

Құзырлық - тиімді іс-әрекет жасауда қамтамасыз етілетін адамның саналы түрде меңгерген білім, іскерлік, тәжірибелік қатынас әрекеттері. Танымдық оқу әрекетінде оқушылардың «жасай аламын» деген амалдары өз-өзін саналы түрде сезінуімен, рефлексиялық әрекет жасайтынымен байланыстырылып жүргізілсе анық жарияланады. Құзырлықты жеке тұлғаның өзара байланыста болатын қасиеттері (білім, іскерлік, дағды, қатынас) жиынтығын игеру деп ойласақ, білім алудың нәтижесінде қалыптасқан, кез келген өмірлік жағдайда пайдаланатын әрекеттері деп қорытуға болады.

Құзырлыққа бағдарланған оқыту маңызды тәжірибелік-бағдарланған проблемаларды шешу тәжірибесін меңгеру үрдісі болып табылады. Құзырлық мүмкіндіктер педагогикасы идеясына сүйену арқылы, құзырлық ынта-ықыласы негізінде тұлғаны дамытудың болашақ мақсаттарына сәйкес келу және бағдарлану жатады. Сонда, құзырлық қасиет – бұл білім беру нәтижесіне баса көңіл бөлетін әрекет, оның үстіне нәтиже ретінде меңгерілген ақпарат жиынтығы емес, адамның әртүрлі проблемалық жағдаяттарда өз бетімен іс-әрекет етуге қабілеттілігі анықталады. Басқаша айтқанда, құзырлықтарды меңгерген тұлғаның қабілеттерін, яғни оның қандай іс-әрекет тәсілдерін игергенін, не істей алатынын, неге дайын екенін анықтау – құзырлық қасиет жиынтығы болып табылады. Құзырлық қасиет білімдік парадигмадан

біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету әлеуетін, қабілетін көрсететін құзырлық кешенін игертуге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді [3].

Олай болса, құзырлық қасиет – бұл жаппай барлық оқу мекемелерінің және еңбек нарығының қажеттіліктерін сәйкестікке келтіруге талаптанып жасалған қадам іспеттес. Демек, қазіргі білім жүйесінде құзырлық қасиеттер – бұл, ең алдымен, білім беру мазмұнына қойылған стратегиялық және оперативтік сұраныс. Басты мәселе - білім беру жүйесінің сапасының тиімсіздігінде болып отыр. Бұл тиімсіздік білім беру жүйесінің өзінен тыс жерде маңызды нәтижелердің көзге көрінбейтіндігінен байқалады. Басқаша айтқанда, оқу мекемеде (кез келеген білім саласында) оқылғандары дәл сол кезеңде ғана қажет, ал басқа еш жерде қажет емес.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында ақпараттық-коммуникативтік құзырлығы қалыптасқан жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің құрамына енетін компоненттерді меңгеру – кез келген білім беру саласы маманының міндеті, олар: ақпараттық, зерттеушілік, интеллектуалдық, креативтік, диагностикалық, болжау, коммуникативтік, аксиологиялық, басқару бойынша, жобалау бойынша, инновациялық іскерліктер.

Біздің қарастырып отырған ақпараттық коммуникациялық құралдар негізінде жүзеге асырылатыны іскерліктердің құраушы элементтері:

- *ақпараттық іскерліктер*: ақпаратты қабылдау, жинау, таңдау, жүйелеу, талдау, түзу, жалпылау, бағалау, бейімдеу, шолу, кодтау, өзгерту және тарату т.с.с.;

- *коммуникативтік іскерліктер*: байланыс орнату, ақпараттарды алмастыру, вербалды, вербалды емес қарым-қатынас, өзара әрекеттестік жасау және т.с.с..

Ғылымда ақпараттың сапасын бағалау және оны қабылдау біліктерін дамыту, оны қолдануға таңдай білу, нақты мәселелерді шешуде әртүрлі ақпараттар көздерін таба білу, бұл қасиеттердің жеке тұлғаның бойынан табылуы ақпараттық құзырлықтың қалыптасуы болып саналады.

Ақпараттық құзырлық ақпараттық қоғам жағдайында кездесетін түрлі кәсіби және жеке тұлғалық жағдаяттар кезінде туындайтын типтік мәселелер мен мәселелерді кәсіби іскерліктер шеңберінде шеше білу біліктілігімен сипатталады. Бұған мына компоненттер кіреді: компьютерлік сауаттылық, жеке немесе ұжымдық қызметтердің қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану кезінде пайда болатын тәжірибесі, біліктілікті үнемі жетілдіру үшін қажетті ақпараттық технологияларды қолдану саласында өз бетінше оқып үйренуге дайындық, өзін кәсіпқойлық еңбекте көрсете білу білігі т.б.

Ақпараттық құзырлықта ақпараттық технологияларды меңгерту басты орында тұрады. Ақпараттық құзырлықты қалыптастыру танымдық әрекеттерге де байланысты болады.

Жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық құзырлығын қалыптастыру тиімділігін келесі бағыттарда арттыруға болады деп тұжырымдаймыз:

- маманның ақпараттық құзырлығы кәсіби-педагогикалық құзырлық аясына еніп, оларды қалыптастыру тұтас жүйе ретінде ұғынылса;

- жаңа тұрпатты мұғалім дайындауға арналған білім берудің жеке тұлғаға бағытталған әдістемелік жүйесі іске асырылса;

- ақпараттық құзырлығы қалыптастыруға бағытталған белсенді оқыту технологиялары қолданылса.

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген теориялық талдау негізінде жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық құзырлығының қалыптасуының *келесі бағыттары анықталды*:

1. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық технологияларға деген оң көзқарасын қалыптастырып, қызығушылығын туындату, ақпараттық технологияларды меңгеруге ұмтылуын қолдау;

2. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудың теориялық кезеңінде информатика курсы мен меңгерумен бірге кәсіби мақсаттарға арналған ақпараттық технологиялар сияқты таңдау пәндерін ұсыну;

3. Практикалық тапсырмаларда ақпараттық технологиялар көмегімен орындалуға тиісті шығармашылық жұмыс түрлеріне басымдық беру. Мұндай шығармашылық жұмыс нәтижелері студенттердің дербес жұмысымен қатар болашақ кәсіби қызметінде де пайдаланылады.

1. Куликова Л.Н. Воспитать себя, 1991. – 143 с.

2. Беркимбаев К.М., Мухамеджанов Б.К., Керимбаева Б.Т. To the problem of using internet technologies in forming informational-communicative competence of future specialists. Бюллетень лаборатории математического, образования и информатизации Рецензируемый сборник научных трудов Том 2. Москва 2012

3. Нышанова С.Т., Керимбаева Б.Т. To the problem of using the information and computer technology for specialist's competitive training in high school. 2nd Cyprus International Conference on Educational Research, Түркия, 2012.

ӘОЖ 378.18:378.4

К.З. Халықова

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Мақалада білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру қарастырылады. Маманның интеллектуалдық әлеуетінің маңызды құраушылары оның интеллектуалдық белсенділігі мен интеллектуалдық құзырлығы талданады.

Жоғары оқу орындарында студенттің интеллектуалдық әлеуетін дамыту кезеңдері қарастырылған. Сонымен қатар, әрбір кезеңнің мазмұны баяндалған. Электрондық портфолио студенттің интеллектуалдық әлеуетінің даму көрсеткішінің бірі ретінде қарастырылған.

В статье рассматривается формирование интеллектуального потенциала будущего специалиста как актуальная проблема образования. Проанализированы основные составляющие интеллектуального потенциала специалиста, котрыми являются интеллектуальная активность и интеллектуальная компетентность. Рассмотрены уровни развития интеллектуального потенциала студента в вузе. А также определено содержание каждого уровня. Электронное портфолио рассмотрено как один из показателей развития интеллектуального потенциала студента.

The formation of the intellectual potential of the future expert as actual problems of the education system are considered in this article. The main components of the intellectual potential of professionals are analyzed, who are intellectual activity and intellectual competence. The levels of development of the intellectual potential of the student at the university are defined. And also the content of each level is determined. Electronic portfolio is considered as an indicator of the development of intellectual potential of the student.

Түйін сөздер: инновациялық ойлау, интеллектуалдық әлеует, интеллектуалдық белсенділік, интеллектуалдық құзырлық, электрондық портфолио.

Ключевые слова: инновационное мышление, интеллектуальный потенциал, интеллектуальная активность, интеллектуальная компетентность, электронное портфолио.

Keywords: innovative thinking, intellectual potential, intellectual activity, intellectual competence, electronic portfolio.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы, бәсекеге қабілеттіліктің қалыптасуы қоғам мүшелерінің білімділік деңгейі мен инновациялық ойлау жүйелерінің деңгейлеріне тәуелді екенін бүгінгі уақыт көрсетіп отыр. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ««Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауынан елеулі орын алған [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына жан-жақты талдау жасаған академик Ғ.Есім: «**Инновациялық ойлау** жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым, жаңалық - қозғалыстың бағытын анықтайтын түсінік» дей келе, оның үш өлшемі бар екенін атап көрсетеді: «жаңа ой (идея), жаңа іс, hareket және жаңа нәтиже» [2]. Ал жаңа, тың ой Түйіндеп, оны іс-әрекет жүзінде жүзеге асырып, жаңа нәтижелерге қол жеткізетін, ақпараттық қоғамда өмір сүруге лайықты мамандар даярлау мәселесі жоғары кәсіби білім беру жүйесіне келіп тіреледі. Оның ішінде, іргелі білім негізін қалыптастыратын жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарына түсетін салмақ басым. Инновациялық ой түйіп, тұжырымдау, ең алдымен, жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетінің даму деңгейіне тәуелді.

Жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту тікелей оның **интеллектуалдық белсенділігімен** байланысты. «Белсенділік» ұғымы іс-әрекеттің алғы шарты ретінде қарастырылады. Белсенділік іс-әрекеттің маңызды қыры, оның сапасы, оның қалыптасуының, өзіндік жүзеге асырылуының, өзіндік қоғалысының динамикалық жағдайы болып табылады. Іс-әрекет субъектіден тыс болмайтындықтан, белсенділік іс-әрекетті жүзеге асыратын субъектінің маңызды сипаттамасы болып табылады [3].

Интеллектуалдық белсенділік – бұл шығармашылықтан айтарлықтай ерекшелігі бар, жете түсінілген, өнегелі бағдарланған еңбек іс-әрекеті, танымдық және мотивациялық факторлардың бірлігі.

Интеллектуалдық белсенділіктің үш сапалы деңгейі бар:

1. Ынталандыратын-өнімді (пассивті) – адам өзінің жұмыстағы міндетін адал атқара отырып, көрсетілген деңгейде немесе алғашқы табылған тәсілмен жұмыс істеу деңгейінде қалады.

2. Эвристикалық деңгей – адам интеллектуалдық белсенділік білдіреді, оған сыртқы фактор да және іс-әрекет нәтижесіне қанағаттанбағандықты білдіретін субъективті баға да әсер етпейді. Мәселені шешудің сенімді тәсілін таба отырып, мәселені талдауды жалғастыра отырып, оны шешудің жаңа, төл тәсілін табады.

3. Креативті (интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейі) – субъектінің тапқан эмпирикалық заңдылығы оған өзінің шешетін мәселесіне айналады, оны зерттеу үшін ол сырттан ұсынылған іс-әрекетті тоқтауға дайын.

Интеллектуалдық белсенділік – дәстүрлі еңбекке қабілеттіліктен ерекше, интеллектуалдық еңбекке қабілеттіліктің сипаттамасы. Интеллектуалдық белсенділікті қамтамасыз ететін негізгі фактор – қазіргі экономикаға қажетті мамандарды даярлау болып табылады.

Маманның интеллектуалдық әлеуетін сипаттайтын маңызды көрсеткіштің бірі – **интеллектуалдық құзырлық** болып табылады.

Интеллектуалдық құзырлық – бұл логикалық, әдіснамалық және жалпы оқу дағдыларын қамтитын өзіндік танымдық іс-әрекет шеңберіндегі құзырлықтар жиынтығы.

Интеллектуалдық құзырлықтың құрамын төмендегідей ерекшелеуге болады:

- мақсат қоя білу және оған жетуді ұйымдастыра білу іскерлігі, өзінің мақсатын түсіндіре білу іскерлігі;

- өзінің оқу-танымдық іс-әрекетін жоспарлау, талдау, рефлексия, өзіндік бағалауды ұйымдастыра білу іскерлігі;

- бақыланатын нысандарға сұрақ қоя білу, құбылыстың себептерін іздеу, зерттеліп отырған мәселеге қатысты өзінің түсінгендігін немесе түсінбегендігін көрсете білу;

- танымдық есептер шығара білу мен болжам қоя білу; нұсқаумен жұмыс істей білу, нәтижеге сипаттама беріп, қорытындыны тұжырымдай білу;

- компьютерлік құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, өзінің зерттеуі жөнінде жазбаша баяндау немесе ауызша айта білу іскерлігі [4].

Интеллектуалдық құзырлық жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуының қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды құраушылардың бірі болып табылады [5].

Сонымен, жеке тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру өмір бойы жүзеге асады, оның негізгі қалыптасу кезеңі университеттегі білім алу кезеңі болып табылады.

